6 Шувалов И.И. Правительство Российской Федерации в законотворческом процессе. - М.: Норма, 2004. – 144 с.

7 Научные основы правотворчества./Отв. ред. Р.О. Халорина. - М.: Юр. лит., 1981. – 317 с.

8 Закон РК от 16 апреля 2016 г. № 480. «О правовых актах». – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1021546

9 Закон Республики Казахстан от 2 ноября 2015 года № 383-V «Об общественных советах» (с изм. и доп.на 04.05.2018 г.). – Режим доступа: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=36800092 [in Russian].

10 Открытые нормативные правовые акты. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://legalacts.egov.kz/>

11 Выступление Президента РК Назарбаева Н.А. на открытии второй сессии Парламента Республики Казахстан пятого созыва. 03.09.2012 г. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.parlam.kz/ru/presidend-speech/30>

12 Постановление Правительства Республики Казахстан от 10.12.2002 года «О Регламенте Правительства Республики Казахстан» // САПП РК. 2002 г. №44.

13 Приказ министра информации и коммуникаций Республики Казахстан «Об утверждении правил размещения и публичного обсуждения проектов концепций законопроектов и проектов нормативных правовых актов на интернет-портале открытых нормативных правовых актов» от 6.04.2016 г. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=35615572

14 Правила ведения Государственного реестра нормативных правовых актов, эталонного контрольного банка нормативных правовых актов Республики Казахстан. Утв. постановлением Правительства Республики Казахстан от 29.04.2006 года №343 – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://ru.government.kz/docs/p060343~1.htm>

15 [Федеральный портал проектов нормативных правовых актов](https://regulation.gov.ru/) – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://regulation.gov.ru/>

Түйіндеме

Мақалада Қазақстан Республикасындағы заң шығару процесінде орын алатын өзекті мәселелер зерттеледі. Автор қолданыстағы заңнаманың негізінде заңшығарудың сатыларын сараптайды, яғни заң жобасының концепциясының даярлануы, заң жобасын талқылау, заңды мақұлдау және оның ресми жариялау сұрақтарына көңіл бөлген. Мақала ҚР Конституциясы, «Құқықтық актілер туралы» заңы, «Әлеуметтік кеңестер туралы» заңы, ҚР құқықтық саясаты туралы концепциясы, ҚР Президентінің халыққа жолдауы және бағдарламаларына негізделген.

Жұмыста азаматтардың және олардың бірлестіктерінің заң жобасын даярлауға қатысуы және әлеуметтік пікірді есепке алу мәселелері зерттелген. Сонымен қатар, нормативтік құқықтық актілерді дайындау және қабылдау кезінде цифрлау және жаңа технологияларды пайдалануға бөлек назар аударылған. Мақалада ҚР нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі және ашық нормативтік құқықтық актілер интернет порталының жұмыс істеу жөнінде талдау жасалған.

Автор өзекті мәселерге көңіл аударып, оның ішінде заң шығару процессін цифрлау, осы жүйедегі проблемарды көтеруге талпыныс жасаған және салыстырмалы құқықтық әдісін пайдалана отырып, заң шығару саласындағы шет елдеріндегі тәжірибиесіне талдау жасап, тұжырымдамалар және ұсыныстар қарастырған.

Summary

The article considers topical issues of legislative creation process in the Republic of Kazakhstan. The author at the same time the author tries to analyse topical problems in the relevant area, conducts comparative analysis of the international experience in legislative elaboration and applied practices in introducing laws in Kazakhstan: starting from the stage of developing the draft to intruding the law and bringing it into force. The foundation of the implemented research are norms and conditions of the Constitution of the RK, law of the RP on Legal Act, Law on Public Councils, Concepts of Legislative Policy, program articles and RK President's Annual Statement to the Public.

The article researched a question on participation of citizens and their unions in law-making. Namely, it shows what opportunities are provided for the citizens and what legislative mechanisms of public opinion accounting are provided by the legislative acts.

Particular attention is given to digitalisation and introduction of new technologies in the process of discussing and adoption of legislative acts. Ther article also researches the quetsion of functioning of sample and control bank of legislative acts and internet portal Open legislative acts data.

The author is trying to analyse topical issues in the research area. In particular, digitilisation of the process of law-making process, issues of tracking of the public opinion in the process of law-making process. Based on the results, the author makes conclutions and recommendation regarding improving of law-making process and law application practice.

ӘОЖ:378.013.42

Абдікаирова Ұ.
Философия және политология факультеті,
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
мамандығының 2-курс магистранты
Ғылыми жетекші:
п.ғ.д.,әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ профессоры
Асанов Наухан

БАКАЛАВРИАТТАҒЫ «ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ӨЗІН– ӨЗІ ТАНУ» МАМАНДЫҒЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТЕРДЕ ЗЕРДЕЛЕНУІ

Мақалада «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының білім беру бағдарламасының мазмұнын жетілдіру және еліміздегі жоғары оқу орындарындағы әлеуметтік педагогтарды кәсіби даярлау жүйесінің ерекшеліктері айқындалды. Бакалавриаттағы «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының білім беру бағдарламасының мазмұны ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан жетілдірілсе, онда болашақ мамандарды дайындаудың сапасы

арта түсер еді, өйткені мамандық бойынша дайындалған бағдарламалар жоғары кәсіби білім беру үдерісінің талабына жауап бере алады.

Бакалавриаттағы «әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының білім беру бағдарламасының мазмұнын жетілдіру және жүзеге асырудың әдістемесі» жоғары кәсіби білім беру мазмұны және оны жетілдірудің қазіргі заманауи әдістемелік мүмкіндіктері айқындалып және оны жетілдірудің жолдары қарастырылды.

Кілт сөздер: әлеуметтік педагог, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет, индивидуалистік педагогика, әлеуметтік жұмыс.

Әлемдік жаһандану үрдісі бәсекелестік пен оның сан түрлі сындарына төтеп беруді, мемлекеттілікпен тәуелсіздікті нығайтуды талап ететіндіктен, Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру» идеясын ұсынды. Осы орайда зерттеуде қарастырылып отырған негізгі мәселеге қатысты әлеуметтік педагогика ғылымында білім беру жүйесіндегі бәсекеге қабілеттіліктің негіздерін қалайтын басты арналарды айқындау мақсаты нақты қойылып отыр.

Тәуелсіз Қазақстан ұстанып отырған «бәсекеге қабілеттілік» саясаты үшін де алдымен, шет елдердегі білім беру жүйесін зерттеу, оның тиімді жақтарын қазақстандық білім беру жүйесіне бейімдей отырып енгізу, бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындап шығару «теория – практика – нәтиже» құрылымын түзуді қажетсінеді. Шындығында, бәсекеге қабілеттілік – тек бүгіннің ғана емес, болашақтың стратегиясын қамтитын маңызды мәселе. Бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау – педагогиканың басты міндеті..

Әлеуметтік сала мамандарын кәсіби даярлауға қатысты тұжырымдамаларға жасалған талдаулар тұлғалық, академиялық, әлеуметтік даярлау мәселелерін түрлі бағытта қарастырған зерттеулер қамтылды. Мәселен, қазақстандық ғалым С.С. Досанова әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің мақсатын, жұмыс істеп жатқан жүйені мәдени бағыттылық тұжырымдамасы бойынша жетілдіру қажет деп есептейді [1].

Болашақ әлеуметтік педагогтерді қиын балалармен жұмыс жасауға даярлаудың ерекшеліктері туралы зерттеген ғалым-педагог Ш.Ж. Колумбаеваның еңбегінің орны айрықша. Бұл зерттеуде болашақ әлеуметтік педагогтерді қиын балалармен жұмыс жасауға даярлауды қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары анықталған. Сондай-ақ, ғалым болашақ әлеуметтік педагогтерді қиын балалармен жұмыс жасауға кезеңдік дайындаудың мазмұны мен әдістерін тұжырымдаған.

Әлеуметтік педагогика саласын ғылыми тұрғыдан нақтылаушы ғалымдар жастарға қоршаған қоғамдық орта ықпалының зор екендігін айрықша атап көрсетеді. Р.И. Бурганова[2] диссертациялық еңбегін студент жастардың мәдени бос уақытын өткізетін аймақтағы жұмысқа әлеуметтік педагогтерді дайындаудың ғылыми негіздерін айқындауға арнады. Аталмыш зерттеуде «бос уақыт», «мәдени бос уақыт», «мәдени бос уақыт аймағындағы іс-әрекет» ұғымдарының мәні ашып көрсетілген. Зерттеу тақырыбы бойынша әлеуметтік педагогтерді дайындау біртұтас сипатта педагогикалық үдеріс кезінде қалыптасатындығы дәлелденген. Ол әлеуметтік педагогтің мәдени бос уақытты өткізуді ұйымдастырушы ретіндегі келбетін айқындаса, әлеуметтік педагогика саласындағы зерттеулер білім беру мекемелеріндегі балалар мәселесіне де бағытталуы тиістілігін, әлеуметтік-проблемалық топтарға кіретін балалар, жасөспірімдер, жастар мәселелерін зерттеу қажеттілігін де нысанаға ала отырып, мүмкіндігі шектеулі балалары бар жанұялармен істелетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыс мәселесінің теориялық және практикалық жақтарымен айналысқан К.Ш.Кумаржанова алдымен «типтік емес», «мүмкіндігі шектеулі балалар» ұғымдарының мәнін ашып көрсетіп, олармен жұмыс жасауды

жүйелілік-кешенділік жағынан бағдарлап, тұтас педагогикалық үдеріс ретінде қарастыру керектігін пайымдаған. Нәтижесінде олармен жұмыс жасаудың әлеуметтік-педагогикалық әдістемесі дайындалған. Ғалым қоғамдағы жағдайларға шолу жасай келе, әлеуметтік қызметкердің атқаратын жұмыстарының қажеттілігі және оны дайындаудың маңыздылығы жөнінде ой түйіндейді.

Қазақстанда бұрын әлеуметтік педагог мамандарын даярлау мәселесі жүйелі түрде жүзеге асырылмады. Елімізде тәуелсіздік алған кезеңнен бастап әлеуметтік педагогика, әлеуметтік жұмыс мәселелері туындауы осы саладағы қызметкерлерді дайындаудың қажеттілігін арттыра түсті. 1999 жылы жалпы білім беретін орта мектептерде әлеуметтік педагог қызметін ендіру жағдайы қолға алына бастады. Сол уақытта әлеуметтік педагогтар орта мектеп жағдайына аса қажетті болғанмен, елдегі барлық оқу-тәрбие мекемелерін әлеуметтік педагогтермен қамтамасыз ету мүмкін болмады. Сондықтан да әлеуметтік педагогтің қызметін мектеп мұғалімдері атқарды. Осы орайда зерттеуші Г.Ж.Меңлібекова ғылыми жұмысын болашақ мұғалімдерді әлеуметтік педагогикалық жұмысқа даярлаудың жүйесін негіздеуге арнады. Зерттеуде болашақ мұғалімдерді әлеуметтік педагогикалық қызметке даярлаудың ғылыми-әдіснамалық негіздері, әлеуметтік педагогикалық жұмыстың мәні мен құрылымы қарастырылған. Болашақ мұғалімдерді әлеуметтік педагогикалық қызметке даярлаудың диагностикасы мен үлгісі айқындалып, оны педагогикалық эксперимент бойынша дәйектеген.

Л.Т. Қожамқұлованың пікірінше, әлеуметтік жұмыс мәселесі –әлеуметтік жұмыс теориясының зерттеу нысанымен байланысты іс-әрекеттің бір түрі. Оларға әлеуметтену, әлеуметтік көмек, әлеуметтік қолдау, әлеуметтік реабилитация, әлеуметтік түзету, әлеуметтік бейімделу, әлеуметтік қорғау сияқты бір топ кешенді әлеуметтік байланыстарды жатқызуға болатындығын әлеуметтану тұрғысынан негіздеп, әрқайсысына жеке-жеке талдаулар жүргізді.

Қазақстандағы әлеуметтік педагогиканың әдіснамалық, теориялық және практикалық негіздерін ғалым І.Р. Халитова «Әлеуметтік педагогика» оқулығында қарастырды. Әлеуметтік педагогтің дарынды, жетім балалармен жұмысының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ашып көрсеткен. Сонымен қатар ересек адамдарға көмектесудің мазмұны, әдістері, формалары қарастырылған.

Зерттеулер көрсеткендей, ғылымда әлеуметтік педагогиканың білімнің бір саласы ретінде бөлінуі туралы әр қилы пікірлер бар. Осы орайда Р.Г. Гурова [3], Р.Г. Гурова, Е.И. Макарова [4] сынды ғалымдар «білім мен тәрбиенің барлық саласы қоғам өмірімен тығыз байланысты, сондықтан барлық педагогика әлеуметтік», - деп есептейді. *Индивидуалистік* педагогика тек қана жеке индивидпен және оны тәрбиелеу мен оқытуда жеке әсер етуші құрал ретінде есептелінуі мүмкін. Бірақ жеке индивидті басқа индивидтің тәрбиелеуі қоғамдық өмір ықпал ететін үлкен бір тәрбиеге бағынуы керек. Индивидті тәрбиелеудің негізгі жағдайы қоғам өмірімен тығыз байланысты. Олай болса, индивидуалистік педагогиканың әлеуметтік педагогикаға жүгінуіне тура келеді, өйткені соңғысының көмегімен ғана ол ғылыми әрі тәжірибелік тұрғыдан негіздеме жасай алады.

Кеңестік дәуірдің соңғы кезеңінде әлеуметтік педагогика, алдымен жалпы педагогиканың қолданбалы бір саласы, кейін әлеуметтік жұмыс және қоршаған орта педагогикасы ретінде қарастырылса, соңғы жылдардағы әлеуметтік педагогика саласындағы жетекші мамандардың зерттеулерінде бұл әлеуметтік педагогикалық білімдердің біртұтас жүйесі және практикалық әрекетке негізделген ғылыми пән ретінде қарастырыла бастады.

В.Г. Бочарова, Г.Н. Филонов, М.В. Фирсов сынды ғалымдар бұл сала дәстүрлі педагогикаға қарсы шығуды немесе оны алмастыруды көздемейді, әлеуметтенудің

барлық сатыларында индивидтің түрлі әсерлерден болатын мәселелерін кешенді түрде шешу мен зерттеуге бағытталған ғылыми білімнің жаңа саласы болып табылады, - деген түйіндеулерін ұсынады.

Көптеген авторлар, жалпы алғанда педагогиканы адамдарды оқыту мен тәрбиелеу туралы ғылым деп түсіндіреді .

Жалпыдан жекеге өту қағидасы бойынша, педагогикалық парадигма шеңберінде әлеуметтік педагогиканы зерттеумен айналысатын ғалымдар, бұл ғылыми пәнге төмендегідей анықтамалар берген.

«Әлеуметтік педагогика, - деп көрсетеді белгілі ғалым А.В. Мудрик , - әлеуметтену аясында әлеуметтік тәрбиені зерттейтін білім саласы» [5]. Ал, М.А. Галагузова әлеуметтік педагогиканың нысаны мен пәнін өзі бөлініп шыққан педагогикамен салыстыра отырып анықтауға тырысқан. Оның пікірінше, педагогиканың зерттеу нысаны бала, ал зерттеу пәні – баланы тәрбиелеу мен білім берудің заңдылықтары болып табылса, әлеуметтік педагогиканың нысаны ретінде бала, ал зерттеу пәні – оның әлеуметтену заңдылықтары болып табылады [6].

Бұл анықтамалардан әлеуметтік педагогиканың дамуында педагогика ғылымы мен оның құрамдас бөлігі әлеуметтік педагогикаға ортақ қасиеттер мен байланыстарды қалыптастыратын педагогикалық парадигма басым рөл атқаратындығын түсінуге болады. Мәселен, Р.А. Литвак әлеуметтік педагогиканы әлеуметтік білім, әлеуметтік тәрбие, әлеуметтік психология арасын байланыстырушы, ал оның іс -әрекет нысаны адамдардың тіршілігі мен келер ұрпақтың тәрбиесі болып саналатын микроорта – деп есептейді [7].

Әлеуметтік педагогиканың өз бетінше жеке ғылыми пән ретінде қалыптасуы жаңа қоғамның жаңа әлеуметтік тапсырыстарын орындай алуынан айқын байқалады. Өйткені дәстүрлі педагогиканың мүмкіндіктері шектеулі. Ал әлеуметтік-педагогикалық жүйенің іс- әрекет барысындағы даму динамикасы әлеуметтік педагогиканың негізгі парадигмаларын анықтауға мүмкіндік берді. Сондықтан әлеуметтік педагогиканы педагогиканың жеке саласы ретінде қарастыруға толық негіз бар, – дейді ғалымдар.

Тарихи талдаулар – әлеуметтік педагогика саласының адамдардың тәжірибелік іс- әрекеті мен санасын бүтіндей өзгерту арқылы қоғамтануға, сондай-ақ барлық гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндердің құрылымына ғылыми төңкеріс жасағандығын көрсетіп отыр. Әлеуметтік педагогиканың жеке сала екендігіне, әлеуметтік-педагогикалық білімнің қажеттілігі мен даму қарқыны да дәлел бола алады. Бұл орайда, әлеуметтік педагогикасының бөлінуіне назар аударған жөн.

Әлеуметтік педагогика мен әлеуметтік жұмыс педагогикасы синоним сөздер деген пікірлерді ғылыми басылымдардан жиі кездестіруге болады. Мысалы, бір топ ғалымдар Г.Н. Филонованың жетекшілігімен ғылыми білімнің саралану үрдісіне талдау жасай отырып, «әлеуметтік педагогика ескі мен жаңаның арасындағы шекарада орналасқан, ол ғылыми білімнің барлығы мойындаған бір саласы әлеуметтік жұмыс педагогикасы болып табылады»– деген [8]. Мұндай тұжырымнан алдыңғы немесе кейінгі ұғымдардың мәні мен олардың арақатынасын толық түсінбеу орын алады, бұдан «әлеуметтік жұмыс – әлеуметтік педагогиканың бір бөлігі ғана» – деген теріс пікір қалыптасады. Бұл зерттеу саласы мен оның практикалық іс-әрекетінің өзгеруіне әкеліп соғады.

Ал, Н.М. Таланчук әлеуметтік жұмысты жеке, әлеуметтік, белгілі бір жағдайдағы қиыншылықтардан шығу және олармен күресу (жеңу) үшін көмектесу, қорғау, түзету, реабилитация арқылы адамдарға, мекемелерге көмек беретін кәсіби іс-әрекет ретінде қарастырады [9].

Жалпы педагогика ғылымы мен әлеуметтік педагогиканың әдіснамасын байланыста қолдану арқылы әлеуметтік педагогиканың оның бір саласы ретіндегі орны анықталды.

Аталған парадигмалық білімнің қалыптасуына тікелей себепші болған аналогия, яғни жалпы педагогиканың байланыстары мен қасиеттерін педагогика ғылымының бөлшектеріне тасымалдау, бұл жерде «адамның ортада өмір сүруі мәселелерін зерттейтін, білімнің гуманистік саласы – әлеуметтік педагогикаға» қатысты қарастырылады.

Бұл жерде әлеуметтік педагогиканы әлеуметтік орта педагогикасымен байланыстыра қарастыру орын алып отыр. Әлеуметтік педагогика әлеуметтенумен, әлеуметтік жұмыс арқылы тығыз байланысады, бұл өз кезегінде әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік педагогиканың өзара байланысы туралы айтуға толық негіз жасайды, бірақ бұдан әлеуметтік педагогиканың мәселелерін тек әлеуметтік жұмыс мәселесінен іздеу қажет деген ой тумаса керек, ол әлеуметтік іс-әрекетке де қатысты.

Осыдан әлеуметтік іс-әрекеттің мәнін педагогикалық тұрғыдан ашып көрсету қажеттілігі туындайды.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің мәні жағынан өзі бөлініп шыққан педагогикалық іс-әрекетке өте жақын деп есептейміз, алайда оның өзіндік ерекшеліктері бар екендігін де ұмытпауымыз керек. Әлеуметтік – педагогикалық және педагогикалық іс-әрекеттерді салыстыра отырып, М.А.Галагузова отбасы мен мектептің баланың дамуы мен тәрбиесін толық қамтамасыз ете алмаған жағдайда әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетке деген қажеттілік пайда болады»-дейді. Барлық балаларға бағытталған педагогикалық іс-әрекеттен әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің айырмашылығы сол, ол арнайы ерекшеліктерді есепке ала отырып, оған өз мәселелерін өз бетінше шешуге көмектесуге бағытталады. Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет мәселенің шешілу мерзіміне орай шектеулі, локальды.

Қазақстандық ғалым С.С. Досанова[10]. әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет тәрбиелік сипаттағы тәрбиелік шаралар жүйесі; социумдағы қатынастарды гуманитарландыруға бағытталған педагогикалық және әлеуметтік әрекеттер, жаһандық білім қағидалары негізінде қоршаған ортаны өзгерту мен сауықтыру; мектеп оқушысына адамгершілік, психикалық, интеллектуалдық және әлеуметтік тұрғыдан дамуына көмектесу; адамның өмірлік мәні бар қажеттіліктерін қанағаттандыру мен оның әлеуметтік мәселелерін шешу» деп түсіндіреді.

Белгілі ғалым М.А. Галагузова әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің мәнін, «бір жағынан, тұлғаның дамуы; екінші жағынан, педагогикалық орта негізінде жүзеге асырылатын социомәдени бейімделу мен өз мүмкіндіктерін көрсетуде адамдардың, топтардың, ортаның қарым-қатынасын үйлестіру» деп көрсетеді.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет нысанының мәселелері көп жағдайда ішкі (тұлғалық) және сыртқы аспектілерден тұрады. Бұл жөнінде ол төмендегідей пікір білдірген: «Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет екі құрамдас бөліктен: бірінде тікелей баламен жұмыс жасалады, екіншісінде баланың әлеуметтік мәдени қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін қоршаған ортамен қарым қатынасында делдал қызметін атқарады».

Әлеуметтік педагогиканың парадигмаға дейінгі кезеңнен парадигмалық білімнің қалыптасуы кезеңіне дейінгі бүгінгі дамуын есепке ала отырып, әлеуметтік педагогтің зерттеушілік, жоғары әдіснамалық мәдениетінің қалыптасуы олардың түрлі әлеуметтік жүйелерде, мамандардың тәжірибелік іс-әрекетінде жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық үдерістерді дәл көрсете білуіне ықпал етеді деп болжауға болады.

Түрлі идеялардың даму барысында адамдардың өмір сүру сапасын арттыру мен қоғамдық қатынастарын жақсартуға бағытталған бірыңғай кіріктірілген, біртұтастық тұжырымдамасын құру үшін бағдарланған әлеуметтік педагогиканың даму теориясының жалпы бағыттары белгілі болады деп есептеуге болады.

Қоғамды жаңартудың стратегиялық жаңа бағыттары білім беру ісінің рөлін айтарлықтай өзгертті, экономика, саясаттану, мәдениет сынды салалардың дамуында ғылым мен білімнің үлес салмағын жоғарылатты. Осы орайда мемлекеттің, қоғамның, әрбір адам мен отбасының тапсырмасын орындай отырып, әлеуметтік тәжірибеге белсенді ықпал етуге тиісті әлеуметтік педагогиканың мәні, қызмет ету аймағы, міндеті кеңейді әрі сапалық тұрғыдан жаңа белеске көтерілді.

Демек, әлеуметтік педагогика пәнін «қоғамның маңызды бөлігі ретінде адамның алатын орнынан, соны талдаудан тұрады». Әлеуметтік педагогика адамның ең алдымен, рухани байлық, адамгершілік, гуманизм сынды әлеуметтік сапалар жүйесін қарастырады. Бұл сапалар өмірлік іс-әрекеттердің түрлі салаларында көрініс береді. Адамның рухани дүниесінің құрамдас бөлігі білімділік, мәдениеттілік, сенімділік, гуманистік қасиеттер болып табылады.

Профессор В.Г.Бочарованың [11] редакциясымен жазылған «Әлеуметтік педагогика» деп аталатын монографиясында әлеуметтік педагогиканың пәні мен нысаны және әлеуметтік-педагогикалық теорияның төменде көрсетілгендей міндеттері нақтыланып, көп жылдар бойы пікірталастарын тудырған күңгірт мәселелерге қатысты түйін жасалған. «Ол міндеттер:

- белгілі бір тұлғалық-орталық жағдайларға орай, әлеуметтік тәжірибенің барлық салаларында тиімді шешім қабылдау біліктілігін қалыптастыруға ықпал ету;
- жеке адамның, отбасының және топтың қызығушылығын есепке ала отырып, адамды белсендендіру мүмкіндіктерінің тетіктерін құрастыру;
- жеке адамның өмір мұру сапасын арттыру, оның қызығушылықтарын қанағаттандыру және тұлғаның рухани болмысын қорғау мақсатында отбасының, басқа да әлеуметтік институттардың, шағын ортаның, социумның мүмкіндіктерін толыққанды пайдалану» .

Қазақстанда әлеуметтік педагогиканың қалыптасу және даму кезеңінде әлеуметтік педагогиканың қызмет аймағының өзгеруі “Әлеуметтік жұмыс” мамандығының өкілі ретінде әлеуметтік педагогтің қызметтік міндетін өзгертуге себепші болды. Әлеуметтік педагог үшін іс-әрекет объектісі педагогикалық үдеріс болып табылады. Оның барлық сипаты (тәрбиелік тетіктері, заңдылықтары, қозғаушы күштері, басқару әдістері) кәсіби іс-әрекеттің теориялық негізін құрайды. Әлеуметтік-педагогикалық тәжірибенің даму барысында маманның социумның күшін қажет ететін өмірлік қиын жағдайларда балаға көмек көрсететін делдалдық қызметіне көбірек көңіл бөлінді. Бүгінде ғалымдардың басым бөлігі әлеуметтік педагогтің кәсіби іс-әрекеті, ең алдымен, әлеуметтік қатынастарды жақсартуға бағытталуы керек деп есептейді.

Қазақстандық зерттеуші К.Г. Какен педагогикалық үдеріс тұлғаны әлеуметтендіру қызметін атқарады, сондықтан оның түрлері оқу-тәрбие мекемелерінің шеңберінде ғана емес, адам мен адамның барлық қарым-қатынасында орын алатындығы туралы пікірді өте орынды деп есептейді [12]. Қарым-қатынас пен өзара әрекет барысында тәжірибе алмасу, әлеуметтік тәжірибенің бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілуі жүзеге асырылады. Сондықтан әлеуметтендірудің түрлі институттарын педагогикалық үдерістің түрі ретінде қарастыру заңды.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет – көп пәнді, көп қырлы, көп қызметті және қоғамның түрлі салаларына бағытталған әрекет. Осы тұрғыдан алғанда балалар мен олардың айналасындағы үлкендер арасындағы қоғамдық, тұлғааралық қарым-

катынасты ізгілендірудің негізгі құралы – тұлғаны әлеуметтендіру үдерісіне өзінің ықпалын тигізетін микро- және макроорта факторлары, белгілі бір мекемелер мен субъектілердің арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастары бар, яғни тәрбиенің барлық салаларын қамтитын әлеуметтік тәрбие болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Досанова С.С. Теоретико-методологические основы подготовки будущего учителя к социально-педагогической работе: дисс. ... докт. пед. наук. - Туркестан, 2006. – 271 с.
- 2 Бурганова Р.И.. Научные основы подготовки социальных педагогов к работе со студенческой молодежью в сфере культурного досуга.: дисс. ... канд. пед. наук. - Алматы, 2001. - 156 с.
- 3 Гурова Р.Г. Учеб. Пособие. – Иркутск: ИГУ, 1980. - 89 с.
- 4 Гурова Р.Г., Макарова Е.И. - Педагогические проблемы социального формирования выпускников сельских школ: Учеб. Пособие. – Иркутск: ИГУ, 1980. - 89 с.
- 5 Мудрик А.В. Социальная педагогика: Учеб. для студ. пед. вузов / Под ред. В. Л. Слостенина. - М.: Академия, 2005. – 200 с.
- 6 Галагузова М.А., Сорвачева Г.В., Штинова Г.Н. Социальная педагогика: Курс лекций - М.: Владос, 1999. - 416 с.
- 7 Литвак Р.А. Разработка и содержание учебных программ по социальной педагогике // Социальный педагог: подготовка и деятельность. – Челябинск, 1994. – С. 18 - 19.
- 8 Филонов Г.Н. Социальная педагогика: сопряжение наук о человеке // Педагогика. - 1996. - № 6. - С. 35-40.
- 9 Таланчук Н. М. Воспитательная деятельность мастера производственного обучения ОПТУ: Вопросы теории. — М.: Педагогика, 1987. — С. 39.
- 10 Досанова С.С. Теоретико-методологические основы подготовки будущего учителя к социально-педагогической работе: дисс. ... докт. пед. наук. - Туркестан, 2006. – 271 с.
- 11 Бочарова В.Г. Педагогика социальной работы. - М.: Аргус, 1994. - 207с.;
- 12 Какен К.Г. Педагогические основы организации и функционирования социальной службы по работе с молодежью в переходный период.: автореф. канд. пед. наук. – Караганда, 1999. - 32 с.

Резюме

В статье рассматриваются теоретические основы совершенствования содержания образовательной программы по специальности бакалавриата «Социальная педагогика и самопознание», определение педагогических условий. Проведение анализа трудов в области философии, социологии, педагогики, психологии касательно совершенствования содержания образовательной программы по специальности бакалавриата «Социальная педагогика и самопознание», а также указание важности в процессе образования. На основе рассмотрения предмета социальной педагогики и особенностей социально-педагогической деятельности

специальности социологической сферы подчеркнуть важную роль в подготовке будущих специалистов данной сферы.

Summary

The article is as follows to clarify the theoretical basis for improving the content of the educational program on the specialty of the bachelor's degree "Social Pedagogy and Self-Knowledge", to define the pedagogical conditions; to analyze the works in the field of philosophy, sociology, pedagogy, psychology concerning the improvement of the content of the educational program on the specialty of the bachelor's degree "Social Pedagogy and Self-Knowledge", as well as to underline the importance in the education process. On the basis of the consideration of the subject of social pedagogy and the features of the social and pedagogical activity of the specialty of the sociological sphere, to emphasize the important role in the training of future specialists in this field.

УДК:341.48/49:343.57

Абдуманпова С.Р.
магистрантка Евразийской юридической
академии имени Д.А.Кунаева
Научный руководитель к.ю.н.,
доцент кафедры УПДиПД
Зинкевич Т.И.

МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО В СФЕРЕ БОРЬБЫ С НЕЗАКОННЫМ ОБОРОТОМ НАРКОТИЧЕСКИХ ВЕЩЕСТВ

В статье, на основе анализа международных источников и криминалистической литературы, рассматриваются некоторые вопросы международного сотрудничества в борьбе с незаконным оборотом наркотических веществ и противодействия данному виду преступлений.

Ключевые слова: Международное сотрудничество, незаконный оборот наркотических средств, психотропные вещества, расследование преступлений, отмывание денег, контрабанда.

Стратегия развития международного сотрудничества государств мирового сообщества по предупреждению распространения негативных явлений в сфере наркотиков приобретают на сегодняшний день все большее развитие. Политика и стратегия Казахстана в области борьбы с распространением наркотиков на его территории, нашли отражение в Государственной программе Республики Казахстан по борьбе с преступностью и основным направлениям правоохранительной деятельности.

Особого внимания сфера наркотиков заслужила в Программе действий Правительства Республики Казахстан «О мерах по реализации Стратегии развития Казахстана 2030». Развернутый блок вопросов, касающийся мер преодоления наркотизма и наркобизнеса, предусмотрен в Государственной программе первоочередных мер борьбы с преступностью и укрепления правопорядка. Секретариатом Государственной комиссии Республики Казахстан по контролю за наркотиками по согласованию с заинтересованными министерствами и ведомствами

разработана целевая программа «Комплексные меры противодействия незаконному обороту распространению наркотических средств и психотропных веществ», в которой сделана опора на осуществление конкретных мер посредством составления самостоятельных емких проектов. Приоритет отдан решению проблем по снижению спроса на наркотики и уровня их незаконного оборота в стране.

Приоритетные позиции государственной политики и стратегии страны в сфере законного и незаконного оборота наркотиков, рассчитанные на длительную перспективу, сформулированы в Законе Республики Казахстан от 10 июля 1998 года «О наркотических средствах, психотропных веществах, их аналогах и прекурсорах и мерах противодействия их незаконному обороту и злоупотреблению ими» [1]. В свое время квалифицированную помощь в ходе доработки проекта данного Закона оказали приглашенные эксперты Программы ООН по Международному контролю над наркотиками (ЮНДКП). Закон регулирует вопросы законного и незаконного оборота наркотических средств, психотропных веществ и прекурсоров, а также устанавливает единый для всех структур Республики порядок обращения с ними, в нем отражены такие важные аспекты, как:

- условия осуществления отдельных видов деятельности в сфере оборота наркотических средств, психотропных веществ и прекурсоров;
- область законного применения и использования наркотических средств, психотропных веществ, прекурсоров;
- организационные основы деятельности в сфере оборота наркотических средств, психотропных веществ и противодействия их незаконному обороту;
- наркологическая помощь лицам, больным наркоманией, гарантии их социальной адаптации.

Учитывая, что проходящий через наш регион наркотрафик связывает многие евразийские государства, основой для консолидации усилий должна быть общая заинтересованность этих государств в проведении совместных конкретных действий.

Следует придать дополнительный импульс взаимодействию по таким направлениям, как:

- формирование и реализация единой межгосударственной политики в области обеспечения безопасности в Центральноазиатском регионе;
- обмен информацией по вопросам борьбы с терроризмом, оргпреступностью и наркобизнесом (создание единой информационной системы и банка данных);
- укрепление инфраструктуры пограничной безопасности, нацеленной на предотвращение контрабанды наркотиков;
- совершенствование законодательной базы в сфере оборота наркотических средств, психотропных веществ и прекурсоров;
- разработка и распространение современных методов профилактики наркомании, лечения и реабилитации наркозависимых лиц;
- участие в разработке и реализации международных антинаркотических программ и многое другое.

Налаживается и укрепляется региональное сотрудничество в области борьбы с распространением наркотиков, при этом все более активной становится роль Казахстана на международной арене. Сложившийся в мире демократический имидж Казахстана во многом определен, благодаря четко выраженной антинаркотической позиции.

В историческом разрезе, контакты Казахстана с ЮНДКП начались еще в 1994 году и до сегодняшнего момента продолжают наращаться [2]. С 1996 года в Казахстане осуществляется первый совместный с ЮНДКП проект «Институциональное укрепление и улучшение мер контроля за оборотом наркотиков

в Казахстане» с бюджетом в 1 млн. долларов США. Этот начальный опыт дал возможность более конструктивно подходить к последующим проектам, оценивая их наибольшую эффективность и отдачу. Именно с этих позиций подошла Государственная Комиссия по контролю за наркотиками к подготовке текстов трех проектов, предложенных руководителем Штаб-квартиры ЮНДКП для совместного внедрения в Казахстане: «Сокращение и локализация незаконных площадей наркотикосодержащих растений в Казахстане», «Организация Центра медико-социальных проблем наркомании в Казахстане» и «Создание и развитие кинологической службы в органах, ведущих борьбу с незаконным оборотом наркотиков в Республике Казахстан».

Следует подчеркнуть, что реализация данных проектов в конечном счете направлена на оздоровление наркоситуации не только в Казахстане, но и в регионе Центральной Азии в целом. Это представляется очевидным, поскольку на ситуацию в регионе сегодня очень сильно влияет наркоситуация в каждой отдельной стране Центральной Азии, также, как и наоборот. Поэтому Казахстан поддерживает новые инициативы ЮНДКП, касающиеся намерений создать пояс безопасности вокруг Афганистана с тем, чтобы перекрыть поток наркотиков и прекурсоров, а также заинтересован в проектах, направленных на решение проблем, связанных с наркотикосодержащими растениями в нашем регионе, в частности, по использованию эффективных и экологически безопасных средств их искоренения. На реализацию данной политики было направлено и осуществление совместного с ЮНДКП проекта «Составление карт районов незаконного выращивания наркотикосодержащих растений в Казахстане, Кыргызстане, Таджикистане».

В Казахстане борьба с незаконным оборотом наркотиков ведется под постоянным контролем Правительства и непосредственно Президента страны Н.А. Назарбаева. Президент определил стратегические направления развития страны на долговременную перспективу, а борьбу за здоровый образ жизни, в том числе против наркомании и наркобизнеса, назвал приоритетной задачей Правительства. Ясное выражение политической воли руководителем страны в части решения проблем наркомании и наркобизнеса будет иметь безусловно важное значение для всего последующего процесса борьбы с этим злом.

Вопросы борьбы с преступлениями, связанными с наркотиками, в особенности с организованной наркопреступностью, стали предметом пристального внимания всех правоохранительных органов нашей страны. Изучение криминогенной обстановки позволяет констатировать дальнейшее обострение наркоситуации в Казахстане, что создает реальную угрозу экономической и национальной безопасности страны. Без преувеличения можно сказать, что уничтожается генофонд нации [3].

В 1997 год ознаменован присоединением Казахстана к Единой Конвенции о наркотических средствах 1961 года. Конвенции о психотропных веществах 1971 года и Конвенции о борьбе с незаконным оборотом наркотических средств и психотропных веществ 1988 года.

Целью этих Конвенций является обеспечение применения наркотических средств и психотропных веществ в медицинских и научных целях, ограничение такого рода применения, борьба с контрабандой, противозаконным сбытом и употреблением этих веществ. Конвенции необходимы для международного сотрудничества и правоохранительной деятельности: контроль над операциями по передаче наркотиков, процедуры совместного расследования, конфискации, выдача преступников, перемещение осужденных и другая юридическая взаимопомощь. В целях усиления контроля за медицинским использованием, законным

культивированием, производством, изготовлением наркотических средств и психотропных веществ, руководствуясь рекомендациями вышеперечисленных Конвенций ООН в Республике Казахстан разработаны и утверждены Национальные Списки наркотических средств, психотропных веществ и прекурсоров, а также утвержден Перечень наркотических средств и психотропных веществ, с отнесением их количеств к небольшим, крупным или особо крупным размерам, незаконное владение или оборот которых несет административную либо уголовную ответственность, предусмотренную законодательством Республики Казахстан.

Принятые меры, усиление международного сотрудничества, подписание международных договоров и других важных документов несомненно повлияют на содержание осуществляемой в Казахстане политики и стратегии в области борьбы с незаконным оборотом наркотиков и злоупотреблением ими.

Список литературы:

1. Закон Республики Казахстан «О наркотических средствах, психотропных веществах, прекурсорах и мерах противодействия их незаконному обороту и злоупотреблению ими» от 10 июля 1998 года. <http://online.zakon.kz> (Интернет-ресурс).

2. Доклад Международного комитета по контролю над наркотиками за 1996 год. - Нью-Йорк, ООН, 1997г. <https://www.incb.org> (Интернет-ресурс).

3. Абдиров Н.М. Уголовно-правовые меры борьбы с наркотизмом и наркобизнесом в Казахстане. Караганда, 2009.

Түйіндеме

Мақалада халықаралық және криминалистикалық әдебиетті талдау негізінде, есірткі заттарының заңсыз айналымына қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастықтың кейбір мәселелері және осы қылмысқа қарсы іс-әрекеттері қаралады.

Summary

The article, based on the analysis of international sources and forensic literature, examines some issues of international cooperation in combating illicit trafficking in narcotic substances and countering this type of crime.

Абдуллаев К.
Д.А.Қонаев атындағы
ЕЗА магистранты
Ғылыми жетекшісі:
з.ғ.к., ассоц. профессор
Балашов. Т.Т

ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫ ЕЛДЕРІНІҢ ЖЕДЕЛ- ІЗДЕСТІРУ ОРГАНДАРЫМЕН ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСТАРМЕН КҮРЕСУДЕГІ ӨЗАРА БІРЛЕСКЕН ӘРЕКЕТТЕРІ

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің жедел-ізвестіру органдарымен ұйымдасқан қылмыстармен күресудегі өзара бірлескен әрекеттері, ұйымдасқан топтармен жасалған қылмыстарды ашудың тактикалық және әдістемелік тәсілдері, сондай-ақ онымен күресудің алдын алу шаралары ұсынылғандығымен шарттастырылады.

Кілт сөздер. Әдістемелік тәсілдері, ұйымдасқан, ТМД, ПМ, ұйымдасқан топ құқық қорғау органдары, жедел-ізвестіру, Қазақстан Республикасы, қылмыстық ұйым, қылмыстық қауымдастық.

Тақырыптың ғылыми жаңалығы оның өзектілігі, мақсаттары және міндеттерімен ерекшеленеді және осы күнге дейін ұйымдасқан қылмыстылықпен күрес мәселесі толығымен зерттелмегендігімен сипатталады. Сонымен бірге, зерттеудің ғылыми жаңалығы осы жұмысты әзірлеуде, ұйымдасқан топтармен жасалған қылмыстарды ашудың тактикалық және әдістемелік тәсілдері, сондай-ақ онымен күресудің алдын алу шаралары ұсынылғандығымен шарттастырылады.

Ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу біздің қоғамымыздың нарықтық қатынастарға көшу жағдайына байланысты жылдан жылға өзекті сипатқа ие болып отыр. Атақты криминолог маман А.И. Долгованың пікірінше нарықтық экономика қоғамы, капиталдың үстемдігі – бұл криминалық қатынастардағы еркін өмір емес. Көптеген шетел криминологтары бұл қоғамды «ішітей» зерттей отырып, ол күшті қылмыстық потенциал мен жоғары криминогендік сипатты иемденетіндігін нақты көрсетеді [13, 54 б.]. Біздің қоғамымыздың ұйымдасқан қылмыстылық үшін қолайлы жағдай туғызатын тапсырыс бойынша адам өлтіру, аса ірі көлемдегі ұрлықтар және басқа да айтарлықтай қылмыстарға үйреніп кетуі бекер емес.

Сарапшылардың пікірі бойынша, халықаралық ұйымдасқан қылмыстылықтың, әр түрлі фирмалар мен ұйымдарда жылжымайтын мүлікке салынған, сонымен қатар банктердің есепшоттарында 300 млрд. жуық АҚШ доллары бар. Бұлар, ең бастысы есірткі заттарымен, қарумен сауда жасау, бопсалу жолымен алынған заттар болып табылады. Одан басқа жыл сайынғы үстінен түсіп жатқан кіріс 120 млрд. АҚШ долларын құрайды [15, 109 б.].

Ұйымдасқан қылмыстық топ құру және қылмыстық қауымдастық (қылмыстық ұйым) құру дегеніміз – ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қауымдастықтың (қылмыстық ұйымның) құрылуына алып келетін әрекеттер жасау. Бұл әрекеттер қылмысты ұйымдастыру әрекетіне ұқсас, дегенмен аталған қылмыстық құрамаларда өздеріне тән сипаты бар [21, 215 б.].

Ұйымдасқан қылмыстылық әртүрлі қылмыстық ұйымдардың құқыққа қайшы қызметін болжайды. Алайда, ұйымдастырушылықтың дәрежесі әртүрлі болып келеді және де оны келесідей түрлерге бөлуге мүмкіндік береді:

- *Ұйымдасқан қылмыстық топтар* – ұқсас немесе біртекті қылмыстарды жүйелі түрде жасау үшін құрылатын арнайы криминалдық машығы, байланыстары және тәжірибесі бар тұлғалардың тұрақты бірігуі. Осы тәрізді топтарға, қылмыстық қызметі олардың арнайы танымына, машықтары мен тәжірибесіне негізделген тұлғалар қатысады және де тіршілік ету құралының қайнар көзі болып табылады. Мұндай топтардың қызметі жай, ұйымдасқан қылмыстылықтың алғашқы нысанын құрайды. Ұйымдасқан қылмыстық топтар көбінесе ең ірі қылмыстық қалыптастырудың құрамына кіреді.

- *Ұйымшыл ұйымдасқан топтар (ұйымдар)* – үнемі әрекет етуші, қызметі біртұтас басқару (жекеменшік немесе ұйымдық) органдарымен үйлестіріліп, бағытталатын, функционалдық рөлі бойынша өзіне автономиялық және сараланған жөніндегі қылмыскерлердің немесе ұйымдасқан қылмыстық топтардың бірігуін қосатын, тармақталған сатылы құрылымы бар тұрақты құрылулар.

- *Қылмыстық қауымдастықтар* – жоғары жасырын деңгейі бар және сыбайлас байланыстардың көмегімен қорғалатын, көпсатылы басқару жүйесімен сипатталатын, өзіне бірнеше ұйымдасқан топтарды қосатын өте қауіпті құрылымдар нысаны. Олардың негізгі белгілері болып: тұрақтылық, ұйымшылдық, қылмыстық қызметінің ауқымдылығы (шетелдерге шығуды және халықаралық қылмыстық ұйымдармен байланысын қосқанда), «аралық» соттардың болуы, қылмыс жасаған тұлғаларға көмек көрсету табылады. Аталған қауымдастықтар көлеңкелі экономика және ресмилендірілген шаруашылық қызмет саласындағы, сонымен қатар жеке аймақтардағы немесе халық шаруашылық саласы көлемінде заңды және заңсыз қызметтерді көрсету саласындағы қылмыстық әрекеттің монополиясын орнатады.

Ұйымдасқан қылмыстылықпен күрес жүргізу аясындағы маңызды кезең болып ТМД елдері арасындағы азаматтық, жанұялық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қарым-қатынастар және құқықтық көмек көрсету туралы Конвенцияны бекіту табылады. Бұл құжат бұрынғы КСРО-ның территориясында, қылмыстылықпен күресудің мәселелерін бірігіп, толық және жанжақты деңгейде шешуге мүмкіндік туғызады. Конвенцияға 1993 жылы 22-қаңтарда Минск қаласында ТМД елдері мүшелерінің қатысуымен қол қойылды [41].

Аталған Конвенцияда қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе сот үкімін орындау үшін бір ТМД мемлекетінің басқасына, яғни Конвенцияға қол қойған әрбір мемлекеттің территориясында жүрген тұлғаны ұстап берудің тәртібі мен шарттарына ерекше мән берілген. Сонымен қатар мұнда экстрадицияны ұстану жағдайлары да қарастырылған, одан бас тарту немесе экстрадицияның мерзімдері ұзартылуы мүмкін, сондай-ақ ұсталып берілетін тұлға қамауға алу шарттары да ескерілген және т.б.

Бұдан басқа, Конвенцияның 72-бабында қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырудың тәртібі де анықталған. Онда әрбір келісетін жақ өздерінің заңнамасына сәйкес тыйым салушы мемлекеттің аумағында қылмыс жасады деп күдіктенетін өздерінің азаматтарының қылмыстық ізіне түсуге міндеттенеді.

Конвенцияда келісімге келген жақтардың арасында қылмыскерлермен пайдаланылған заттарды, жасалған немесе тергеліп жатқан қылмыстар бойынша дәлелдемелер мен өзге де ақпараттарды беруге қатысты және Конвенцияның ережелеріне сәйкес тұлғаны ұстап беруге ықпал ететін бірқатар ережелер мазмұндалған.

Ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу бойынша жедел бөлімшелермен шешілетін әр алуан мәселелердің арасында әзірленіп жатқан немесе жасалған

қылмыстарды анықтау, ашу, алдын алу және жолын кесу маңыздысы болып табылады. Қазіргі кезеңде бұл мәселенің мәні ерекше, себебі қылмыстарды толық ашу, алдын алу және олардың жолын кесу жазаның бұлтартпастығы қағидасын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Ұйымдасқан қылмыстылықпен күресудегі жедел бөлімшелердің тәжірибелік қызметінде алғашқы жедел-ізвестіру шараларын жүргізу кезінде жасалған қылмысты алдын алу мен ашу барлық жағдайда мүмкін болмайды. Сондықтан жоғарыдағы аппарат қызметкерлері, құрамдас бөлігі ұйымдасқан қылмыстық топтарды зерттеу болып табылатын жедел зерттеу ретіндегі жедел-ізвестіру қызметінің нысанын пайдаланады.

Барлық жедел-ізвестіру қызметінің ең күрделі және жауапты кезеңі болып жедел өңдеу табылады. Ол өз кезегінде қылмыс жасауға әзірленіп жатқан немесе жасалатын қылмыстарға жол бермеу немесе ашу, не болмаса жасырынған қылмыскерлерге іздеу салу мақсатында, сезікті тұлғаларға (адамдар тобына) қатысты жедел-ізвестіру шараларын құпия жүзеге асыру процесін көрсетеді [46, 11 б.].

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің жедел-ізвестіру органдарымен ұйымдасқан қылмыстармен күресудегі өзара бірлескен әрекеттері тақырыбына байланысты: Қазақстандағы ұйымдасқан қылмыстылықтың жағдайы одан әрі трансұлттық, халықаралық сипатқа ие болуда. Бұл құбылыстар бір жағынан ұйымдасқан қылмыстық топтармен бірнеше елдердің аумағында түрлі қылмыстарды жасаумен көрінетін болса, екінші жағынан олар халықаралық сипаттағы (оның ішінде жиі жасалынатын есірткінің заңсыз айналымы, жалған ақша, кепілге алу, теңіз қарақшылығы және т.б.) қылмыстарды жасайды. Осы ұйымдасқан қылмыстылықтың ерекшеліктері жақын шетел елдерінің (бұрынғы Кеңес Одағының шегінде), сондай-ақ алыстағы шетел мемлекеттерін жанап өтеді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Долгова А.И. Криминология. М., 1999, - 143 с.
- 2 Уголовное право Казахстана (Особенная часть). Учебник для ВУЗов // Под. общ. ред. Рогова И.И. Алматы, 2002, - 256 с.
- 3 Алауханов Е. О. Қылмыстық құқық (жалпы бөлім). Оқулық. Алматы, 2009. 221 бет.
- 4 Правовой справочник «Законодательство». Конвенция о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам (Минск, от 22 января 1993 г.). Издательство ЮРИСТ с изменениями на 1 сентября 2009 г.
- 5 Проблемы оперативно-розыскной тактики и перспективы их решения (На торетическом семинаре). Бюллетень ВНИИ МВД СССР. Оперативно-розыскная работа. № 97. 1977, - 64 с.

Резюме

Совместные действия следственных органов Содружества Независимых Государств в борьбе с организованной преступностью, тактические и методологические подходы к раскрытию преступлений, совершаемых организованными группами, а также превентивные меры.

Summary

Joint actions of investigative bodies of the Commonwealth of Independent States in combating organized crime, tactical and methodological approaches to disclosure of crimes committed by organized groups, as well as preventive measures.

Абишев Н.А.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының 1-курс магистранты
Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент
Терликбаев К.Т.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ ДАМУЫНЫҢ БІРДЕН – БІР ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Ұйымдасқан қылмыстағы сыбайлас жемқорлықтың рөлі мен кейбір мәселелері жұмыста қаралады, сыбайлас жемқорлық ұйымдасқан қылмыстағы субъектілері қолданатын бірінші құрал- ретінде атап өту қажет. Ұйымдасқан қылмыстағы өздері түсінбейді қызметте жүрген лауазымды тұлға өз лауазымдығын пайдаланып, көптеген пара алады және одан кейін қылмыстық жауаптылықтың болатындығын сезінбейді.

Кілт сөздер: ұйымдасқан қылмыстылық, дәлелдемелер, қылмыстық топ, тінту, куә, сыбайлас жемқорлық, тергеуші, ұрлық, парақор, дәлелдеу.

Қылмыстылық — әрбір қоғам өмірінің қарама — қайшылықтары салдарынан пайда болатын құбылыс болып табылады. Әрбір қоғам өзінің даму кезеңіне байланысты, әлеуметтік құрылысы мен әлеуметтік – экономикалық процестеріне байланысты өзіне тән, тиісті қылмыстылық деңгейіне ие. Қылмыстылық феномені әлеуметтік – экономикалық және саяси тұрғыдан дағдарысқа түскен кедей мемлекеттерге ғана емес, айтарлықтай экономикалық және саяси тұрақтылыққа жеткен мемлекеттерге де тән болып келеді. Сонын ішінде ұйымдасқан қылмыстылық – пайда табу мақсатында және белгілі бір әлеуметтік салада немесе территорияда бақылау “билік” орнату мақсатында құрылған әр текті және әр түрлі деңгейлі қылмыскелер қоғамының тұрақты ұйымы.

БҰҰ-ның 8-ші Конгрессі қылмыстылықты ескерту және құқық бұзушылықтармен айналысу (Гавана, 1990ж.) өзінің “Мемлекеттік басқару саласындағы сыбайлас жемқорлық” атты резолюциясында мемлекет әкімшілігіндегі сыбайлас жемқорлық мәселесі жалпы сипатта ие болып барады және оның қауіпті әсері дүние жүзі бойынша байқалады.

Жекелеген мемлекеттерде сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізудің нәтижесіне талдау жасай келе, барлық азаматтардың заң алдындағы деклорацияланған теңдік қағидасы және қылмыстық жауапкершілікке тарту тәжірибесі арасындағы біршама айырмашылықтар бар екеніне көз жеткіздік.

Бірақ, ең маңыздысы сыбайлас жемқорлық – ұйымдасқан қылмыстылықтың тотализаторы ретінде, яғни “қоршаған ортада мекендейтін” қажетті құрастырушысы болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыстылық қосыла отырып, бұл екі құбылыс, әсіресе жаңа қалыптасып келе жатқан демократиялық жағдайда, мемлекет және қоғам үшін қауіпті жағдай туғызады.

Осының барлығы сыбайлас жемқорлықпен күрестің заңдылық тұрғыдан реттелуін қажет етеді, яғни сәйкес заңдар мен ережелердің қабылдануы. Бірақ, бұл құбылыспен күресудің нақты қозғалысы тәжірибеде де әлсіз болып отыр. Оның бірден бір себебі – ұлттық тәжірибенің жоққа тең болуы. Сыбайлас жемқорлық және ұйымдасқан қылмыс қоғамдағы жоғарғы әлеуметтік қауіпті болып отыр. Бұл

құбылыстар қоғамдық құрылысты тұрақсыздандырады. Сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмыстық топтардың қылмыстық әрекеттері ұқсас [1].

Ұйымдасқан қылмыстық топтар мемлекеттік және жергілікті органдар тарапынан қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында сыбайлас жемқорлық байланыстарын нығайтуда. Бірақ, сыбайлас жемқорлармен (мемлекеттік органдар тарапынан) және сыбайлас жемқорлардың (ұйымдасқан қылмыстық топ тарапынан) арасындағы мақсаттары бойынша ішкі қарама-қайшылықтар бар. Біреуіне қылмыс жасау мақсаты ретінде тікелей жеке баю болса, екіншісіне қылмыстық әрекеттерді қамтамасыз ететін жеке баю болып табылады. Сонымен, байланысты шенеуліктерге пара беру жалпы қылмыстық нәтижені қысқартады.

Қазақстан тарихында сыбайлас жемқорлар мен ұйымдасқан қылмыстылықтың қарым-қатынасы кезең бойынша орнатылды:

- Сыбайлас жемқорлар мен “цеховиктер” арасындағы байланыс;
- Қылмыстық топтың билік басшыларына деген қатынасының өзгеруі, толық келіспеушіліктен ынтымақтастыққа өтуі, қылмыстық топтың өз ішіндегі бөліністерге ұшырауы;
Мақалада Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың құқықтық жағдайы мәселелері қарастырылған.

Кілт сөздер: сот билігі, сот билігінің қағидалары, сот жүйесі, судьялардың құқықтық жағдайы.

Сот жүйесі сот әділдігін жүзеге асыру қатынастарымен өзара байланысты бірыңғай қағидаларға негізделген жалпы мақсаттары мен міндеттері бар, осы мемлекеттің барлық соттарының жиынтығынан тұрады. Сот жүйесінің әрбір бөлігі бірыңғай құзыреті бар соттар жиынтығын білдіреді.

Бірқатар шетелдерде жалпы юрисдикциялық сот жүйесімен (яғни ең басты азаматтық және қылмыстық істерді қараушы) қатар әкімшілік юстицияның жеке жүйесі құрылады (Италия, Франция және басқа елдер). Еуропа елдерінде сот жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын конституциялық соттар ерекше орын алады. Бірқатар мұсылман елдерінде мемлекеттік соттармен қатар шариғат соты да әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының сот жүйесін Конституция және конституциялық заңдар бекітеді. Қандай да бір атауымен арнаулы және төтенше соттардың құрылуына жол берілмейді. Қазақстан Республикасының сот жүйесі Жоғары Сот және жергілікті соттардан тұрады.

Жергілікті соттарға жатады:

- 1) облыстық және оған теңестірілген соттар (республика астанасының қалалық соты, республикалық мақсаттағы қалалардың қалалық соттары, мамандандырылған сот - Қазақстан Республикасы әскерінің әскери соты және т.б.);
- 2) аудандық және оған теңестірілген соттар (қалалық, ауданаралық, мамандандырылған сот - гарнизон әскери соты және т.б.).

Конституциялық заң аудандық (қалалық) сот мәртебесіне ие болатын соттарды мамандандыру (әскери, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмаған балалардың істері бойынша және басқасы) мүмкіндігіне жол береді.

Конституциялық заңға сәйкес Қазақстан Республикасының сот жүйесі үш бөліктен тұрады: Қазақстан Республикасының аудандық (оған теңестірілген соттар), облыстық (оған теңестірілген соттар), Жоғары соты.

Заңнамада соттардың звеноларға бөлінуінен өзге олардың сот сатыларына бөлінуі қарастырылған. Әрбір сот ісі заңда қарастырылған бірізділігімен, сотта қаралуы мен құзыреттілік бойынша ауқымымен, сот өкілеттіктерінің сипатымен бір-бірінен айырмашылығы бар бірнеше соттарда қаралуы мүмкін.

Жоғары сотты қоса алғанда, Республикадағы барлық соттар бірінші инстанция соттары деп аталады, онда істердің қаралуы заңмен (ҚКҚ, АҚК) анықталған.

Республика соттарының қызметі белгілі бір қағидаларға жүгінеді, оларды қарастыру сот билігінің мәні мен мақсатын жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Әділдік қағидалары сот органдарының ұйымдастырылуын, құрылысын, судья корпусын құру тәртібін, судьялардың құқықтық мәртебесін, соттардың құрылымы мен өкілеттіктерін, сондай-ақ сот әділдігін жүзеге асыру бойынша сол процесті ұйымдастыруды ғана анықтап қоймай, сотты ұйымдастыру және қызметі негізіне жатады. Осыған орай сот әділдігі қағидасы азаматтық және қылмыстық процестер үшін жан-жақты болатын. Олар процессуалдық заңнаманың жеке нормаларында бекітіледі және жүзеге асырылады.

Сот әділдігі қағидаларының объективті сипаты бар. Олар реттелетін құқықтық қатынастардың анағұрлым жалпылай заңдылығын көрсетеді, қоғамдық тәжірибе (атап айтқанда, соттың) мен елдің ішінде және одан сырт жерде қалыптасқан қоғамдық ой-пікір нәтижелерін сипаттайды.

Конституция судья заңды қолдану кезінде басшылыққа алуы тиіс төмендегідей қағидаларды бекітеді:

1) адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен дәлелденгенше ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;

2) бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;

3) өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;

4) сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы;

5) жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;

6) айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;

7) ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес;

8) адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады;

9) заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;

10) қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

Конституциялық заңның елдегі тәуелсіз және беделі бар сот билігін қалыптастыру үшін негізгі мәні бар. Судья Республикадағы сот билігін жүзеге асырушы болып табылады. Оған конституциялық тәртіпте сот төрелігін және өз міндеттерін кәсіби негізде жүзеге асыруға өкілеттік берілген.

Конституцияға сәйкес, жасы жиырма беске толған, жоғары заң білімі бар, заң мамандығы бойынша кем дегенде екі жыл жұмыс өтілі бар және біліктілік емтиханын тапсырған Республика азаматтары судья бола алады.

Судьялардың тәуелсіздігі және ауыспайтындығы төмендегі қағидалық сәттерде көрсетіледі:

1) судья Конституцияға және конституциялық заңға сәйкес лауазымға тағайындалады немесе сайланады және тұрақты негізде өкілеттіктер беріледі;

2) судьялар сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз (қандай да бір мемлекеттік органнан, лауазымды тұлғадан);

3) ешкімнің судьяның сот төрелігін жүргізуіне және қандай да бір ықпал етуіне хақы жоқ;

4) судьяға заңда қарастырылмаған соттан тыс функцияларды және міндеттерді жүктеуге болмайды;

5) судьяның сот төрелігін жүзеге асыру бойынша қызметі бұқаралық ақпарат құралдарының араласуынан қорғалады, олар судьяға сот төрелігін жүзеге асыру кезінде қысым жасауға құқылы емес, өздерінің хабарларында сот істерін алдын ала шешпеуі тиіс және қандай да бір басқа тәсілімен сот шешімі немесе үкімі күшіне енгенге дейін сотқа ықпал етуге хақы жоқ.

Судьяның өкілеттігі заңда қарастырылған негіздемелер негізінде ғана тоқтатылуы немесе тоқтата тұрылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі Қазақстан Республикасы Президентінің сот жүйесінде кадр мәселелерін шешу кезінде өкілеттігі іске асырылуын қамтамасыз етуші конституциялық орган болып табылады.

Жоғары Сот Кеңесі қызметінің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесін анықтайтын Конституциялық заң, «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» 2001 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасының заңы мен басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері. Жоғары Сот Кеңесінің құрамына жататындары: Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы; Конституциялық Кеңестің төрағасы; Жоғары Сот төрағасы; Бас прокурор; Әділет министрі; Парламент Сенатымен табыс етілген екі депутат; Алты судья; Кеңес хатшысы; Президент тағайындайтын басқа тұлғалар.

Жоғары Сот Кеңесінің отырыстары жылына екі рет өткізіледі және оның мүшелерінің кем дегенде 2/3 қатысқан кезде өкілетті болады. Жоғары Сот Кеңесі кеңес беруші-мәжіліс органы ретінде:

1) судьялардың тәуелсіздігі мен жеке басының қол сұғылмаушылығы кепілдігін қамтамасыз етеді;

2) конкурстық негізде облыстық сот судьясының бос лауазымына үміткерді іріктеуді жүзеге асырады, конкурс қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентіне облыстық сот судьясының бос лауазымына үміткерді лауазымға тағайындау үшін ұсынады;

3) Жоғары Сот төрағасының ұсынысы бойынша облыстық сот төрағасы мен алқабилері бос лауазымына үміткерді қарастырады, Қазақстан Республикасының Президентіне облыстық сот төрағасы мен алқабилері бос лауазымына үміткерді лауазымға тағайындау үшін ұсынады;

4) Жоғары Сот төрағасының ұсынысы бойынша Жоғары Сот алқабилері төрағасы мен судьясының бос лауазымына үміткерді қарастырады, Жоғары Сот төрағасының лауазымына үміткерді қарастырады, Қазақстан Республикасының Президентіне Жоғары Сот төрағасының, алқабилер төрағасы мен судьясының бос

лауазымына үміткерді Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына ұсыну үшін береді;

5) Жоғары Сот төрағасын, Жоғары Сот алқабилері төрағасы мен судьяларын, сонымен қатар, облыстық және соған теңестірілген соттардың төрағасын, алқабилері төрағасы мен судьяларын қызметтен кетіру, кетуін тоқтату түрінде өзінің ықыласымен, медициналық қорытындыға сәйкес денсаулығы бойынша, өкілеттігі мерзімінің бітуіне қарай атқаратын лауазымдарынан босату мәселелерін қарастырады; сот таратылған кезде, егер судья (сот төрағасы) басқа соттағы бос лауазымды атқаруға келіспесе, Жоғары Сот алқабилері төрағасы мен судьяларын; облыстық және соған теңестірілген соттардың төрағасын, алқабилері төрағасы мен судьяларын атқаратын лауазымдарынан босату мәселелерін қарастырады;

6) Қазақстан Республикасының Президентіне сот жүйесін және заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар жасайды;

7) Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің регламентін бекітеді;

8) Заңнан және басқа нормативтік құқықтық актілерден туындайтын басқа өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жоғарғы Сот Кеңесі қарастырылатын мәселелер бойынша хаттамалық шешімді жай көпшілік дауыспен қабылдайды. Берілген дауыстар теңдей болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Сонымен, сот билігі әділдік пен заңдылық қағидаларының үстемдігін бекіте отырып, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қабілетті, өзін қоғамды әлеуметтік қақтығыстардан сақтаудың тұрақты факторы ретінде орнықтырды. Сот жүйесі мемлекеттің негізін құрайтын, еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси жаңғыруы жолындағы демократиялық даму тетіктерінің бірі болып табылады. Азаматтардың мемлекеттік құқықтық саясатқа қатынасы және қоғам тарапынан билікке сенім білдіру деңгейі сот төрелігін тиімді жүзеге асыруға тікелей байланысты болатыны анық. Осы айтылғанның маңыздысы да, ең алды адам, оның тағдыры, сондықтан да әрқашан адам құқығы, оның заңды мүддесі биік тұрғыда болып, заңға сәйкес қорғалуы да қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме. – Алматы: Раритет, 2015. – 552 б.

2. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 132 Конституциялық заңы // <http://adilet.zan.kz> (2017 жылдың 15 қарашасындағы жағдайы бойынша).

3. Абдрасулов Е.Б. Роль судебной системы РК в защите прав человека // Юрист, 2009. -№1.- С. 77-83.

Резюме

В статье рассматривается проблемы судебной системы и правовое положение судей в Республике Казахстан.

Summary

The article examines the problems of the judicial system and the legal status of judges in the Republic of Kazakhstan.

Бақберген Ж.Қ.
Абай атындағы ҚазҰПУ-ті
Тарих және құқық институты
6M030100-Құқықтану мамандығының
1-курс магистранты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ИНСТИТУТЫ

Мақалада мемлекеттік билік органдарының қызметін қоғамдық бақылау институтының түсінігі, олардың белгілері мен түрлері және Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдарының қызметін қоғамдық бақылау субъектілерінің сипаты қарастырылған.

Кілт сөздер: қоғам, қоғамдық бақылау, мемлекеттік билік, азаматтық қоғам.

Мемлекеттік басқаруды қоғамдық бақылаудың қажеттігі туралы теориялық негіздемені кезінде антикалық ойшылдардың өзі айтып кеткен. Лауазымды тұлғалар мен мемлекет басшыларын халықтың бақылауының маңыздылығы туралы Аристотель де, Әл-Фараби де өз еңбектерінде атап өтеді, олар мұны мемлекеттің дамуы мен саяси тұрақтылықтың шарттарының бірі деп санаған. Ш. Монтескье мемлекетті азаматтардың одағы ретіндегі мемлекет және лауазымды тұлғалардың жиынтығы ретіндегі мемлекет деп ажыратып, қоғам үкіметсіз өмір сүруі мүмкін емес екендігін айта отырып, заңдардың болуы халыққа үкіметтің қызметіне қадағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін ескерген [1].

Қазіргі таңда мемлекеттік билік органдарының қызметіне бақылауды жүзеге асырмайтын мемлекетті елестету қиын. Бақылаудың бірнеше түрі бар: мемлекеттік (ведомстволық), соттық, қоғамдық-саяси. Менің тақырыбымның объектісі осы аталғандардың ішіндегі қоғамдық бақылау.

Мемлекеттік билік органдарының, соның ішінде атқарушы органдардың қызметін қоғамдық бақылау демократиялық құқықтық мемлекеттің өмір сүруінің маңызды қағидаларының бірі болып табылады. Ол демократиялық мемлекетте мемлекеттік билік бір адамға немесе бір мемлекеттік органның қолында болуы мүмкін емес екендігін білдіреді. Бұл тоталитарлық режимнің орнауына әкеліп соқтыруы мүмкін. Атқарушы билік, билік бөлінісі қағидасы негізінде құрылатын мемлекеттік-биліктік механизмнің құрамдас бөлігі болып табылады. Ол заң шығарушы және сот билігімен қатар жүреді, демек ол аталған екі билік тарапынан да қадағаланады және өзі де бақылауды жүзеге асырады. Қоғамдық бақылаудың болуы мемлекеттік билік органдарын бақылауға қабілетті дамыған азаматтық қоғамның болуын меңзейді.

Қоғамдық бақылаудың мәні қандай да бір ауытқушылықтарды ғана анықтау емес, басқарушылық қатынастарды ұйымдастыру қызметін жетілдіру, кемшіліктерді, билікті асыра пайдалануды, құқық бұзушылықтарды жою және оған жол бермеу, сонымен қатар, олардың құқықтық реттелуін жетілдіру болып табылады.

Қоғамдық бақылаудың белгілері: біріншіден, қоғамның барлық мүшелерінің мүдделері мен қажеттіліктерін біртұтас басқарушы ерікке біріктіретін, қоғамды және оның жекеленген институттарын басқарудың нысаны ретінде көрініс табады. Екіншіден, қоғамдық бақылау, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ететін және ол мүдделердің қайшылығына жол бермейтін негізгі құрал ретінде. Үшіншіден, ол шұғыл міндеттерді шешу үшін қоғамның

күштерін үйлестіру мен жұмылдырудың әдісі болып табылады. Төртіншіден, қоғамдық бақылау заңды бұзушыларды анықтауға және оларды жауапкершілікке тарту механизмін жасауға мүмкіндік беретіндіктен әлеуметтік нормалардың орындалуының кепілі ретінде көрініс табады. Сонымен қатар, қоғамдық бақылауда биліктік өкілеттігінің болмауы, оның шешімдерінің міндетті еместігі және азаматтық қоғамның атынан жүзеге асырылуыда оның ерекшелігі болып табылады [2, 22 б.].

Азаматтық қоғамның институттары жүзеге асыратын қоғамдық бақылаудың пәні мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, жария биліктің және лауазымды тұлғалардың қызметі және т.б. болуы мүмкін.

Қоғамдық бақылау органдарының биліктік өкілеттіктері болмағандықтан, олар әдетте тиісті мемлекеттік органдар арқылы, немесе, қоғамдық пікірге жүгіну арқылы әрекет етеді. Осыған байланысты қоғамдық бақылау субъектілері құқықтық та, әлеуметтік те бақылау механизмін бірдей пайдалана алады деп айтуға болады. Бірінші жағдайда қоғамдық бақылау субъектілері мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар тарапынан заң бұзушылықтардың орын алғандығын анықтаған жағдайда мемлекеттік биліктің әртүрлі органдарына жүгіну және тиісті шара қолдануын сұрау сияқты конституцияда бекітілген құқықтарын жүзеге асыру арқылы құқықтық механизмдерді пайдаланады. Екінші жағдайда мемлекеттік қызметшілердің жұмысынан кемшіліктер анықтаған жағдайда қоғамдық пікір ықпалы институты арқылы жүзеге асырылады. Демек, қоғамдық бақылау - бұл азаматтық қоғам институттары мен азаматтардың заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілердің талаптарының сақталуын тексеру, сонымен қатар, анықталған заң бұзушылықтарды жою үшін құзырлы мемлекеттік органдарға жүгіну және қоғамдық пікірге салу жолымен жүзеге асырылатын қызмет.

Қоғамдық бақылауды жүзеге асыратын субъектілердің құзыреті мынадай негізгі элементтерден тұрады: бақылау объектілеріне кіруге және оларға зерттеу жүргізуге мүмкіндіктерінің болуы, қажетті ақпаратты және құжатты сұратуға және алуға құқығының болуы, лауазымды тұлғаларды шақыруға және олардан ресми ақпарат пен түсіндірме алу құқығы, өз жұмыстарына мамандар мен сарапшыларды тарту құқығы, мемлекеттік билік органдары мен қоғамда анықталған заң бұзушылық туралы хабардар ету, анықталған заң бұзушылықтар туралы ақпаратпен мемлекеттік билік органдары мен прокуратураға жүгіну және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тартуын талап ету. Атқарушы билік органдарын қоғамдық бақылау субъектілерінің жоғарыда аталған спецификалық ерекшеліктерінің негізінде оларға мыналарды жатқызуға болады: қоғамдық бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық палаталар, атқарушы билік органдары жанындағы кеңестер, қоғамдық комиссиялар, азаматтар және т.б. Сонымен бірге, олардың құрылуында мемлекеттің қатысу деңгейіне қарай қоғамдық бақылаудың субъектілерінің екі тобын ажыратуға болады: біріншісіне, құрылуы мен қызметіне мемлекет араласпайтындары жатса, екіншісіне мемлекеттік органдардың қатысуымен құрылатын субъектілер жатады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында мемлекеттік органдардың қызметін бақылауды жүзеге асыруды реттейтін мынадай негіз қалаушы үш заң қабылданған, олар: 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы», 2015 жылғы 16 қарашадағы «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» және 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдар. Осы аталған нормативтік-құқықтық актілердің ішінде «Қоғамдық кеңестер туралы» заңда қоғамдық бақылау ұғымы, оның объектісі мен субъектісі, қоғамдық бақылаудың нысандары және қоғамдық бақылауды жүзеге асырудың тетіктері баяндалады.

Қазақстан Республикасында қоғамдық бақылау – қоғамдық мониторинг, қоғамдық тыңдау және қоғамдық сараптама нысандарында жүзеге асырылады [3].

Қоғамдық мониторинг мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметтер көрсетуі, мемлекеттік, үкіметтік бағдарламаларды, стратегиялық жоспарларды және бюджеттік бағдарламаларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын қолдану нәтижесінде азаматтар үшін жағымсыз салдарларды және қоғамдық мүдделерге қысым жасалуын анықтау мақсатында жүзеге асырылады.

Қоғамдық тыңдау бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын, стратегиялық жоспарлардың немесе аумақтарды дамыту бағдарламаларының жобаларын, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың жобаларын талқылау; азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатысу; қызметтік әдеп нормаларының сақталуын қоса алғанда, мемлекеттік басқаруды жетілдіру және мемлекеттік аппараттың ашық жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау; сондай-ақ мемлекеттік органдардың қоғамдық маңызы бар шешімдерін олардың қоғамдық мүдделерге сәйкестігі мәселесі бойынша жария талқылау үшін жиналыс өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамдық сараптама – азаматтардың өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау, сондай-ақ жеке тұлғалардың, елді мекендердің және өндірістік объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жағымсыз факторларды болғызбау жөніндегі қоғамдық мүдделерді сақтау тұрғысынан зерттеу, талдау және бағалау үшін арнайы білімді және (немесе) тәжірибені қоғамдық бақылау субъектілерінің пайдалануына негізделген қоғамдық бақылау рәсімі.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік билікті қоғамдық бақылаудың негізгі институттары ретінде мыналарды атауға болады:

1. Қоғамның әртүрлі әлеуметтік-мәдени және кәсіби топтарының мүддесін білдіретін, әралуан көзқарасты ұстанатын саяси партия. Сайлаушылар Қазақстан Республикасының Президентін сайлауға қатыса отырып, мемлекеттік биліктің заң шығарушы (өкілді) органдарын сайлауда қандай да бір саяси партияға дауыс бере отырып атақарушы биліктің саяси бағытын жанама түрде бақылайды, сонымен қатар, сайлаушылардың үмітін ақтамаған саяси партияларға сенім білдіруден бас тарта алады.

2. Мемлекетте азаматтардың еңбек, өндірістік-кәсіптік мүдделерінің ортақтығы негізінде өз мүшелерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау үшін ерікті түрде құрылатын, тіркелген мүшелігі бар қоғамдық бірлестік – кәсіптік одақтар.

3. Атқарушы билік органдарында азаматтардың мүдделерін қорғау және жақтау үшін құрылатын коммерциялық емес әралуан қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер.

4. Мемлекет аумағында жергілікті тұрғындардың жергілікті маңызы бар мәселелерді дербес шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару институттары.

5. Қоғамдық-мемлекеттік құрылымның, яғни Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палата. Бұл институт арқылы қоғам мүшелері заң қабылдау процесіне қатыстырылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 33 бабының 1 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекет ісін басқаруға қатысу құқығы республика азаматтарына ғана тиесілі және олар оны тікелей де, өз өкілдері арқылы

да жүзеге асыра алатындығы жазылған. Азаматтардың республикалық референдумға қатысуы, сондай-ақ оларды мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау және сайлану құқықтарын іске асыруы азаматтардың мемлекет ісін басқаруға және бақылауға қатысуының тікелей нысандары болып табылады. Республикалық референдум және сайлау туралы заңнамалар азаматтардың осы құқықтарын іске асырудың неғұрлым кең кепілін қамтамасыз етеді [4, 215 б.].

Азаматтардың мемлекет ісін басқаруға және бақылауға қатысуы олардың өкілді билік органдары – депутаттардың қызметтеріне саяси партиялар туралы, қоғамдық тұтынуды қанағаттандыруға байланысты мемлекеттік саясаттың бағыттары туралы қоғамдық пікір қалыптастыру арқылы әсер ету жолымен жүзеге асырылады. Мемлекеттік басқаруды демократияландырудың маңызды шарттары – қоғамының маңызды проблемаларын алдын ала талқылау үшін мамандарды, халықтың түрлі әлеуметтік топтарының өкілдерін тарту болып табылады. Ол мемлекеттік шешімдердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастыруға, пәрменді сыртқы сараптама жүргізуге, қоғамдық маңызы бар күрделі міндеттерді шешкен кезде ғылыми қауымдастықтар және мемлекеттік органдар өкілдерінің білімдері мен тәжірибелерін біріктіруге мүмкіндік береді. Азаматтарды мемлекетті басқаруға тартқан елде қалыптасқан мүдделерді ұсынудың тиімді жүйесіне, мемлекеттік органдардың қоғамдық бірлестіктермен, саяси партиялармен, БАҚ, азаматтық қоғамның басқа да институттарымен өзара іс-қимылына маңызды рөл бөлінеді. Мүдделерді берудің түрлі нысандары арқылы қоғамның мемлекеттік басқаруға әсері болады, қоғамдағы мүдделер теңгерімін сақтау қамтамасыз етіледі, мемлекет шешімдері түзетіледі.

Мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығының маңызды бағыты – халық алдында жер-жерлерде атқарушы билік органдары басшыларының қалыптасқан есеп беру практикасы. Ол елде жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар, түрлі әлеуметтік топтар мен әрбір азаматтың мүдделері мен қажеттіліктерін қозғайтын маңызды проблемалардың кешені бойынша пікір алмасу туралы халықтың жедел ақпараттануына ықпал етеді.

Азаматтардың жергілікті деңгейде билікті қадағалауының ерекше институты – бұл жергілікті өзін-өзі басқару болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қоғам және азаматтар мемлекеттік шешімдер қабылдау процесі мен олардың жүзеге асырылуына тікелей қатыстырылуы қажет. Жергілікті басқару органдары арқылы халыққа жергілікті маңызы бар мәселелерді өз бетімен және жауапкершілікпен шешуіне нақты мүмкіндік беру керек» [5] деп айтқан болатын.

Сонымен қорытындылай келе, өзін демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде орнықтыратын және оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын Қазақстан Республикасы үшін мемлекеттік билік органдарының қызметін қоғамдық бақылаудың жүзеге асырылуы және оның дамытылуы аса маңызды болып табылады. Қоғамдық бақылаудың арқасында Қазақстанда мемлекеттік аппарат жұмысының, мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиімділігі мен айқындылығы артып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары шынайы қамтамасыз етіледі дегуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Мұхамедов М., Старшинов Б., Сырымбетұлы Б. Саяси-құқықтық ілімдер тарихы. Оқу құралы. - Алматы, заң әдебиеті, 2003. - 340 б.

2 Сулейманов А.Ф. Общественный контроль в Республике Казахстан. Монография. – Алматы, 2012. – 234 с.

3 «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 2 қарашадағы // adilet.zan.kz. (2017 жылдың 15 қарашасындағы жағдайы бойынша).

4 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме. – Алматы: Раритет, 2015. – 552 б.

5 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан // www.akorda.kz (2017 жылдың 15 қарашасындағы жағдайы бойынша).

Резюме

В статье рассматривается понятие, виды и признаки института общественного контроля и характеристика субъектов общественного контроля за деятельностью органов государственной власти в Республике Казахстан.

Summary

The article deals with the concept, types and characteristics of the institution of public control and the characteristics of subjects of public control over the activities of public authorities in the Republic of Kazakhstan.

347.1(075)574

Бақыткерей Н.А.
Еуразиялық заң академиясының
2 курс магистранты
Ғылыми жетекші:
з.ғ.к., профессор Жайлин Г.А.

МҰРАНЫҢ АШЫЛУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақалада автор ашылуының ерекшелігі мен мұра ашылу барысында туындайтын өзекті мәселелерді қарастыраған. Мақаланы жан-жақты талдап, басты проблемалық сәттерін айқындап теория мен практикада тұрғысынан тақырыпты ашқан.

Кілт сөздер: Өсиет, мұрагерлік, бір жақты мәміле, нотариус, куәландыру, мұра.

Рим құқығында өсиет деп жеке тұлғаның тірісінде дүние – мүлкін мұра ретінде жазып кетуін айтқан. Егер өсиетте мұрагер көрсетілмесе, мұндай құжат ешқандай құқықтық нәтиже бермеген.

Өсиет (ағыл. тілінен last will and testment) - азаматтың қайтыс болуына байланысты өзіне тиесілі мүлікті заң тәртібіне сәйкес билік ету.

Өсиетте - бір жақты мәміле саналған. Өсиет пен мұраны қабылдау үшін бөлек құқықтық акт жасалатын. Өсиет қалдыру үшін – жеке тұлғаның бедел өсиеттік қабілеттілігі талап етілетін үшін – жеке тұлғаның бедел өсиеттік қабілеттілігі талап етілетін (бұған әрекет қабілеттілігі жақ, қылмыс үшін сотталған, жеке тұлғалардың кейбір топтары кірмеген).

Өсиет нысаны әр кезеңде әр түрлі болған, мәселен өсиет 7 куәнің қатысуымен жасалатын, жазбаша нысанды сақтау міндет болып табылмаған. Ежелгі Римде мемлекет органдарының қатысуымен жасалатын жария өсиеттерді сот хаттамасымен немесе белгілі магистрат хаттамасымен жасауға болатын.

Қазақ арасындағы әке мұрасы мен мұрагерлік құқы [1, 28 – 33 бб.] өз алдына бөлек сөз етуді қажет ететін қызық мәселенің бірі. Бұл мәселеге ежелден бері көңіл бөлінуде, тіпті Тауке ханның «Жеті жарғысында» да ол көрнекті орын алған.

Әке – шеше бірдей өліп, артында ылғи жас қыдар қалған жағдайда әкеден қалған мал – мүлік оның аға – іңілеріне ауысады, онымен бірге қыздар да солардың тәрбиесінде болады. Халық дәстүрі бойынша олар жетім қалған қыздарды өсіріп, бой жеткізіп, кейін той – томалағын жасап, жасауымен ұзатуға міндетті. Қыздарға жұмсалатын қаржыдан артылатындай мал мен мүлік қалған жағдайда бірге туысқан мұрагерлер өзара бөлісетін. Өлген адамның бірге туысқан аға – інісі болмаса, жанашар ағайыны жиналып шөбере туыстарының біріне қалған жас жетім балаларды тәрбиелеу міндеттеледі де, мал – мүлік те сол қамқоршының қолына көшеді.

Өзінен туған ер баласы болмаған жағдайда ағасының не інісінің баласын асырап алу қазақ арасында ежелден келе жатқан дәстүр. Баланы мүмкіндігінше ең жақын туыстарынан алатын. Мұндай мүмкіндік болмаған күнде басқа ел, басқа рудан да тамыр – таныстарының баласын алып асырайтын.

Мұра және мұрагерлік мәселесіне тікелей қатынасы бар тағы бір жай, - жасауымен келген әйел жастай баласыз өлсе, жасаудың негізгі бөлігі төркініне қайтарылады. Мұндай жағдайда А.И. Добросмысловтың айтуынша, отау, төсек – орын, сәукеле, ер – тұрманымен бір ат және бір түйе қайтарылады. Ал өлген әйелден бір ғана қыз қалса, жоғарыда айтылған мал – мүліктің жартысы қайтарылады, ал ұл қалса, ешнәрсе қайтарылмайды.

Ал, архив қоймаларына көз салғанда, баласыз өлген жас әйелдердің жасауын даулаған деректерге кездестік. (ҚОА, ф.78, д.9665, л.2 – 3). Бұған қарағанда, күйеуі мен құдасына бір нәрседен көңілі қалып өкпелеген жағдайда жасауды дау болған сияқты. Сөйтіп ертеректе жасаудың қайтарылуы міндетті болғанымен, кейін бұл салт ұмытылған болу керек.

Ел аузынан жиналған соңғы деректерге қарағанда, жоғарыдағыдай, мал мен мүлікті міндетті түрде қайтару шарт емес. Қалыңмалы толық алынып ұзатылған қызға берілген жасауды даулау әдетке айналмаған. Қарттардың айтуынша, өлген қыздарының белгісі ретінде төркініне сәукелені қайтару әдеті болған көрінеді. Өйткені сәукеле әуелде қызға арналып жасалған қуаныш белгісі болғандықтан, төркіндері оны «пәлен данның сәукелесі» деп, оның көзіндей көретін ескерткіш ретінде қалдырады.

Сонымен қазақ халқы әдеттік құқ негізіне сүйене отырып, әкем мұрасына иелік етіп, оны мұрагерлер арасында дұрыс бөлісуге көп мән берген. Әкеден қалған мал мен мүлікті орын – орынымен бөлісу үстінде адамгершілікке жатпайтын дүниекорлық, озбырлық қылықтарды істеп, алауыздықтың тууына, көбінесе жол берілмейді. Мұны жоғарыда баяндалған мұрагерлік құқығының сан алуан түрлері қазақтың әдеттік ережелерінде өте орынды ескертілгендігінен де байқауға болады. Марқұмның өлердегі өсиеті, артында қалған жас баларының, жесірінің, қара шаңырағының, тіпті енші алып бөлек кеткен балалары мен ұзатылмаған қыздарының мүддесі және өліктің жетісін, қырқын, жүзін және асын беру шығындары түгелдей ескеріледі. Кейде мұндай дәстүрлі бұзушылар да табылатын. Ондай озбырларда есесі кеткен мұрагерлер билер алдында барса да теңдік алатын. Ондай озбырларда есесі кеткен мұрагерлер билер алдында барса да теңдік алатын.

Мұндай жағдай сирек кездесетіндіктен, оны бүкіл халық болмысына тән деп қарауға болмайды. Мұра бөлісу дәстүрінің әдеттік ережесінде соншалықты мұқият қаралуының өзі оған біреудің озбырлық жасап, қиянат жасауына жол бермеудің ежелден бергі кепілі тәрізді [2, 80 – 83 бб.].

Азаматтың ол қайтыс болған жағдайда өзіне тиесілі мүлікке билік ету жөніндегі өз ықтиярын білдіру өсиет болып табылады. Мәселен, К. азаматтың мүліктік құрамы пәтер, автокөліктен тұрады. К. азамат пәтерді зайыбына, автокөлікті баласына өсиет етіп қалдыруға құқылы.

Азамат өзінің барлық мүлкін немесе оның бір бөлігін заң бойынша мұрагерлер тобына кіретін де, кірмейтін де бір немесе бірнеше адамға, сондай-ақ заңды тұлғаларға және мемлекетке өсиет етіп қалдыра алады.

Өсиетті өзі жасауы тиіс. Өкіл арқылы өсиет жасауға жол берілмейді.

Өсиет қалдырушы себебін түсіндірместен заң бойынша мұрагерлердің біреуін, бірнешеуін немесе барлығын мұрадан айыруға құқылы. Егер өсиеттен өзгеше туындамаса, заң бойынша мұрагерді мұрадан айыру оның ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік етуші ұрпақтарына қолданылмайды.

Мұра қалдырушы кез келген мүлік туралы өкімді қамтитын өсиет жасауға құқылы.

Мұра қалдырушы жасалған өсиеттің оны жасағаннан кейін кез келген уақытта күшін жоюға және өзгертуге ерікті және күшін жоюдың немесе өзгертудің себебін көрсетуге міндетті емес.

Мұра қалдырушының өсиетте өзі мұрагер етіп тағайындаған адамдарға, олар қайтыс болған жағдайда өз кезегінде өсиет еткен мүлікті белгілі бір түрде билік ету міндетін жүктеуге құқығы жоқ.

Өсиет - бұл өсиет қалдырушының өлер алдында өз мүлкін билеу мен мұрагерлерді тағайындау арқылы, заңдық тәртіпке сәйкес және заңда көрсетілгендей куәлардың көрсетуімен жүзеге асырылады. Бұл мінездемеге сәйкес өсиет өсиет қалдырушының өлгеннен кейін еркі іс жүзінде асырылады, алайда ол өлімге дейін бірнеше бұрын құрастырылады және ол өлгеннен кейін күшіне енеді [3, 127 б.].

Өсиет термит екі мағына береді:

Өсиет - бұл құжат, яғни онда өсиет қалдырушының өз еркінен қалыптасып айтуынған сөзі.

Өсиет - бұл келісім, өсиет қалдырушының тікелей өзімен байланысты. Бұл өкіл арқылы немесе сенімді адам арқылы жүзеге аспайды. Мұны өсиет қалдырушы тікелей өзі құруы қажет және бұл аса тікелей жеке құқық болып табылады.

Өсиет бойынша және заңды мұрагерлік бойынша танылған мұрагерлердің мұрагерлік құқықтарын нотариат куәландырумен жүзеге асатындықтан, оның әрекеттерін толық білген жөн. Өсиетті өсиет қалдырушы белгілі бір талаптарымен жасауға құқылы.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1044-ші бабына сәйкес мұрагер бола алатын кез келген адам қосымша тағайындалған мұрагер болуы мүмкін [4, 692 б.].

Өсиет бойынша мұрагердің қосымша тағайындалған мұрагерге пайдасы тимейтін бас тартуына жол берілмейді.

Егер өсиет қалдырушының өсиеттегі мұрагерлері қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1044 - ші бабына сәйкес мұрагер бола алатын кез келген тұлғаны тағайындай алады.

Егер өсиет қалдырушы өзіне тиесілі мүліктің жартысын бір немесе бірнеше тұлғаларға өсиет етсе, қалған мүлік бөлігі айтылмаса (өсиетте көрсетілмесе) мүліктің өсиет етілмей қалған бөлігі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1061-

1064 баптарына сәйкес мұра қалдырушының баласына, зайыбына, ата-анасына, егер заң бойынша мұрагерлердің әрбір келесі кезегі алдыңғы кезектегі мұрагерлер болмаған, не оларды мұрадан шеттеткен және олар мұраны қабылдамаған не одан бас тартқан жағдайда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1074-ші бабының 5-ші бөлігінде аталған жағдайларды қоспағанда, мұрагерлік құқығына ие бола алады.

Өсиет бойынша танылған мұрагерлер де мүліктің өсиет етілмей қалған бөлігі бойынша мұрагерлікке шақырылады.

Өсиеттің нысаны туралы жалпы ережелер мына жағдайларда реттеледі.

Өсиет оның жасалған жері мен уақыты көрсетіле отырып, жазбаша нысанда жасалып, нотариатта куәландырылуға тиіс.

Мыналар:

1. нотариатта куәландырылған өсиеттер;
2. нотариатта куәландырылғандарға теңестірілетін өсиеттер тиісінше ресімделген болып танылады.

Өсиетке өсиет қалдырушының өзі қол қоюы қажет.

Егер өсиет қалдырушы дене кемістіктеріне, науқастығына немесе сауатсыздығына байланысты өсиетке өзі қол қоя алмаса, оның өтініші бойынша оған нотариустың немесе өсиетті куәландырушы басқа адамның қатысуымен өсиет қалдырушының өсиетке өзі қол қоя алмауының себебін көрсетіле отырып, басқа азаматтың қол қоюы мүмкін.

Сонымен қорыта айтқанда, өсиет - бұл өсиет қалдырушының заңдық тәртіпке сәйкес жасалатын еркімен, оған қоса нотариус өз кезегінде өсиет қалдырушының өсиетін куәландыра отырып, өсиет қалдырушыға еңбекке жарамсыз және кәмелет жасқа толмаған және асырауындағылардың мұрагерлерінің құқықтарының қорғау мүмкіншілігін ескеруі керек [45, 225 б.].

Нотариатта куәландырған өсиетті өсиет қалдырушы жазу керек не өсиет қалдырушының айтуымен куәнің қатысуы арқылы нотариус жазуға тиіс. Өсиет қалдырушының айтуымен өсиет жазылған кезде нотариус жалпы жұрт қабылдаған техникалық құралдарды (жазу машинкасы, дербес компьютер және т.б.) пайдалануы мүмкін.

Өсиет қалдырушының айтуы бойынша нотариус жазған өсиетті өсиетке қол қойылғанға дейін нотариус пен куәнің қатысуы арқылы өсиет қалдырушы толық оқып шығуы тиіс.

Өсиетті өсиет қалдырушының өз қолымен жазылуы керек, құрастырған орны, күні, уақыты көрсетілуі тиіс. Өсиет қалдырушының сөзінен нотариус өсиет жазуы керек және өсиет қалдырушының өзі өсиетке қол қоюы керек [5, 25 б.].

Нотариус өсиет қалдырушының сөзінен өсиетті жазып алған және оған қолы қойылған кезде өсиетке қол қоятын куәгерде қатысуға тиіс.

Нотариатта куәландырған өсиеттерге:

- 1) ауруханаларда, санаторийлерде, өзге де емдеу - алдын алу мекемелерінде емделіп жатқан, сондай - ақ қарттар мен мүгедектерге арналған үйлерде тұратын азаматтардың осы ауруханалардың, санаторийлердің, өзге де емдеу - алдын алу мекемелерінің бас дәрігерлері және кезекші дәрігерлері, сондай - ақ қарттар мен мүгедектерге арналған үйлердің директорлары, бас дәрігерлері куәландырған өсиеттері;
- 2) госпитальдарда, санаторийлерде және басқа да әскери - емдеу мекемелерінде емделіп жатқан әскери қызметшілер мен басқа адамдардың осы госпиталдардың, санаторийлердің және басқа әскери - емдеу мекемелерінің бастықтары, олардың

медицина бөлімі жөніндегі орынбасарлары, аға және кезекші дәрігері куәландырған өсиеттері;

3) жүзу кезінде Қазақстан Республикасының жалауымен теңіз кемелерінде немесе ішкі жүзу кемелерінде жүрген азаматтардың осы кемелердің капитандары куәландырған өсиеттері;

4) барлау және басқа да экспедицияда жүрген азаматтардың осы экспедициялардың бастықтары куәландырған өсиеттері;

5) нотариустары және нотариат әрекеттерін жасауға уәкілдік берілген лауазымды адамдары жоқ әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің әскери - оқу орындарының орналасқан мекендеріндегі әскери қызметшілердің өсиеттері, сондай - ақ осы бөлімдерде жұмыс істейтін жай адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің де әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің де әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелер мен оқу орындарының командирлері (бастықтары) куәландырған өсиеттері;

6) бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың бас бостандығынан айыру орындарының бастықтары куәландырған өсиеттері теңестіріледі

Әдебиеттер тізімі:

1 Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. Алматы: Қайнар, 1996. -140 б.

2 Арғынбаев Х. Әке мұрасы және мұрагерлік құқы. // Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер – Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық. / Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов. Өзгертіліп, толықтырылған 2 – басылым. Қазақша, орысша, ағылшынша. - Алматы: «Жеті жарғы», 2004. - II Том.-2004.-672 б.

3 Диденко А.Г. Приобретение наследства. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Вып.24.-Алматы: Юрист, 2006.-320 с.

4 Ильясова К.М. гл 58. Наследование по завещанию. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: «Жеті жарғы», 2006. – 702 с.

5 Ильясова К.М. гл 58. Наследование по завещанию. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: «Жеті жарғы», 2006. – 702 с.

6 Баянова А.Е. Изменения понятия завещания по законодательству Республики Казахстан. // Актуальные проблемы современного гражданского права. Том 2. Материалы Международной научно–теоретической конференции аспирантов и соискателей, посвященной 10-летию Независимости Республики Казахстан. Алматы, 2001. / Отв. ред. М.К. Сулейменов. - Алматы: КазГЮА.2001.- 320 с.

Резюме

В статье автор рассмотрел особенности открытия и актуальные вопросы, возникающие при открытии наследия. Изучив статью, она выявила основные проблемные моменты в теории и практике.

Summary

In the article, the author examined the exclusivity and the actual questions, which opened up the disclosure. Finding the subject, he revealed the basic moments in the theory and practice of the fundamental issues.

Бешен Н.Б.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының 1-курс магистры
Ғылыми жетекші:
з.ғ.к., доцент
Терликбаев Қ.Т.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ НОРМАЛАРДЫҢ БӘСЕКЕЛЕСТІГІ ЖӘНЕ КӨПТІК ҚЫЛМЫСТАР

Қылмыстық заң нормаларының бәсекелестігі құқық теориясы және практикасының дербес институты ретінде оларды тергеу және тиісті соттың істерді тексеру барысында қолдануда белгілі бір қиындықтарды туындатады. Бұлардың бастауы қылмыстық-құқылық нормалардың құрастырылуының өзінде: жалпылама тұжырымдар және ҚК-тің баптарының диспозицияларын нақтылауда олардың бекітулері мен талаптарынан. Сондықтан қылмыстық заң нормаларын жасақтаушылар мен құрастырушыларға заңшығарушы тарапынан қойылатын талаптар өсе түседі.

Кілт сөздер: қылмыс, құқық бұзушылық, норма, объективтік жағы, санкция, бәсекелестік.

Қылмыстық құқықтағы нормалардың бәсекелестігін қарастырмас бұрын, бәсекелестіктің жалпы түрі болып табылатын, құқықтағы коллизияны қарастыруымыз керек.

Коллизиялардың түрлерін жіктеу бірнеше негіз бойынша жүргізіледі. Құқық немесе заңнама жүйесі тұрғысынан құқық арасындағы, салааралық және ішкі салалық коллизияларды бөлуімізге болады.

Құқықаралық коллизиялар әртүрлі құқықтық жүйелерге жататын құқық нормаларының арасында пайда болады. Осыған байланысты, халықаралық және ішкі мемлекеттік қылмыстық құқық нормаларының коллизиясын, ұлттық және шетелдік қылмыстық құқық нормаларының коллизиясын бөлуімізге болады. Бұл коллизиялар халықаралық құқықтың зерттеу пәніне жатады.

Салааралық коллизиялар қылмыстық, қылмыстық-процессуалдық, қылмыстық атқару, конституциялық, әкімшілік сияқты әртүрлі құқық салаларының ережелерінің арасында туындайтын қатынастарды білдіреді.

Барлық салааралық коллизиялар: конституциялық және салалық нормалардың коллизиясына, материалдық және процессуалдық нормалардың коллизиясына, реттеуші және қорғаушы нормалардың коллизиясына бөлінеді.

Ішкі салалық коллизиялар бір салаға тиісті құқық нормаларының арасында пайда болады. Қылмыстық құқықтың құрылысына байланысты, олар Жалпы бөлім нормаларының коллизиясы, Ерекше бөлім нормаларының коллизиясы, Жалпы және Ерекше бөлім нормаларының коллизиясы деп бөлінеді [1].

Нормалардың бәсекелестігіне байланысты В.Н. Кудрявцевтің берген анықтамасы біздің көзқарасымыз бойынша дұрыс ретінде қарастырылады. Яғни, «бәсекелестік – жасалынған бір қылмыста бірмезгілде екі немесе одан да көп қылмыстық-құқықтық нормалардың белгілері көрінеді» [2, 210 б.].

А.А. Герцензон: «Жасалынған қылмыс үшін жазаланушылықты бірдей мөлшерде қарастыратын екі немесе одан да көп қылмыстық заңдардың болуы» деп көрсетеді [3, 21 б.].

В.А. Сергиевскийдің пікіріне сүйенсек: «Қылмыстық-құқықтық норма бәсекелестігі дегеніміз - белгілі бір жасалған бір қылмыстың белгілері Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің екі немесе одан да көп баптарының нормаларына сай келсе, яғни қылмыстың бір уақытта бірнеше қолданыстағы нормаларды қамтуын айтамыз» десе, Б.А. Куринов: «Қылмыстық құқық теориясындағы қылмыстық құқықтық нормалардың бәсекелестігі деп - бір қылмыстың бір уақытта Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің әртүрлі баптарымен қамтылуы», деп көрсетеді [4, 165 б.].

Сот және прокуратура, құқық қорғау органдарының тәжірибесінде, қылмысты саралау, нормалардың бәсекелестігімен тығыз байланысты. Сонымен қатар, нормалардың бәсекелестігі қылмыстық заңның өзгеруімен де байланысты.

Мысалы, К. деген ет комбинатының бастығы басқа азаматпен мәміле жасайды. Мәміледе К. 459т. дайындалмаған етті артығымен жазып жібереді. Осыған орай, ауданның жоспар беруі 32 пайызға өседі, яғни К. өз қызметін өкілеттілігін қызмет мүдделеріне кереғар пайдаланады, оның бұл әрекеті пайдакүнемдікпен және өзінің жеке басының мүддесі үшін жасалынып отыр, сонымен бірге құжатқа көрінеу жалған мәліметтер енгізіп отыр. ҚР ҚК төменде көрсетілген қызметтік жалғандық жасау және (369 бап), қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (361 бап), яғни өзінің жеке мүддесі үшін мемлекетке зиян келтірді. Тергеушінің міндеті қылмыстық - құқықтық нормалардың бәсекелестігі кезінде, олардың біреуін таңдау.

Сонымен, қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігінің ұғымынан көретініміз, жасалынған жеке қылмыста бірнеше нормалардың белгілерінің болуы. Осыған байланысты, қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігінің келесі түрлерін бөліп көрсетуімізге болады:

- құрамдас қылмыстарды жасау барысындағы, қылмыстық-құқықтық нормалардың бөлік және тұтас түріндегі бәсекелестігі;
- ауырлататын белгілері бар қылмыстарды жасау барысындағы жалпы және арнайы қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігі;
- идеалды жиынтық барысында қарастырылған іс-әрекеттің ауырлық дәрежесіне байланысты қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігі.

В.Н. Кудрявцев нормалардың бәсекелестігін мазмұны мен көлеміне байланысты екі түрге бөледі: а) жалпы және арнайы нормалардың бәсекелестігі; ә) бөлік және тұтас нормалардың бәсекелестігі.

Б.А. Куринов қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігін үшке бөліп қарастырады: а) жалпы және арнайы нормалардың бәсекелестігі; ә) арнайы нормалардың бәсекелестігі; б) бөлшек және тұтас нормалардың бәсекелестігі.

В.П. Малков қылмыстық-құқықтық норма бәсекелестігінің алты түрін көрсетеді: а) жалпы және арнайы нормалардың бәсекелестігі; ә) арнайы нормалардың бәсекелестігі; б) одақтық және республикалық маңыздағы нормалардың бәсекелестігі; в) әртүрлі одақтас республикалардың нормаларының бәсекелестігі; г) шет мемлекеттің қылмыстық заң нормасымен ұлттық қылмыстық заңның нормасының бәсекелестігі; д) ұлттық қылмыстық заң нормасымен халықаралық құқық нормаларының бәсекелестігі [5, 182 б.].

Біз Б.А. Куриновтың пікірімен келісе отырып, қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігінің үш түрін қарастырамыз.

1. Жалпы және арнайы нормалардың бәсекелестігі.

Нормалардың бәсекелестігінің бұл түрі Қылмыстық кодекстің 12 бабының 3 бөлімінде көрсетілген: «Егер де, қылмыс сәйкес баптың жалпы және арнайы нормаларының белгілеріне сәйкес келсе, қылмыстардың жиынтығы болмайды да, қылмыстық жауаптылық арнайы норманы қарастырылған бап бойынша туындайды».

Қылмыстық заңда қылмыстың арнайы құрамы өзінің белгілері бойынша жалпы құраммен сәйкес келгенімен де, заңшығарушы арқылы қылмыс құрамының элементінің біреуінің ерекшелігіне байланысты дербес нормада қарастырылған.

Қызмет өкілеттігін теріс пайдаланғандығы (ҚК 361 б.) үшін жауаптылықты көздейтін жалпы нормадан, қылмыстың субъектісінің белгілеріне байланысты құқыққорғау органдарының қызметкерлері тарапынан қызмет өкілеттігін теріс пайдаланудың арнайы топтары бөлінген.

Арнайы нормалар қылмыстың затының белгілері, қылмысты жасау әдістері және т.б. белгілер бойынша бөлінуі мүмкін.

Арнайы нормалардың түзілу процесі алуан түрлі: мысалы, бір жалпы нормадан бір немесе бірнеше арнайы нормалар түзіледі.

Малыхин жалпы және арнайы норманың бәсекелестігінің әр түрлігін төртке бөліп айқындайды: а) (қарақшылық, 192-бап), яғни бөтен мүлікті ұрлау мақсатында шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына күш көрсетсе, екіншісі (106-бап) денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтірсе - бірінші (106-бап) қылмыстық құқықтық норма өз мазмұнын толық қамтиды, екінші қылмыстық құқықтық норма тек қана белгілі бір бөлшегін қамтиды, алғашқысы жалпы сипатта, соңғысы арнайы сипатта. б) белгілі бір көрсетілген баптың тармақтарына байланысты норма бәсекелестігі сараланады. Мысалы, (ұрлық 188-бап), ұрлықтың екінші бөлігінің, бірінші тармақшасы адамдар тобының алдын - ала сөз байласуы бойынша. Бірінші бөлігінде ұрлықтың негізгі құрамы көрсетілген, яғни жалпы норма екінші бөлігінің тармақшасында құрамның саралануы көрсетілген, яғни арнайы норма, в) әр түрлі бапта көрсетілген белгілі қылмыс құрамының сараланған және олардың бір - бірімен негізгі бәсекелестігі, мәселен (99-бап) адам өлтірудің негізгі құрамы қамтылады, яғни жалпы норма, ал (100-бап) жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі, арнайы норма, г) негізгі құрам бәсекелестігі ауырлататын жағдайдағы мән-жайлар құрамының бәсекелестігі. Мысалы, жалпы норма 96-бап, арнайы норма 99-бапты 2-бөлімінің «10» тармағы.

Жалпы және арнайы нормалардың бәсекелестігінің бір түрі ретінде негізгі және ауырлататын, негізгі және жеңілдететін құрамдардың бәсекелестігін қарастыруымызға болады. Бұндай бәсекелестік барысында әр уақытта арнайы нормалар қолдануға жатады.

Жалпы және айрықша, арнайы және айрықша нормалардың бәсекелестігі. Қылмыстық заңда айрықша нормалардың қатарына жасы толмағандардың қылмыстық жауаптылығының ерекшелігін белгілейтін Қылмыстық кодекстің VI тарауы жатады. Бұл нормалар, жалпы нормалармен салыстырғанда жазаның түрі және мөлшеріне, қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімдеріне, соттылықты жоюдың мерзімдеріне, жазадан босатуға байланысты елеулі шектеулерді білдіреді. Жалпы, арнайы және айрықша нормалардың коллизиясын болдыртпас үшін, келесі ереже қолданылады: айрықша норманың әрекеті жалпы және арнайы норманың әрекетін тоқтатады.

2. Арнайы нормалардың бәсекелестігі.

Бірнеше арнайы нормалардың бәсекелестігі – оларда қарастырылған жазаның жеңілдігіне немесе ауырлығына байланысты ең арнайы норманың пайдасына шешілуі қажет.

Арнайы нормалардың бәсекелестігіне екі ауырлататын, екі жеңілдететін және ауырлататын немесе жеңілдететін құрамдардың бәсекелестігін жатқызамыз.

Екі ауырлататын мән-жай көрсетілген нормалардың бәсекелестігі. Ауырлататын мән-жайлар көрсетілген баптың әртүрлі бөлімдерінің бәсекелестігі барысында, нақты жағдайда қарастырылғандардың ішіндегі ең қауіпті белгілері бар

норма қолданылады. Мысалы, бұрын зорлау үшін соттылығы бар адам, қайта он төрт жасқа толмаған жәбірленушіні зорлайды. Кінәлінің әрекетінде, бір мезгілде ҚР ҚК 120 бабының 2 және 3 бөліктерінде қарастырылған ауырлататын белгілер бар. Бұндай жағдайда, приоритет әруақытта ең ауыр мән - жай көрсетілген нормаға берілуі тиіс.

Екі жеңілдететін мән-жай көрсетілген нормалардың бәсекелестігі.

Бұндай жағдайларда ең жеңілдететін мән-жай көрсетілген нормаға басымдық беріледі.

Ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар көрсетілген нормалардың бәсекелестігі барысында жеңілдететін норма қолданылуға жатады. Ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар көрсетілген нормалар бәсекелестігінің дұрыс шешілмегендігі келесі мысалдан көрінеді.

Я-ның үйінде қонақта отырып, Иванов әйелін қызғанып, Я-мен төбелес шығарып, ерте үйіне кетіп қалады. Әйелін күтіп отырып, ол түнде өзінің үйінің жанында әйелі мен Я-ның арасындағы жеке интимдік әңгімені естиді. Үйінен шыққанда, ол әйелі мен Я-ның жыныстық қатынасқа түсіп жатқандықтарын көріп, қатты күйзеліп, қабырғада ілулі тұрған шананы ала салып, әйелі мен Я-ның басынан ұрғылай береді. Шана сынып қалған соң, инеағашты ала салып, екеуін инеағаш сынып қалғанша ұрады. Келтірілген жарақаттардан оның әйелі мен Я қайтыс болған. Ивановтың әрекеті ауырлататын жағдайда кісі өлтіру ретінде, ҚК 99б. 2б. «5» тармақшасымен сараланған. Берілген саралау дұрыс емес, әрекет ҚК 101 бабы бойынша саралануы тиіс.

3. Тұтас және оның бөліктерінің бәсекелестігі барысында, іс-әрекет бір мезгілде бірнеше нормалардың әсеріне түседі. Бұлардың біреуі жасалынған іс-әрекетті толығымен қамтыса, басқасы оның тек жеке бір бөлігін ғана қамтиды. Бәсекелестіктің бұл түрі жеке жай және жеке күрделі қылмыстардың қақтығысуы салдарынан туындайды. Яғни, бір қылмыс басқа қылмыстың міндетті немесе ауырлататын белгісі болған жағдайларда кездеседі. Мысалы, қарақшылық (ҚР ҚК 192б.) барысында, меншікті иемдену кезінде, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіпті зиян келтіріледі.

Тұтас және оның бөліктерінің бәсекелестігі барысында тұтас норма қолданылуға жатады.

Берілген анықтамадан сот тәжірибесі өңдеп шығарған ауытқу бар: егер бөлік жасалынған тұтас әрекетке қарағанда ауыр қылмысты білдірсе, іс-әрекет қылмыстардың жиынтығын құрайды.

Қылмыстық құқықтық нормалардың бәсекелестігінде саралау, яғни нормаларды дұрыс саралау келесі қағидаларды ұстанғанда ғана жүзеге асырылады:

1. іс-әрекетті тез арада зерттеу мен белгілерін анықтау;
2. ҚР ҚК Жалпы және Ерекше бөлімдерін қолдана білу.

Жалпы және арнайы норма. Қылмыс құрамы бір ғана қылмыстық-құқықтық нормада - бір бапта көрсетілуі мүмкін. Мысалы: (369-бап) қызмет жөніндегі жалғандық. Басқа жағдайларда ҚК бір бабында қылмыс құрамының бір немесе бірнеше түрі қарастырылады. Мысалы, ҚК 361-бабында қылмыстың қауіптілік дәрежесіне қарай билікті немесе қызметтік өкілеттілікті асыра пайдаланудың үш құрамы көрсетілген баптың бірінші бөлімінде осы қылмыстың жай түрі ал екінші, үшінші бөлігінде осы қылмыстың ауыр-немесе өте ауыр түрлері көрсетілген; ҚР ҚК Ерекше бөлімінің тиісті баптарының диспозицияларында жекеленген қылмыс құрамдары көрсетілген. Қылмыстық құқықтың осы нақты құрамдарына қарсы іс-әрекет істеуді құқыққа қайшылық деп атау қалыптасқан. 1960 жылға дейін қолданылған ҚК ұқсастығы бойынша, яғни, қылмыстық заң нормасында әдейі

көрсетілген іс-әрекеттерге де сонда көрсетілген соған ұқсас жақын нормаларды қолдануға жол берілген еді. Бұның өзі заңды бұзуға және осы мәселеде бейберекетсіздікке кетушілікке әкеп соғады. ҚР 1995 жылғы жаңа Конституциясында, осыған орай жаңа ҚК қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді делінген. Адамның қылмыстық құқықтық норма тыйым салған іс-әрекеттерді істеуін қылмыстық құқыққа қайшылық деп атаймыз. Құқыққа қайшылықта норма бәсекелестігі, яғни жалпы және арнайы норма түрінде қолданылады.

А.Н. Ағыбаев, қылмыстың түрлік белгілері дегеніміз - барлық қылмыстарға ортақ, олардың қоғамға қауіптілігі және құқыққа қайшылығын білдіретін жиынтығыны көрінісі, деп көрсеткен [6, 98 б.]. Түрлік белгіге жатпайтын тек қана жекеленген қылмысқа тән белгілер қылмыс құрамына қосылмайды. Сондықтан да олар қылмыс құрамынан тысқары болады да, осыған байланысты оның қылмысты саралау үшін маңызы болмайды. Мысалы, біреудің мүлкін ұрлағанда (ақша, зат, құжат т.б) немесе ол ұрлықты қашан болғаны қылмысты саралауға әсер етпейді. Түрлік белгі сол немесе басқа қылмыстық міндетті белгілері болып табылады. Осы түрлік белгілердің біреуі жоқ болса, онда қылмыс құрамы болмайды. Мысалы, басқа біреудің мүлкін ұрлауды түрлік белгісі - оны жасырын ұрлау. Егер басқа біреудің мүлкін алу жасырын түрде емес, ашық түрде жүзеге асырылса, онда ұрлық емес, басқа қылмыс құрамы - тонау болады. Қылмыс құрамы бір ғана қылмыстық құқықтық нормада көрсетіледі. Бұл жерде норма бәсекелестігі болмайды. Толық және бөлшек нормалардың бәсекелестігі қылмыс құрамының элементтерінде қаралады. Олар: объектісі, объективтік жағы, субъектісі, субъективтік жағы. Қылмыстың объектісі бойынша, мысалы абайсызда адам өлтіру (104-бап) 1997 жылғы ҚК бойынша абайсыздықта адамға өлім келтіру, адам өлтірудің қатарына жатпайды, ол өз алдына жеке қылмыс болып табылады. Бұл жерде, оның адам өлтіруден негізгі айырмашылығы өлімнің болуына қатысты кінә нысанының өзгешелігінде.

Қылмыстың объективтік жағы бойынша көптеген нормалар бәсекелеседі. Мысалы, қарақшылықты (192-бап) объективтік жағы - адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен немесе тікелей осындай күш қолдану мен қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау арқылы белгіленеді. Осыған оғай қарақшылықтың объективтік жағы негізінен екі әрекет арқылы: шабуыл жасау және күш көрсету арқылы жүзеге асырылады. Тонау (191-бап) объективтік жағынан белсенді әрекет күйінде бөтеннің мүлкін ашықтан - ашық талан-таражға салу арқылы жүзеге асырылады.

Норма бәсекелестігінде көптеген қателіктер қылмыстық құқықтың жүйесін білмеуден жіберіледі. Іс-әрекетті дұрыс саралау үшін норма бәсекелестігінің көлемі, мазмұны жағынан толық норманы қолдануымыз қажет. Ал санкцияның балама рөлі қылмыс құрамымен салыстырғанда норма бәсекелестігінің жалпы және арнайы нормасынан айқындалады. Мәселен, (369-бап) қызметтік жалғандық жасау ең көп жауапкершілікке екі жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады, ал (389-бап) өзінше билік ету үшін үш немесе бес жылға дейінгі бас бостандығынан айыруға жазаланады, ал ауырлататын жағдайда жеті жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Санкция норма бәсекелестігінің сұрағы шешілгеннен кейін беріледі. Іс - әрекетті дұрыс саралап, қылмыстық заңды дұрыс қолдану үшін істің нақты мән - жайын, сондай-ақ қылмыстың қылмыс емес әрекеттен, бір қылмысты екінші қылмыстан айыруға мүмкіндік беретін құрам нышандарын жақсы білуіміз қажет. Қылмыстың норма бәсекелестігін саралауда маңызды рөл атқарады. Әрекетті неғұрлым толық, әрі дәл сипаттай алатын норманы

қолданылатыны хақ. Оның «толықтай» болуы, дәл қазіргі тұста қылмыс құрамының элементтерін құрайтын барлық белгілердің болуына байланысты болса, «дәлдігі» қылмыс белгілерінің жеке сипаттамасы мен мөлшеріне қатысты. Алғашқысының өзіне екі жақты келу ләзім. Жоғарыдан көрініп отырғандай, қылмысты саралау үстінде толық сәйкестік орнату кезінде, біріншіден, бір баптың бөліктері, екіншіден, әртүрлі баптар назарға ілінеді. Бір баптың бөліктері бірінен біріне өтіп саралануы ниеттің, мақсаттың, заттың нақтылануынан көрініс табады.

Қылмысты саралау мәселесі теория бойынша да, тәжірибе тұрғысынан алғанда да, күрделі де маңызды мәселелердің бірі, себебі қылмыстық заңның тиімділігі де, бұл заң қолданылған адамның тағдыры да жасалған әрекеттің қалай сараланғандығына байланысты. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімнің нормаларын қолдануда заңсыздыққа жол бермеуіміз, маңызды мәселелердің бірі. Мұндай жат қылықтарға, кемшіліктерге жол бермеу үшін сот тергеу материалдарына терең талдау жүргізіп, осы тұрғыдағы әр түрлі теориялық пікірлерге толық, жан-жақты ғылыми талдау жасап, осы қылмыстан сақтандыруға негіз болатын ғылыми ұсыныстар жасау біздің міндетіміз болып табылады. Нормалардың мазмұнына көз жүгіртсек, жекеленген қылмыс құрамының ерекшеліктерін анықтау, яғни қылмыс құрамына заңдылық талдау жасау болып табылады. Тәжірибе саласында бір тектес норманың екі немесе одан да көп қылмыста кездесетіні ақиқат. Осыған орай қылмысты саралау қиындыққа келіп тіреледі де, оны анықтаудың қаншалықты маңызды екені өзінен өзі түсінікті. Норма бәсекелестігінде саралау мәселесін дұрыс анықтаудың маңызды тәжірибелік, теориялық мәні бар.

Жасалған қылмыстың барлық мән-жайын жан-жақты, толық, әрі әділ зерттеу жөніндегі заң талаптарын дұрыс орындау норма бәсекелестігінің ерекше көрінісі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.- Алматы: ЮРИСТ, 2015ж.
- 2 Кудрявцев В.Н. Общая теория квалификации преступлений – М.: Юристь, 1999. – 210 с.
- 3 Герцензон А.А. Квалификация преступлений. – М., 1974. – С. 21
- 4 Куринов Б.А. Научные основы квалификации преступлений – М.: Издательство МГУ, 1976. – 165с.
- 5 Малков В.П. Совокупность преступлений. – Казань: издательство Казанского университета, 1974. – 182 с.
- 6 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: оқулық – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 98 б.

Резюме

В статье также рассматриваются конкуренция норм уголовного права и правила квалификации преступлений при ее наличии. Приводятся аргументы в пользу правомерности выделения конкуренции норм уголовного права при квалификации преступлений. Из всех видов данной конкуренции, выделяемых в науке, автор соглашается с существованием в уголовном праве лишь двух: конкуренция общей и специальной норм и конкуренция части и целого. Приводятся правила квалификации преступлений при конкуренции общей и специальной нормы. Формулируются правила квалификации при конкуренции части и целого. Высказываются предложения по совершенствованию как уголовного законодательства, так и практики его применения.

Summary

Thus, the cases specified in common or specific parts do not compete. The article analyzes the collision of the norms in criminal law and the rules of classifying crimes if necessary. The arguments are given for the lawfulness to specify the collision in criminal law when classifying crimes. Among all the types of this collision, the author admits the existence of only two in criminal law, i.e. competition of common and special norms and the competition of part and parcel. Rules are given of qualifying crimes when rivaling common and special norms. Rules of qualifying are made up concerning part and parcel. A suggestion is expressed that practice of applying criminal law and its further development require improvements.

ОӘЖ:327(075)

Дарибаева Ж.
Д.А.Қонаев атындағы
Еуразиялық заң академиясының
2 курс магистранты
ғылыми жетекшісі:
з.ғ.к., доцент Ильясова Б.К.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰҚЫҚ АРАҚАТЫНАСЫНЫҢ НЫСАНДАРЫ

Бұл мақалада автор халықаралық және ұлттық құқық арақатынасының нысандарын жан жақты қарастырған.

Кілт сөздер: Халықаралық-құқықтық құжаттар, халықаралық және ұлттық құқық, халықаралық құқық нормалары, құқық шығармашылық.

Халықаралық және ұлттық құқық арақатынасын жалпы сипаттағанда түрлі анықтамалар қолданылады: «өзара байланыс», «бір біріне әсер ету», «бейімделу» және т.б. Аталған құқық жүйелері арақатынасының нысандарына талдау жасаған кезде ғалымдар түрлі терминдер қолданады: жіберу, рецепция, трансформация, имплементация, ұлттық-құқықтық имплементация, адаптация (бейімделу), легитимация және т.б. Ұлттық құқыққа халықаралық құқық нормаларын енгізу процесін сипаттайтын «трансформация» сөзі барынша жиі қолданылады. «Трансформация» терминін көптеген ғалымдар қолдамайды. Мысалы, А.Гринберг итальяндық заңгерлердің (А.Пергола, К.Мортати) тәжірибесіне талдау жасай отырып, трансформация емес, бейімделу терминін қолдану екі құқықтық тәртіп арақатынасының дуалистік теориясы тұрғысынан барынша ақталған және процестің өзінің заңды мәнін нақтырақ көрсетеді және соның арқасында халықаралық-құқықтық норманың қайта құрылуы емес, нақты халықаралық нормаларға сәйкес келетін ішкі құқықтық нормалардың құрылуы туралы айтады. Халықаралық және ішкі құқық арақатынасы нысандарын сипаттайтын терминдердің көптігі әбден ақталған, себебі халықаралық құқық нормаларының әрекет ету мәселесін әр мемлекет өз бетінше шешеді, өйткені мемлекеттің мойнына алған халықаралық міндеттемелерді (нормаларды) орындауды қамтамасыз ету нысандары мен әдістері әр мемлекеттің жеке құқығына тиесілі, ол ұлттық құқықты жетілдірумен қатар, әрі

қарай жемісті жұмыс жасау үшін халықаралық және ұлттық құқық арақатынасы аясындағы терминологияны белгілі жүйеге келтіруді талап етеді, өйткені ғылыми зерттеуге деген маңызды талаптардың бірі зерттеуші қолданатын түсініктердің нақтылығы болып табылады. Түсініктердің мазмұнын нормативтік, немесе бірінші кезеңде, доктриналды бекіту құқықты біркелкі норма шығармашылықта, түсіндіруде және қолдануда маңызды рөл ойнайды.

Ұлттық және халықаралық құқық арақатынасының дәстүрлі нысаны осы жұмыстың кіріспесінде көрсетілген бірқатар ғалымдардың еңбектерінде көп рет қарастырылған болатын. Соған қарамастан, халықаралық-құқықтық нормаларды ғылыми «түгендеу» (инвентаризация) қажеттілігі, ішкі мемлекеттік құқық нормаларымен салыстыру негізді, кездейсоқ емес сипатта болу үшін «сап бойынша» орналастыру туралы 1980 жылдар ортасында А.М.Васильев жазған болатын. [1,656].

Ғылыми әдебиеттерде халықаралық және ұлттық құқық арақатынасын сипаттайтын терминдер мен түсініктер бойынша әр қилылық байқалатындықтан, біз бұл бөлімде құқық тарихында бұрыннан белгілі құбылыстарды белгілеу үшін ұлттық және халықаралық құқық арақатынасы нысандарының жіктелуіне тоқталамыз.

Нақты саны белгісіз және бір бөлігі ғана мемлекеттердің Парламенттерінде ратификацияланатын халықаралық шарттар халықаралық құқықта басты орынды алады. Ратификацияланған халықаралық шарттардың саны олардың маңыздылығын білдірмейді. Көп жақты шарттардың кейбіреуі ғана мүмкін болатын ратификациялар санын жинай алады. БҰҰ аясында қабылданған Конвенциялардан мұндайға тек қана БҰҰ-на мүше мемлекеттердің жалпы санының 4/5 ратификациялаған 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясын жатқызуға болады. Басқа конвенция мен келісімдерге 1/7, 1/3, 1/2 және т.б. қатысады. Бұдан жасайтын қорытынды халықаралық келісімдер қатысушыларының санын кеңейту әлемдік қауымдастықтың алдына қойған міндеттерінің бірін білдіреді [2,646.]. Бұл халықаралық құқық нормаларының едәуір табысты және едәуір кең әрекетінің кепілі болып табылады.

Халықаралық-құқықтық құжаттардың әр түрлі деңгейлігі ұлттық құқықтың олармен әр түрлі қатынасқа түсуіне әкеп соғады. Егер ұлттық заңнама иерархия және т.б. түрдегі нақты жіктелген болса, онда халықаралық құқық күрделі, жіктеуге қиындық туғызатын үлкен материал болып табылады. Төменде халықаралық құқық пен ұлттық құқық арақатынасының талдауын ұсынып отырмыз, ол логикалық байланыстағы талданып отырған материалды топтарға жіктеуге мүмкіндік береді және талдау үшін ыңғайлы болып табылады.

Халықаралық құқық, Г.И.Тункиннің классикалық болып кеткен анықтамасына сәйкес, мемлекеттердің және халықаралық құқықтың басқа да субъектілерінің «еріктілік келісімі» жолымен жасалады. Еріктілік келісімі түрлі деңгейде, халықаралық құқық субъектілерінің түрлі дәрежедегі белсенділігімен жасалады және ұлттық құқыққа деген әсерінің түрлі деңгейі бар және керісінше ұлттық құқық халықаралық құқық нормаларының жасалуына түрліше әсер етуі мүмкін. Сондықтан халықаралық құқық нормаларының жасалуын жіктеу негізіне және оның ұлттық құқықпен арақатынасына біз сандық және уақыттық факторлар енгіздік. Сандық фактор халықаралық шартқа қатысушы мемлекеттердің санын көрсетеді. Уақыттық фактор халықаралық шарт жасасу немесе оған қосылу көрсеткіші болып табылады. Біздің ұсынып отырған жіктеудің бірінші деңгейінде екі жақты мемлекетаралық шарттар жатады, олардың нормалары халықаралық құқықтың бірінші деңгейі ретінде мемлекетаралық құқықтың жиынтығын құрайды. Аталған терминді И.Кант (1724-1804 жж.) қолданды, ол «Құқық туралы ілімнің метафизикалық бастауы» еңбегінде «мемлекеттердің бір-біріне деген құқығы... халықаралық құқық деп аталуы дұрыс

емес,- дұрысы, мемлекетаралық деп аталуы тиіс (jus publicum civitatum)» [3,586.]. И.Канттың терминді нақтылауға деген әділ пікірі доктринамен де, тәжірибемен де қабылданған жоқ. В.А.Василенко мұның себебі, алғашқыда француз, кейіннен ағылшын тілдері болған XIX ғ. дипломатиялық тілдерінде халық, ұлт, мемлекет сөздері синоним болғандықтан болуы мүмкін деп санайды[4,17 б.].

Мемлекетаралық құқықта халықаралық құқық нормаларын құрайтын ұлттық құқық нормаларының өзара әсері байқалады. Бұл мемлекеттің құзырлы органдары ратификациялаған, сонымен қатар ратификацияланбаған шарттары да болуы мүмкін. Әлемде таралған тәртіп бойынша Парламент ратификациялаған халықаралық шарттар әрекет етуші ұлттық құқыққа қарағанда жоғары заңды күшке ие болуы тиіс. Қалған шарттар өзінің иерархиясы бойынша мемлекетте әрекет ететін заңнамадан төмен тұрады және міндетті түрде ұлттық заңнамамен келісіледі. Бұл мысалы, Қазақстан Республикасына тән.

Жалпы халықаралық құқық - әлемнің бүкіл аумағын қамтитын мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымының белсенді қатысуымен жасайтын құқық. Аталған терминді анықтаған кезде өз алдына алынған мемлекет немесе аймақтың халықаралық құқығы, мысалы, «Қазақстан Республикасының халықаралық құқығы» немесе «халықаралық африкалық құқық» және тіпті «халықаралық америкалық құқық», сонымен қатар «ТМД немесе Еуропалық Одақ халықаралық құқығы» бола алмайтынын негізге алдық.

Аймақтық құқық екіден артық мемлекеттер арасында, бірақ бір аймақ шегінде жасалған шарт негізінде жасалады. Аймақтың негізгі географиялық бірлігі – әлем бөліктері (Африка, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, Азия, Еуропа, Австралия мен қоныстанбаған Антарктиданы қоспағанда), бірақ құрықаралық аймақтық бірлесу де мүмкін.

Аймақтық құқықтың негізгі өзегі ірі мемлекеттер тобы болып табылады және аймақтың бірнеше немесе барлық мемлекеттері оған қабыса отырып жасалады. Субъектілердің құқықтық мәртебесіне байланысты мемлекетаралық жүйелер, халықаралық ұйымдар мен мемлекеттер арасындағы және халықаралық ұйымдар арасындағы жүйелер ажыратылады.

Халықаралық және Қазақстан Республикасы ұлттық құқығы арақатынасындағы нақтыланған терминологиялық база, біздің ойымызша, терминдердің үш блогынан тұрады. Арақатынас нысандары өзара тығыз байланыста болғаны халықаралық құқық нормаларының ұлттық құқыққа енуінің көп аспектілігі туралы дәлелдейтіндігін ескеру қажет.

Трансформация. Құқықтануда «трансформация теориясы» бар, ол термині бойынша мемлекетішілік құқықта халықаралық-құқықтық нормаларды жүзеге асыру үшін тиісті мемлекеттің құқықтық актісімен жанамалануы тиіс, яғни халықаралық шартты жасау мен ішкі құқық субъектілерінің арасында мемлекеттің ерік актісі болуы керек. Бұл ғылымда халықаралық және мемлекетішілік құқық құқықтың әр түрлі жүйелеріне жататыны туралы пікір кең тарағандықтан, халықаралық шарт мемлекеттің егемендігіне байланысты мемлекетішілік құқық субъектілері үшін тікелей құқықтар мен міндеттер жасай алмайды. Бұл теория халықаралық құқық үшін негізінен Е.Т. Усенко, Д.Б. Левин, С.В. Черниченко, Р.А. Мюллерсон енгізген.

«Трансформация» термині (латынның transformatio – қайта құру, өзгерту) қайта құруды, өзгертуді білдіреді. Көбінесе қоғамдық ғылымдар бұл түсінікті радикалды құрылымдық өзгерістерді суреттеу үшін қолданады. Ол қоғамдық ұйымның жаңа сапалы жағдайына көшуді білдіреді. Трансформациялық процесс келесідей сатылардан өтеді: қоғамның осы күнгі жағдайын қайта бағалау; әлеуметтік

диагностика, дағдарыстан шығудың мүмкін жолдарын анықтау; ескірген жүйені бөлшектеу; қоғамның жаңадан өзін-өзі билеуі. «Трансформация» термині жаңа әлеуметтік-экономикалық саясатқа көшкен посткеңестік мемлекеттердегі өтпелі процестерді нақты сипаттайды. Осылайша, біздің ойымызша трансформация дегеніміз – мемлекет нысанының немесе құқықтық жүйенің көлемді өзгерісін сипаттайтын термин. Мысалы, қазақ қоғамының саяси трансформациясы туралы Президент Н.Ә.Назарбаев «XXI ғасыр табалдырығында», «Қазақстан 2030: «Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Президенттің Қазақстан халқына жолдауы», «Қоғам трансформациясы стратегиясы және Еуразиялық өркениеттің қайта дамуы» атты еңбектерінде жазды. Бұл процесс бірнеше терминдермен сипатталуы мүмкін: адаптация, модернизация және бейімделген модернизация.

Адаптация (лат. adaptatio–лайықтау, бейімдеу) –өзара байланысты нормативтік құқықтық актілер блогы деңгейінде ұлттық құқықтың біртіндеп өзгеруі, әлемдік қоғамдастықта әрекет етуші құқықтық дәстүрлерді ескеру, үнемі туындайтын ішкі және сыртқы факторларға лайықтану мақсатында сала ішілік, салалық және тіпті түгелдей жүйе ауқымында өзгеру.

Модернизация (фр. moderniser – осы заманға сай істеу) – өтпелі кезеңде қоғамдық өмірдің барлық жақтарының елеулі жаңаруы («заманға сай жаңалануы») негізінде елдің мемлекеттік-құқықтық құрылымының уақыт бойынша ұзақ емес, ерікті өзгеруі. Бұл Ежелгі әлем уақытынан белгілі Non progredi est regredi» – «прогрестің жоқтығы – регресс» қағидасы бойынша дамитын барлық мемлекеттерге тән үздіксіз процесс. Модернизация эволюцияның құрамдас бөлігі болып табылады және ол революцияға (латын тілінде re-volutio тіркесі «кері қозғалу, артқа шегіну» дегенді білдіреді - кейіннен мемлекеттің әрі қарай дамуына жағымсыз әсер етуі мүмкін мемлекет және құқық дамуының күтпеген, күшпен, өткінші өзгеруі) қарама-қарсы.

Модернизацияның әмбебаптылығы оның материалдық негізге сүйене отырып, сонымен қатар қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік, саяси аясына да таралатындығынан, адам психологиясын түзейтіндігінен көрінеді. Модернизация өмірдегі бар болмысқа әлдеқайда сәйкес келетін трансформацияны білдіреді.

Модернизация процесі біртіндеп ескірген таптық және әлеуметтік құрылым жоқ болып, қысқа тарихи уақыт ішінде жаңа қоғам құрылатын өркениеттің шыңына жету қозғалысын білдіреді [5, 46.].

Мемлекеттің жаңа қоғамдық-экономикалық қатынастарға көшу кезіндегі модернизацияның революциялық өзгерістер жағдайында болатын «қатаң терапиядан»

өзгешелігі, ол кең ауқымды өзгерістерді өткізуде аяушылық танытып, жаңаның ескіні бұзбай, соған негізделіп, оны сақтап, ескіргенді кезең-кезеңмен алмастыру табылады.

Бейімделген модернизация – радикалды өзгерістерге әкеп соғатын және мемлекеттің көп полярлы әлемде жаңа тәуелсіз жағдайға бейімделу мақсатын көздейтін мемлекеттік-құқықтық құрылымның және экономикалық қатынастардың кезең-кезеңмен, жоспарлы өзгеруі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев біздің елде болып жатқан реформаларға бейімделген модернизация терминін лайықты деп санайды. Бұл процеске арнайы бөлім арналған.

Имплементация белгілі бір халықаралық шарттың қатысушы мемлекетінің халықаралық құқық нормаларын ішкі заңнамада қайталаумен байланысты ғана құқық шығармашылық әрекетімен шектелмейді.

Ол халықаралық-құқықтық нормаларды тікелей жүзеге асыруға байланысты ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешенін жүргізуді көздейді. Одан басқа

И.П.Блищенко қазіргі заманғы халықаралық құқық қағидалары мен нормаларын мемлекет аумағында және халықаралық құқық субъектілері арасындағы қатынаста да жүзеге асыруды имплементация деп атауға болады деп санайды.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Васильев А.М. О системах советского и международного права//Сов.гос. и право. – 1985. – №1. – С. 65.
- 2 Освободившиеся страны и международное право/Блищенко И.Р., Копылов М.Н., Любомудрова В.В. и др. – М.: Междунар. отношения, 1987. – 261 с.
- 3 Кант И. Метафизические начала учения о праве//Соч.: в 6 тт. – М., 1966. – Т. 4. – С. 109.
- 4 Василенко В.А. Основы теории международного права. – Киев: Выща школа, 1988. – 288 с.
- 5 Мелихов И.А. Арабские монархии Персидского залива на этапе модернизации (70-90-е годы)//Автореф. дис. ... д-ра истор. наук. – М., 2000. – 41 с.

Резюме

В этой статье автор разносторонне рассмотрел взаимоотношения международных и национальных прав.

Summary

In this article, the author examined intergovernmental and national rights.

УДК:343.352(574)

Джелдагутов Д.Ж.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының
1-курс магистры
Ғылыми жетекші:
з.ғ.к., профессор
Қазақеева С.С.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІНІҢ ТҮСІНІГІ

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік билік органдарында ресми барынша төмен жағдайында дамыды яғни ол, ресми түрде қызметшілердің жалақысының төмен болуы, төлемдерін уақытылы бермеуі, қызметшілерге қосымша жеңілдіктердің құқықтық негіздерінде берілмеуі, іс жүзінде мемлекеттік құрылымдардағы қызметшілердің жеке кәсіпкерлікпен айналысуы, соның салдарынан мемлекеттік орган қызметшісі, туындайтын міндеттерді және құқықтық мәртебені тиісті түрде орындамауы болып табылады.

Кілт сөздер: пара, дәлелдемелер, қылмыстық топ, тінту, куә, сыбайлас жемқорлық, меншік, ұрлық, парақор, қылмыстық құқықтық, әкімшілік, азаматық құқықтық.

Жалпы айтқанда аспекті деген сөз латын сөзі *aspektus* көрініс, көріс, көз қарас мағынасын білдіреді. Ежелгі латын тілінде бұл аспекті сөзі белгілі бір тараптың анықталған объектіге өзінің жағынана пайымдайтын көз қарасын білдіреді.

Криминологияда аспекті сөзі белгілі бір қылмысқа немесе қылмыс түріне пайымдайтын криминологиялық тұрғыдағы көз қарасын білдіреді. Ал бұл жерде сыбайлас жемқорлық қылмысына берілетін криминологиялық тұрғыдағы көз қарас сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының криминологиялық аспектісі болып табылады.

Күрделі, қатпары көп құбылыс ретіндегі сыбайлас жемқорлықтың тарихы өз ғұмырының ұзақтығы жөнінен адамзат өркенетінене кенже емес. Оның пайда болуы алғашқы топтық қоғамдар мен мемлекеттік құрылымдар қалыптасқан уақыттар қойнауына жетелейді. Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық туралы жазбаша мәліметтердің ең алғашқыларын Көне Бабырдың біздің заманымызға дейін жирмасыншы ғасырдағы мұрағаттарынан көруге болады. Патша Лагаша Урукагина шенеуніктер мен соттардың жүгенсіз әрекеттеріне тыю салу мақсатымен мемлекеттік басқару ісін реформалады [1, 186].

Ежелгі Латынның белгілі нақылы былай дейді: *do ut facies*-Істету үшін беремін.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік феномен, қоғам мен қоғамдық қатынастар туындысы. Сыбайлас жемқорлықтың пайда болуы мен өмір сүруі қоғамдық және шаруашылық қызметтегі басқару функциясының жекелеуі сәтінен бастап мүмкін болды. Өйткені нақ сол жағдайда лауазымды басшыда қоғам, мемлекет мүдесі үшін емес, жеке басы үшін ресурстарды пайдалану және шешім қабылдау мүмкіндігі пайда болды. Сонымен сыбайлас жемқорлық өте ерте уақытты туған және қазігі күні де бар күрделі әлеуметтік саяси құбылыс ретінде көрінеді. Сыбайлас жемқорлықтың көрініс беру формаларының өзгеруі барысында оның ауқымы тарылмайды.

Қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлық басқа саяси, экономикалық, мәдени әлеуметтік институттармен өзара тығыз байланысты әлеуметтік институт, басқару жүйесі элементі. Сыбайлас жемқорлықтың институттануы мыналардан көрінеді:

Сыбайлас жемқорлықтың бірқатар әлеуметтік функцияларды атқаруы: әкімшілік байланыстардың жеңілдетілуі, басқарудағы шешім қабылдаудың жеілдетілуі мен шешілуі, әлеуметтік таптар мен топтар арасындағы қатынастардың консолидациялануы және қайта құрылымдалуы, бюракраттық кедергілерді азайту арқылы экономикалық дамуға көмектесу, ресурстар дефициті жағдайында экономиканы оптимизациялау және т.б; Сыбайлас жемқорлық қарым қатынастарының жете айқындалған субъектілерінің болуы, әлеуметтік рөлдердің бөлінуі; Сыбайлас жемқорлық әрекеттер субъектілеріне мәлім белгілі бір ойын ережелерінің, нормаларының болуы;

Сыбайлас жемқорлық әрекеттердің қалыптасқан сленгі, тілі мен рәміздік белгілері; мүделі адамдарға белгілі және орныққан қызметтер таксасы.

Сыбайлас жемқорлық экономикалық заңдардың еркін жұмыс істеуін әжептәуір шектейді және әлемдік қауымдастық алдында елдің беделін төмендетеді, ел үшін пайдалы шетелдік инвестициялардың жолындағы ең бір басты бөгеттердің бірі болып табылады. Таза және әлеуметтік бағыттағы бизнес нарықтан күшпен ығыстырылып шығарылады, өйткені, бұндай бизнесті сыбайлас жемқорлық тиімсіз кәсіпке айналдырады.

Сыбайлас жемқорлықтың бейімделу қаблеті ғаламат, үздіксіз мимгрцияға түсе алады, түрін өзгертеді және кемелдене береді, әлеуметтік, құқықтық бақылау мен заңи жауапкершіліктің кемшіліктерімен ақдандақтарын шебер пайдаланады.

Ішінара өздеріде сыбайлас жемқорлықпен шырмалған құқық қорғау органдарының институталынған сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін жеткілікті мүмкіндіктері мен тиісті тәуелсіздіктеріде жоқ. Темір ұшбұрыш атанғандар жемқорланған құқық қорғау бюрократия қылмыстық бизнес, ұйымдасқан қылмыс өз заңдарымен өмір сүреді[2, 716].

Сыбайлас жемқорлық ұлттық шекаралардың шеңберінен шығып кетеді, сондықтан онымен күрес глобалдық ауқымда жүргізуді қажет етеді. Одан түскен

түсімдер жуылғаннан кейін әлемдік және ұлттық қаржы ағындарына құйырылады да, мемлекеттік және халықаралық билік пен экономика институттарын бұзады. Ол заңның, демократия мен адам құқықтарының үстемдігіне қатер төндіреді, қоғамның моральдық тіректерін, билікке деген сенімді, мемлекеттік басқару, теңдікпен әлеуметтік әділеттілік қағидаларын қиратады, бәсекеге бөгет жасайды, экономикалық дамуды қыйындатады. Әсіресе ең қауіптісі ол мемлекеттік билік органдарындағы сыбайлас жемқорлық. Бұл жағдайда ол монополияның билікпен симбиозының, мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдауындағы қауқарсыздығының және шенеуніктердің бақылауында болуы мен олардағы құқықтық жауапкершілік жүктелмеуінің көленкесіне айналады. Тәжербие көрсетуінше, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың бүкіл жүйесін бұзады, мемлекеттік билік пен мемлекеттік қызметтің беделінің құлдырауына мүмкіндік жасайды. Сыбайлас жемқорлық экономиканың дамуына кедергі жасайды және әсіресе экономика саласындағы ұйымдасқан қылмыстың өсуіне мүмкіндік береді[3, 52б].

Мемлекеттік автокөлікті ұйымдасқан қылмыстың қолдануы мемлекеттік өкілетілікті жекеменшікке айналдыру амалы ретінде тікелей сыбайлас жемқорлықпен байланысты. Гегель былай деп жазады: Мемлекеттік биліктің жеке индивидуум иеленген үлесі жалпыға ортақ биліктің жоғалтқаты деген сөз. Ол аз десеніз, индивиттер мен қылмыстық құрылымдар биліктің өздері иеленген бөігіне сүйене отырып, мемлекетке, азаматтық қоғам институттарына, оның құндылықтарына шабуылға шығады. Сыбайлас жемқорлық мәселесін шешпей, мемлекеттік басқарудың міндеттерін сәтті орындау мүмкін емес.

Сыбайлас жемқорлық феноменін түсінуге қатысты сан түрлі әдістелелік ыңғай бағыттар бар. Оны ежелден ақ түлі әлеуметтік, саяси, криминологиялық, құқықтық аспектілерде қарастырған.

Осылайша, Плотон мен Аристотель сыбайлас жемқорлықты саяси категорияға жатқызды, Н. Макиавелли оны мемлекеттіе, азаматтық ізгілікті бұзатын жалпы сырқатының белгісі санады, Ш.Монтаскье оны нәтижесінде жақсы саяси тәртіп немесе жүйе жарамсызға айналатын дисфункционалдық үдеріс ретінде сипаттады.

Қазіргі ғылыми оқулық және қоғамдық көсемсөздік әдебиетерінде де сыбайлас жемқорлыққа түрліше анықтама береді. Сыбайлас жемқорлық туралы онымен күресудің әмбебап амалын анықтауға негіз болатын бірауызды ұғымды қалыптастыру күрделі эволюциялық үдеріс. Сыбайлас жемқорлықтың интегралдық сипаты бұл күрделі құбылыстың бір ізді, бір мағыналы анықтамасын жасауға бүгінгі күні мүмкіндік бермей отыр.

Алайда, әрбір сыбайлас жемқорлықтың тарихи алғашқы анықтамалары құқық саласына жатады.

Коррупцияның яғни сыбайлас жемқорлықтың анықтамасына этимологиялық тұрғыдан келсек, ол *conruptio* деген латын сөзінен аударғандағы сатып алу, пара беру мағынасын білдіреді. Рим құқығында сонымен қатар сындыру, бүлдіру, бұзу, зиян келтіру, фальсификациялау, сатып алу ретінде түсіндірілетін және тиісінше заңға қайшы әрекетті білдіретін *conruptio* ұғымы бар.

Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты парамен сатып алушылық, лауазымды басшылардың, саяси қайраткерлердің сатымпаздығы ретінде сипатайды.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңы сыбайлас жемқорлықты мемлекеттік қызмет атқаратын адамдардың және оларға теңестірілгендердің мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды өз қызмет бабы және онымен байланысты мүмкіндіктер арқылы пайдалануы, әйтпесе оларды мүліктік пайда табу үшін тікелей өздері немесе делдалдар арқылы басқаша пайдалана отырып, заңмен қарастырылмаған түрде шешім қабылдауы, сонымен қатар, ол адамдарды

жеке және заңды тұлғаларды оларға аталған игіліктермен артықшылықтарды беру арқылы заңсыз сатып алуы ретінде сипаталады[4, 89б].

Халықарарлық құқық көздері сыбайлас жемқорлыққа әлдеқайда керек анықтама береді және тиістінше сонымен байланысты құқық бұзушылық субъектілерінің кеңейтілген шеңберін береді.

Дефинициялардың мейілінше ықшам, бірақ мазмұндыларының бірі Бірікен ұлттар ұйымының Тоғызыншы конгресі ұсынған, сыбайлас жемқорлықты жеке мақсата пайда табу үшін мемлекеттік билікті асыра пайдалану ретінде сипатайтын анықтама.

Кейбір анықтамаларда, мәселен, сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Бірікен ұлттар ұйымының хатшысы дайындаған ережеде берілген анықтамада сыбайлас жемқорлық қылмыстық істердің жіктелген төмендегіде 3 тобының жиынтығы ретінде түсіндіріледі:

- А) лауазымды адамдардың мемлекеттік меншігін ұрлауы, жымқыруы және иеленуі;
- Б) жеке басшының пайдасы үшін қызмет бабын асыра пайдалануы;
- В) қоғамдық парыз бен жеке есеп арасындағы мүдделер қақтығысы.

Еуропалық Кеңестің сыбайлас жемқорлық жөніндегі тәртіп тобының анықтамасы бойынша, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік немесе жеке белгілі бір міндеттер атқару тапсырылған адамдардың оларға мемлекеттік лауазымды басшы, жеке қызметкер, тәуелсіз немесе басқа түрдегі қатынастар статусы бойынша жүктелген міндеттемелрінің бұзылуы және өздері әлде өзгелер үшін кез келген заңсыз жолмен пайда табу мақсатындағы паракорлығы немесе кез келген басқа әрекеттері.

Бірікен ұлттар ұйымының бас ассамблеясының 34 ші сессиясында құжаттарында сыбайлас жемқорлықты пара, жөнсіз артықшылық немесе оның мүмкіндігіне ие болған адамнан талап етілетін, оның негізсіз міндетерін немесе мінез құлқын бұзуға әкеп соқтыратын тікелей немесе жанама талап: пара немесе кез келген басқа да тиеселі есеп артықшылық пен соның мүмкіндігін ұсыну және оның қабылдануы.

Бірікен ұлттар ұйымының сыбайлас жемқорлықпен халықарарлық күрес жөніндегі анықтамалық құжаттарында сыбайлас жемқорлық жеке мақсатарда пайда табу үшін мемлекеттік билікті асыра пайдалану ретінде сипаталады. Бұл ұғым пара қорлықты лауазым иесін борыш тұрғысындағы жолдан тайдыру үшін силық беру, непотизмді яғни тамыр таныстық жөнімен кіріс кіргізуді немесе пайдалы лауазымдарға туысқандарды немесе өз адамдарын орналастыруды және көпшілікке ортақ меншікті жеке мақсата қолдануды қамтиды.

Сыбайлас жемқорлықтың анықтамасына қатысты көз қарас пікірлердің алуан түрлігі бұл құбылыстың күрделілігін білдіреді және оның терең де жан жақты зерттеуді талап етеді бріншіден, сыбайлас жемқорлықты түсіндірудің теоретиялық деңгейін терендету яғни дәл айтын анықтама беру, сыбайлас жемқорлық пен оның дамуына мүмкіндік жасайтын себептерді тексеру, екіншіден, сыбайлас жемқорлықтың қоғамдық экономикалық, әлеуметтік және саяси өміріне ықпалын анықтау және бұл құбылыспен күресу бағытындағы нақтылы шаралар жүйесін құру.

Сыбайлас жемқорлықтың түрліше көрініс беретіндігін ескере отырып, соған сәйкес жіктелу жүйелеріне көңіл аудару қажет.

Әдебиеттерде сыбайлас жемқорлықты саяси және экономикалық деп бөліп көрсетеді. Саяси жемқорлықтың дамуы елде бақылаудан тыс саяси ахауылдың қалыптатуына әкеп соғуы мүмкін және демократиялық институтар мен биліктің түрлі бұтақтарының балансына қатер төндіреді. Экономикалық сыбайлас жемқорлық нарықтық институтардың тиімділігі мен мемлекеттің реттеушілік қызметінің тиімділігін төмендетеді.

Сонымен қатар элитарлық және төменгі сыбайлас жемқорлық түрлеріне де жіктеледі. Элитарлық сыбайлас жемқорлықтың ерекшеліктері: оны жасайтын

субъектілердің әлеуеттік жағдайының жоғарлығы; олардың әрекеттерінің биік интеллектуалды амалдармен іске асыруы; орасан зор заттық, тәни және моральдық зияны яғни бағасы қымбат шешімдерді заңдар формулаларын, мемлекеттік тапсырмаларды, меншік тұрпатын өзгерту және тағыда басқа сол сияқты шешімдер қабылдауда кездемеді, аса мұқият жасырылған озбырлықтар.

Екіншіден шенеуніктер мен азаматардың ортанғы және төменгі деңгейлерінде таралған және олардың арасындағы ұдайы, ескілшілдіке негізделген (айыппұлдар, тіркеулер және т.б) байланыстарымен етене. Сыбайлас жемқорлықты келісімге екі жағы да мүдделі топтар көбінесе бір мемлекеттік ұйымда болады. Мысалы шенеуніктің параны өз бастығына бұның сыбайлас жемқорлықты әрекетін жасырып жабуы үшін бергені де әдетте тік сызықты аталатын сыбайлас жемқорлық боп табылады. Ол әдетте жоғарғы мен төменгі сыбайлас жемқорлықтар арасындағы көпір қызметті атқарады. Бұл сыбайлас жемқорлықтың бөлшектелген актілер кезеңінен тамыры берік, ұйымдасқан формалар кезеңіне өтуін білдіретіндіктен де, өте ерекше қауіпті.

Жалпы үрдістерге байланысты мемлекеттік емес ұйымдардағы сыбайлас жемқорлықты айтады. Комерциялық немесе қоғамдық ұйымның қызметкері де өзіне тиесілі емес ресурстарды пайдалануы мүмкін, ол да өз ұйымының жалылық міндеттерін орындауға тиіс, өзіне пайда табаты екінші тараптын пайдасы үшін, ұйымның мүделеріне нұқсан келтіретін әрекетер арқылы байюға оның да мүмкіндігі бар.

Жалпы үрдістерге байланысты халықаралық ұйымдардағы сыбайлас жемқорлық айрықшаланады. Халықаралық ұйымдардағы бюрократшылдық өз елдерінің қоғамдық ұйымдары тарапынан бақыланатын ұлттық ұйымдармен салыстырғанда оншалықты қатты тексерілмейді. Соның бәрі сыбайлас жемқорлыққа жол ашады, оның үстіне сыбайлас жемқорлықты келісімге келушілер халықарақлық ұйымдардың жұмыс ерекшеліктеріне байланысты бастарын тәуекел қатерге әлдеқайда азырақ тігеді.

Сөйтіп, халықаралық экономикалық байланыстарда сыбайлас жемқорлық шеледдік капитал қатысатын кәсіпорындардың құрылуы, инвестициялық жобалар және мемлекеттік меншікті жекешелендіру, өнімді бөлу мәселесін басқа да түрде шешу барсында көрініс береді.

Зерттеушілер сыбайлас жемқорлықтың дамуының шартты географиялық атаулармен аталатын төмендегідей үш түрлі моделін атап көрсетеді. Ол модельдер сыбайлас жемқорлықтың жүйелі құбылысқа, яғни, саяси құрылым мен бүкіл қоғамдық өмірдің ажырамасыз бөлігіне айналуын сипаттайды.

Азиялық модель: сыбайлас жемқорлық мемлекеттің жұмысымен байланысты әдеттегі және қоғамда қабылдауға жарамды мәдени және экономикалық құбылыс.

Африкалық модел: билік өзара кіскен басты экономикалық кландар тобына сатылады және саяси әдіс тәсілдер арқылы олардың сенімді өмір сүрулерін қамтамасыз етеді.

Латынамерикалық модель: сыбайлас жемқорлықтың бетімен кетушілігі экономикалық көленкелі және қылмыстық секторларының мемлекетпен барабар күш қуатқа жетуіне мүмкіндік береді. Білік мемлекет ішінде мемлекет құрған мафиямен тікелей бетпе бет келіп қалған болып шығады. Ұдайы саяси тұрақсыздық сыбайлас жемқорлықпен күрес толқынында диктатура орнамау мүмкіндігін өсіреді.

Сыбайлас жемқорлық механизмдеріне әдетте мыналарды жатқызады:

А) мемлекеттік немесе басқада қызметтегі адам заңсыз түрде беделі немесе сонымен байланысты мүмкіндіктеріне сүйеніп, өз қызметтік өкіліктерін немесе қызметтерін жеке және заңды тұлғаларға, топтарға соның ішінде ұйымдасқан қылмыстық құрылымдарға сататын, ал сатып алушы мемлекеттік немесе басқада құрылымды өз мақсатына баюға, артықшылықтарды заң жүзінде рәсімдеуге, заңда белгіленген

жауапкершіліктен, әлеуметтік бақылаудан босауға және тағы басқа мақсатарға пайдалануға мүмкіндік алатын екіжақты келісім;

Б) қызметкерлердің пара, көлденең сыйлықтар алу мақсатындағы бопсалаушылықтары;

В) қызметкерлерді өте белсенді, батыл түрде, тіпті оларға психикалық тұрғыдағы қатты ықпал ету арқылы сатып алу. Соңғы әдіс көбінесе әсіресе ұймдасқан қылмысқа тән.

Сыбайлас жемқорлықтың логикалық ауқымына қоғамдық қауіпті әрекеттердің біртекті түрлері кіретін көпқұрылымды және көпденгейлі мазмұнындағы құбылыс болып табылады.

Құзырлы халықаралық ұйымдар жүргізген зерттеулер нәтижесіне сәйкес, қазіргі кездегі сыбайлас жемқорлықтың басты түрлері мыналар:

А) мемлекеттік басқарудағы сыбайлас жемқорлық в) іскерлік белсенділікті жүзеге асыру барысындағы, яғни ұлттық және халықаралық бизнестегі сыбайлас жемқорлық с) жоғарғы эшалондағы саяси, әкімшілік және қаржылық саласындағы сыбайлас жемқорлық[5, 136].

Сыбайлас жемқорлықтың көптеген нақтылы тұрпатары (көріністері) бар: парақорлық фавотизім, непотизм (тамыр таныстық), протекционализм, лоббизм, қоғамдық ресурстар мен қорларды заңсыз бөлу мен қайта бөлісушілік, заңсыз жекешелендіру, саяси құрылымдарды (партиялар мен тағыда басқа) заңсыз қолдау және қаржыландыру, бопсалау, жеңілдіктері бар кредиттер, тапсырыстар беру, қоғамдық ресурстарға қол жеткізу үшін жеке байланыстарды пайдалану және басқалар.

Бұрынғы кеңестік мемлекеттерде қазір лауазымды басшыларды сатып алудың дәстүрлі түрлерімен қатар жаңалары да қолданылады: шетелдерге бару шығындарын көтеру, жеңілдіктері бар кредитер, түрліше қызметтер көрсету, мемлекеттік аппаратағы жұмыстан босатылғаннан кейін жалақысы жоғары қызмет беру, комерциялық құрылымдар кеңестерінің немесе тең құрылтайшылардың құрамына қосу.

Аталғандарды жинақтай келгенде, сыбайлас жемқорлықпен байланысты заң бұзушылықтар мыналарды қамтитынын белгілеуге болады: А) заттық, басқада игіліктер мен артықшылықтар ұсыну және оларды қабылдау түрінде жасалатын сыбайлас жемқорлық заң бұзушылықтар; б) сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын және оны қамтамасыз ететін құқық бұзушылықтар (қызметтік өкіліктерді қызмет мүдесіне қайшы қолдану, билікті асыра пайдалану және тағы басқа). Бұндай құқық бұзушылықтар әртүрлі қылмыстық құқықтық, әкімшілік, азаматтық құқықтық тәртіп сипатарына ие болады.

Жемқорлық мінез әрекетердің азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына, қоғам мен мемлекеттің заңды мүделеріне қол сауғатын, неғұрлым қауіпті тұрпатарына мемлекеттік қарсы тұрудың ең өткір формасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстық саясаты, оның ішінде корупциялық қылмыстар мониторингін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстық саясат субъектілерінің құзірет сәтімен шектеуді, сыбайлас жемқорлықтың неғұрлым қауіпті көріністеріне қарсы күресті ресурстық тұрғыдан қамтамасыз етуді, сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық қудалау заңдылығының кепілдемесін жасауды нәтижелі іске асыру бұндай қылмыстардың толайым тізімін бекітпейінші мүмкін емес.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың сипатамаларына мыналар жатады:

- 1) Ол(сыбайлас жемқорлық) әртүрлі қылмыстарға жатқызылатын қылмыстарды қамтиды;
- 2) Адамдардың белгісіз тобының мүделеріне жиі қол сұғады яғни құрбандықтың анонимдігі (жасырындығы)

-
- 3) Құпиялықты қатты сақтайды;
 - 4) Ұйымдасқа қылмыспен қатты байланысты.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарды анықтауға қатысты мәселерді шешу барысында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің ережелерін ескеру қажет[5].

Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстар ретінде мемлекеттік немесе соған теңестірілген қызмет атқаратын адамдардың өз қызмет бабын одан өзі үшінде, өзге біреулер үшінде мүліктік игіліктермен артықшылықтарды алу мақсатында пайдаланатын, қасақана қылмыстық, жазаға лайық әрекеттер саналады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Уголовное право курс лекций И.Ш. Борчашвили Алматы-2006.-18с.
- 2 Криминология В.Бурокалов Санкт-Петербург-2000.-71с.
- 3 Қылмыстық құқық жалпы бөлім А.Н. Ағыбаев Алматы-1997.-52с.
- 4 Қылмыстық құқық ерекше бөлім А.Н. Ағыбаев Алматы-1997.-89с.
- 5 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттің негіздері. Қ.А. Мамаи Алматы 2004. -136.

Резюме

Коррупция в органах государственной власти развивалась в условиях официального крайне низкого размера содержания служащих, нерегулярной его выплаты, неясной правовой основы предоставления дополнительных льгот служащим, фактического участия государственных структур и их сотрудников в частной предпринимательской деятельности, не вытекающей из задач и правового статуса соответствующего государственного органа.

Summary

Corruption in public authorities developed in the context of the official extremely low level of maintenance of employees, its irregular payment, unclear legal basis of providing additional privileges to employees, the actual participation of public structures and their employees in private business activity which is not following from tasks and the legal status of the relevant public authority.

ӘОЖ:330.341:316.4

Жексембаева Г. Ж.
Магистрант АТУ
э.ғ.д., профессор К.Б.Дауылбаев

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫН РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада әлеуметтік саясаты мен кәсіпорынның экономикалық қызметі араларындағы функционалдық байланысы ашылған, ол, бір жағынан, кәсіпорындағы әлеуметтік саясаты оның экономикалық тиімділігінен тәуелді, екінші жағынан, әлеуметтік саясат кәсіпорынның экономикалық дамуының факторы болып келеді

Кілт сөздер: Кәсіпорында белсенді әлеуметтік саясатын қалыптастырып енгізудің және оның экономикалық қызметімен өзара байланысы.

Кәсіпорында белсенді әлеуметтік саясатын қалыптастырып енгізудің және оның

экономикалық қызметімен өзара байланысын негіздеудің маңызы зор. Белсенді әлеуметтік саясат қызметкерлердің еңбек әлеуетінің өсуіне және кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылауына мүмкіндік береді. Нарық экономикаға өтпелі кезеңде әлеуметтік саясатын өткізуде мемлекеттің қатысуы азаяды. Бұл жағдайларда кәсіпорындардың оны іске асырудағы рөлі өсіп кетеді. Диссертацияның өзектілігінің айғағы: кәсіпорында әлеуметтік саясатын жүргізуге мемлекет көп маңыз береді. Экономикалық теориясы мен практикасында кәсіпорындағы әлеуметтік саясатының рөлін түсінуде екі негізгі қарама-қарсы амал бар. Бірінші амалдың жақтаушылары: «Кәсіпорын өндірістік және экономикалық мақсаттарды қойып, оның әлеуметтік саясаты ең жоғары пайда алып, қызметкерлер үшін жоғары жалақы мен акционерлер үшін дивиденттерді қамтамасыз етуде көрінеді» - дейді. Екінші амалдың жақтаушылары «кәсіпорын оның қызметі барысында пайда болатын өндірістік, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шеше алады» деп санайды. Демек, кәсіпорында пайда болатын өндірістік, экономикалық және әлеуметтік міндеттердің шешімінде белгіленген теңдестік болуға тиісті. Осы екі амалдың да болуына құқығы бар. Егер, жұмыс беруші әкімшілік өндірістік, экономикалық, қаржы және әлеуметтік мүмкіндіктер мен ресурстардың бар болуына байланысты осы амалдардың қайсысын таңдайтынын шешеді.

Кез-келген кәсіпорындардың әлеуметтік - экономикалық жүйесінің даму базисі болып тұрақтылық, тепе-теңдік, толықтылық және орнықтылық дәрежесін анықтайтын әртүрлі қарым-қатынасты қалыптастыратын элементтер жүйесі ара-қатынасымен анықталады. Қазіргі әлемде барлық мемлекеттер әлеуметтік-экономикалық жүйені басқару оның шикізатты әлеуетімен келісілмегендігімен қарама-қайшылыққа келеді, жүйелі күрделі дағдарыс себебі өндірістік қабілеттілік және табиғат заңы болып табылады. Сондықтан қажетті қоғамда кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның жүзеге асуы үшін жаһандық мүмкіндіктері арасында қарама-қарсылықтары өршиді.

Кәсіпорындардың тұрақты дамуының тепе-теңдігін сақтау үшін, экономика құбылысының қарапайым түрінен күрделіге біртіндеп өтуді қамтамасыз ету үшін қажет жағдай мен алғышарттар болатындығын анықтауға болады, соған сәйкес аймақтың әлеуметтік-экономикалық жүйе шарттарында кәсіпорындардың жаңа сапалы жағдайы қалыптасады [1].

Кәсіпорындардың тұрақты дамуы ерекше сапа ретінде көптеген тосқаулармен теріс ықпалды жою нәтижесінде қалыптасады. Әлемдік дағдарыс жағдайында тұрақтылық – бұл өмір сүрудің негізгі ортасына бейімделу және алға басқан жетістік. Соған сәйкес жүйе тұрақты егер оның барлық қосалқы жүйелері тұрақты болса. Басқа сөзбен айтқанда аймақтың тұрақтылығы оның барлық салалары, кәсіпорындары және территориялық құрылымдарының тұрақтылығын білдіреді. Демек, кәсіпорындардың тұрақты дамуын басқару – бұл мақсатпен тапсырмаларды қою, жағдайды жан-жақты бағалау, шешім қабылдау, оларды жүзеге асыруды ұйымдастыру, қабылданған шешімдердің орындалуы мен түзетулерін бақылау мен талдау сияқты басқару қызмет түрлерін құрайтын үздіксіз үдеріс. Аймақтардағы экономика дамуының өзекті тапсырмаларымен бағыттарын анықтаудан басқа қойылған мақсаттарға қандай ықпалдар есебінен жетуге болатындығын нақты түсіну керек. Сонымен байланысты аймақтың тұрақты даму стратегиясының ажырамас бөлігі болып кәсіпорындардың дамуының негізгі динамикалық және құрылымдық сипаттамаларын білдіретін кешенді болжамы болуы керек [2].

Алматы облысының негізгі стратегиялық келешегі өңдеудің деңгейімен тереңдігін жоғарылатуда әр түрлі ауыл шаруашылық өнімдерінің ірі жабдықтаушысы ретінде аймақ ролін қолдау мен күшейту байланысты болады, сонымен қатар

әлеуетті қалпына келтіру және өнеркәсіпті қазіргі заманғы жаңа өндіріс түрлерін игеру арқылы дамыту.

Болашақта Алматы облысы елдегі аграрлық өндіріспен ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеудегі ірі ролін сақтап қалады, соныменқатар аймақтың индустриалы және инновациялы мүмкіндігін өңдеу өнеркәсібінің мамандандырылған бәсекеге қабілетті түрлерін дамыту, инновациялы кәсіпкерлікті дамыту есебінен күшейеді.

Қазіргі таңда дағдарыстан кейінгі дамуда кәсіпорындардың саясаттың болашақтағы бағыты–бұл өнеркәсіп кешенінде жылдамдатылған жаһандануды қолдау, мемлекеттік билікті орталықсыздан дыру, сапаны жақсарту және тұрғындардың өмірсүру деңгейін көтеру, Қазақстанда толықтай, сонымен қоса жеке аймақтарда экономикалық өсу. Алматы облысындағы кәсіпорындардың әлеуметтік – экономикалық дамуындағы негізгі мәселелер төмендегі 1-кестеде берілген.

Кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеу әдістер жүйесі ұйымдастыру-құқықтық, экономикалық, үгіттеушілік және арнайы әдістерден тұрады, оларға бағдарламалы-нысаналық басқару әдісі жатады, оны әдіс, тәсіл және құралдар кешені ретінде кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық дамуында билік органдарының стратегиялық жоспарды, бағдарламаларды және жобаларды қолдану арқылы анықтай аламыз.

Кесте-1 Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы мәселелер

Салалар	Дамудағы негізгі мәселелер
Өнеркәсіп	<ol style="list-style-type: none"> 1. Кәсіпорындардың басым бөлігінде заманауи техникалық құрылғылар мен жабдықталмауы және өндіріс қорларының ескіруі; 2. Инвестициялар салымының тұрақсыздығы; 3. Кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің төмендігі; 4. Дайын өнімге деген сұраныстың төмендеуі; 5. Кәсіпорындар шикізаты мен материалының көпшілігі шетелден әкелінуі; 6. Айналым қаражатының жетіспеушілігі және төмен пайыздық және ұзақ мерзімлі несиелердің қолжетімсіздігі.

Ауыл шаруашылығы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Егін шаруашылығындағы қожалықтардың бытыраңқылығы және ғылыми-негізделген ауыспалы егісті сақтауға, заманауи технологияларды қолдануға мүмкіндіктің аздығы; 2. Егістіктерді суару жүйесінің техникалық жағынан нашарлауы, суармалы жерді тиімсіз пайдалану. Бұл ауыл шаруашылық өнімділігінің кемуіне әсер етеді;
Құрылыс	<ol style="list-style-type: none"> 1. Облыстағы құрылыс материалдарының басым бөлігі импортталынады, яғни, бұл құрылыстың қымбаттауына әкеліп соқтырады; 2. Білікті мамандармен инженерлік құрамның жетіспеушілігіне байланысты құрылыс жұмыстарының сапасы
Шағын кәсіпкерлік	<ol style="list-style-type: none"> 1. Заңды тұлға түріндегі кәсіпорындар санының аздығы; 2. Шағын бизнес құрылымында коммерциялық саланың басымдығы; 3. Шағын бизнесті қолдауда инфрақұрылымының әлсіз

Экология	1. Ағызған суларды тазалау деңгейінің төмендігі; 2. Қалдықтарды қайта өңдеу зауытының болмауына байланысты, тұрмыстық қалдықтарды жою мәселесінің
Туризм	1. Туристерді орналастыру нысандарының, қонақ үйлер, папансионаттар, демалыс үйлері мен базаларының материалдық қорыжағына және туристік нысандар шоғырланған жерлерде жолдардың тозуы; 2. Туристік жарнаманың жетіспеушілігі, яғни, облыстың туристік әлеуеті туралы жарнамалық ақпараттың жеткіліксіздігі; 3. Туризмнің ғылыми қорының болмауы.
Әлеуметтік сала	1. Жұмыс күші сапасының төмен деңгейі және тиімсіз жұмыспен қамтылудың орыналуы; 2. Ауыл халқы табысының төмендігі; 3. Арнайы әлеуметтік қызметпен барлық мұқтаж
Денсаулық сақтау	1. Әсіресе ауылдық жерлерде дәрігер мамандарының тапшылығы; 2. Медициналық мекемелердің материалдық-техникалық
Білім беру	1. Кейбір аудандарда 3 ауысымды мектептердің болуы; 2. Ауыл кітапханаларының компьютермен қамтылмауы және интернеттің қолжетімді болмауы
Мәдениет	1. Аудан орталықтарынан алыс орналасқан ауылдардың мәдени қызмет көрсету мен қамтуға мүмкіндік бермеуі;
Электрмен қамту	1. Облыстың меншікті отын – энергетикалық ресурстарының жетіспеушілігі. 2. Жылу электр станцияларындағы құрылғылардың тозығы 65%
Сумен қамту мен су шығару	1. Ауыз суын пайдаланушылар есепке алу құрылғыларымен толыққанды қамтылмауы және канализация жүйесі төмендамуы; 2. Техникалық құжаттармен арнайы су тұтыну рұқсатын алуды рәсімдеу қиындығы.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялар (АКТ) дамуы	1. Облыс халықтың түрлі әлеуметтік топтары АКТ-н пайдаланудағы мүмкіндіктерінің теңсіздігі; 2. Мемлекеттік электронды қызметтерді көрсетуге бағытталған ақпараттық жүйенің жеткіліксіздігі;
Ескерту–[3] әдебиет көзінің негізінде жасалған	

Сәйкесінше, бағдарламалы-нысаналық басқару тәсілі арқылы, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеу-бұл ғылыми-экономикалық шаралар жүйесі, сала аралық және аймақ аралық түрдегі және елмен кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ұзақ мерзімді мақсаттарды жасаумен байланысты қиындықтардың шешуін қамтамасыз етеді. Жоспарлау үлгісі келесі түрде болуы мүмкін: басқару объектісінің және сыртқы ортаны зерттеу- ойды

болжау және оның даму мүмкіншілігі-басқару объектісінің даму мақсаты- стратегия баламасын зерттеу және жасау- қолайлы стратегияны таңдау [3].

Кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсаттық бағдарламасы мен стратегиясын қалыптастыратын келесі деңгейлерін анықтауғ а болады: жалпы мемлекеттік. Бұл аймақтың дамуын ынталандыру, болашақ бағдарламаларды және кәсіпорындардың мәселелерді шешу үшін салалық бағдарламаларды, мемлекеттің анықтауы және жүзеге асыруы, бұл араймақтық экономиканың жеке кәсіпорындардың аспектілері өнеркәсіп, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығына әсер етеді;

Қолданылған мақсаттық-бағдарламалық басқару әдісі көмегімен әлеуметтік – экономикалық дамуды реттеудің иерархиялық деңгейлерінің жиынтығы берілген (кесте 2).

Кесте 2-иерархиялық деңгейлерінің жиынтығы

Басқару деңгейі	Жоспарлы құжат түрлері	Атауы
Жалпы мемлекеттік	Мемлекеттің стратегиялық дамуы	"Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты 2012 жылғы 14 желтоқсан [1]
	Мемлекеттің стратегиялық жоспарының дамуы	«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1
	Экономика салаларын қолдау бағдарламалары	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы №336 қаулысымен – Астана, "Бизнестің жол картасы 2020" бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі №301 Қаулысы [147]
Аймақтық	Аймақтардың даму бағдарламалары	Алматы облысының 2011-2015 жж. арналған Даму
		2020 жылға арналған Алматы облысының индустриалды – инновациялық дамуының тұжырымдамасы [149]
Ескерту – әдебиет көзінің негізінде жасалған		

Алматы облысы орта көрсеткішті аймақтарға жататындықтан, дамудың маңызды стратегиялық бағыттарына көңіл қою керек. Алматы облысы біртұрғынға ішкі аймақтық өнімге, өнеркәсіптік өнім өндіруге, өнімді инновациялық дамытуға, орта айлық еңбекақы, күнкөріс минимумына өсіруге әрекет етуді қажет етеді.

Облыстың басты мақсатын жүзеге асырудың маңызды нәтижесі халықтың әлаухаты мен әлеуметтік қызметтердің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін, үдемелі дамиды, теңдестірілген және бәсекеге қабілетті экономиканы құру болып табылады.

Зерттеу жұмыстың негізінде кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық

дамуын реттеуді қалыптастыруда үлес қосу мақсатында мынандай ұсыныстар жасауға болады:

1. Автор тарапынан кәсіпорындардың әлеуметтік –экономикалық дамуын реттеуді қалыптастыруға берілген анықтамасының маңыздылығын ескере отырып, ғылыми айналымға ұсынған анықтамасын енгізуді қарастыру.

2. Кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеуді мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары бойынша қалыптастыру;

3. Аймақтардағы кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық дамуының бірден бір құралы және өзін-өзі басқарудың нақты жүйесі–мемлекеттік бағдарламалар болып табылады. Осы орайда, шет мемлекеттердің оның ішінде нақтырақ айтсақ, Ресей мемлекетінің мемлекеттік бағдарламалар дайындаудағы тәжірибесінде жүгіну қажет.

4. Кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық дамуының нәтижесі ретінде экспортқа бағдарланған ғылыми сиймды және жоғары технологиялы өндірісті дамыту;

5. Алматы облысы бойынша жаңа экономикалық бағыттың саясаты ретінде инвестициялар тартумен кластерлер дамытуды жүйелі міндетке қою;

6. Алматы облысында кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеуде қазіргі заманғы кешенді зерттеу негізінде жасалынған кластерлік талдау әдісін мүмкіндігінше қолдану;

7. Алматы облысы Қытай Халық Республикасымен және Қырғызстан Республикасы меншектесетіндіктен, шекара маңындағы сауда орталықтарының инфрақұрылымын дамытуды нақты жолға қою, жүзеге асырылуын қадағалау;

8. Алматы облысының туристік әлеуеті табиғи-рекреациялық ресурстардың жеткілікті болуына байланысты дамыған сервистік жүйесімен инфра құрылымы бар халық аралық туристік орталықты қалыптастыруға;

9. Инфрақұрылымдық кешенмен әлеуметтік саланы дамыту арқылы облыстың ауылдық аудандарымен басқада шағын қалаларды дамыту деңгейін теңестіру;

10. Түлектерді, яғни жас мамандарды жұмыспен қамтуды әрбір мекемеге заңды түрде жүктеу;

11. Жақын аралық мерзімде аймақаралық, мемлекетаралық жәрменкелер ұйымдастыру;

12. Мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып, жүзеге асырылуын қадағалау;

13. Облыстың ақпараттық жүйесін дамытуды, сондай-ақшалғай ауылдарда «электронды үкімет» инфрақұрылымына ауысуын қамтамасыз етуге бағыттау; Осы ұсыныстарды ескерген жағдайда, Алматы облысы ауылшаруашылығы өнімдері мен өңделген өнімдерінің ірі өндірушісі, өңдеу өнеркәсібі үдемелі дамиды өңір болады, халықаралық сауда, көлік-логистикалық қызметі мен туризм орталығы, инфрақұрылымы дамыға және өмірдеңгейі тұрақты артатын аймақ бола алады.

Қорытындылай отырып, Алматы облысының бәсекелестілігін арттыру мақсатында–кластерлік даму және инвестиция тарту жолдарын анықтады. Жалпы бұл екі саланы дамытудың мақсаты– кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ғылыммен бизнестің жоғары қарқынды экономикалық өсуін, ұлттық экономиканың әртараптануын және жетілуін қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан кәсіпорындардың және Алматы облысының статистикалық мәліметтері бойынша кластерлік және дискриминанттық талдау жасаланып, экономикалық көрсеткіш деңгейлері анықталды және облыс бойынша кейінгі жылдарға болжам жасалынды. Жалпы зерттелген тақырып бойынша ұсыныстар негізделді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Эффективность менеджмента организации. Учебное пособие. – М.: КНОРУС, - 2015, - 292 с.
- 2 Эффективность управленческого труда: политико-экономическое исследование. – М.: ЮНИТИ, - 2014, - 234 с.
- 3 Сәбден О. Экономика: Таңдамалы еңбектері.–Алматы, ҚР БҒМ ҒК ЭИ, 2014. Том III: Бәсекелестік экономика: Оқу құралы. Үшінші басылуы. –468 б.
- 4 Сейдахметов А.С. Кәсіпкерлік: оқулық. - Алматы : Экономика, 2014. - 343 б.
- 5 Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы // Официальный сайт Президента РК www.akorda.kz
- 6 Алтынбекұлы Қ., Кәсіпорындардың өтімділігін басқару. Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2017.

Резюме

В статье рассмотрены становлена функциональная взаимосвязь между социальной политикой и экономической деятельностью предприятия, с одной стороны, социальная политика предприятия зависит от ее экономической эффективности, а с другой стороны, социальная политика является фактором экономического развития предприятия.

Summary

Formation and development of active social policy in the enterprise and its interconnection with economic activity. At the same time, the functional interaction between the social and political economy and the social policy, the social policy of the company creates an economic effectiveness, and social policy is a factor in the economic development of the enterprise.

УДК: 341.23:347.1(574)

Заки Б.Е.

Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының магистранты

Ғылыми жетекші:

з.ғ.д., профессор Жалаири Ө.Ш.

ҚАЗАҚСТАНДА АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ ЖӘНЕ АДАМ МЕН АЗАМАТ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЕРКІНДІК ЖҮЙЕСІ

Автор бұл мақалада Қазақстанда адам және азаматтардың құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы және адам мен азамат құқықтары мен еркіндік жүйесін қарастырған.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасы, адам және азамат, құқық, жүйе, қадір-қасиет, мемлекет, халық, қағида, конвенция, жарғы, бостандық.

Адамдардың құқықтарын халықаралық деңгейде қамтамасыз етудегі құжаттардың арасынан 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының үшінші сессиясында қабылданған Адам құқықтарының жалпы декларациясының алар орны ерекше. Бұл декларацияға сәйкес, барлық адамдар өздерінің қадір-қасиеті

және құқықтары тұрғысынан еркін және тең болып туылады. Декларацияда адамның жеке өміріне қатысты құқықтары, саяси құқықтары, мүлікке қатысты, білімге қатысты, еңбекке қатысты, дінге қатысты құқықтары кеңінен қарастырылған.

Адамдардың құқықтарын халықаралық деңгейде қамтамасыз етудегі тағы да бір маңызды құжат - Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пакті. Бұл пакт 1966 жылы 19 желтоқсанда Нью-Йоркте қабылданды.

Осы пактіге сәйкес, барлық халықтар өзінің мемлекеттік құрылысын өздері шешуге құқылы. Осы құқық бойынша олар өз елінің саяси мәртебесін еркін белгілеп, оның экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын еркін түрде қамтамасыз етеді. Барлық халықтар алдарына қойған мақсат-мұраттарына жету жолында халықаралық экономикалық ынтымақтастықтан туындайтын, өзара тиімділік қағидаттары мен халықаралық құқыққа негізделген қандай да болсын міндеттемелерге нұқсан келтірместен, өз елінің табиғи байлықтары мен ресурстарын еркін игере алады. Бірде-бір халықты меншігіндегі тіршілік етуге қажетті заттардан еш уақытта айыруға болмайды. Осы пактіге қатысушы мемлекеттердің бәрі, соның ішінде өзін-өзі басқарушы емес және қамқорлығындағы аумақтарды басқаруда жауапты мемлекеттер де, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының ережелеріне сәйкес, мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығын жүзеге асыруын көтермелеуге және ондай құқықты құрметтеуге тиіс. 140 Пактіге қатысушы әрбір мемлекет жекелей түрде және халықаралық көмек пен ынтымақтастық ретінде, атап айтқанда, экономикалық және техникалық салаларда, осы пактіде танылған құқықтарды барлық тиісті тәсілдермен, атап айтқанда, заңнамалық шаралар қабылдауды қоса алғанда, бірте-бірте толық жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін қолда бар ресурстардың барынша ауқымды шегінде шаралар қабылдауға міндеттенеді. Пактіге қатысушы мемлекеттер пактіде жарияланған құқықтар нәсілге, түр-түске, жынысқа, тілге, дінге, саяси немесе өзге наным-сенімдерге, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік жағдайға, сондай-ақ туылуы немесе өзге де жағдаяттарға қарамастан, қандай да болмасын кемсітусіз жүзеге асырылатынына кепілдік беруге міндеттенеді.

Дамушы елдер адам құқықтарын және өз халық шаруашылығын тиісті есепке ала отырып, өздерінің азаматтары болып табылмайтын адамдарға осы пактіде танылған экономикалық құқықтарды қандай ауқымда беруге кепілдік бере алатынын айқындай алады. Пактіге қатысушы мемлекеттер пактіде көзделген барлық экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды ерлер мен әйелдердің тең пайдалануы құқығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Қайсыбір елдерде заң, конвенциялардың, ережелердің күшімен не болмаса әдет-ғұрыптар арқылы танылған немесе қолданыстағы қандай да бір болмасын негізгі адам құқықтарын аталған пактіде мұндай құқықтар танылмайды немесе танылған күннің өзінде кем ауқымда танылады деген сылтаумен ешбір шектеуге немесе кемітуге жол берілмейді.

Пактіге қатысушы мемлекеттер әр адамның өз еркімен таңдап алған немесе өз еркімен келіскен еңбегімен күнкөріс жасау мүмкіндігі құқығын қамтитын еңбек етуге құқығын мойындайды және осы құқықты қамтамасыз етуге тиісті қадамдар жасайды. Бұл құқықты толық жүзеге асыру үшін осы пактіге қатысушы мемлекеттер қабылдауға тиісті шараларға адамның негізгі саяси және экономикалық бостандықтарына кепілдік беретін жағдайдағы кәсіби-техникалық оқыту мен дайындық бағдарламаларын, экономикалық, әлеуметтік және мәдени ұдайы даму мен толық өндірушілік еңбекке қол жеткізудің жолдары мен тәсілдері кіреді [1,11 б.].

Пактіге қатысушы мемлекеттер әрбір адамның, өзінің экономикалық және әлеуметтік мүдделерін жүзеге асыру және қорғау үшін кәсіптік одақтарды құру және осындай ұйымдарға өзінің таңдауы бойынша, сол тиісті ұйымның ережесін бұзбау шартымен ғана кіру құқығын; аталған құқықты пайдалану заң бойынша көзделген және демократиялық қоғамдағы мемлекеттік қауіпсіздік немесе қоғамдық тәртіп

мүдделерін немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажеттілерінен басқа ешбір шектеулерге жатпайды; кәсіптік одақтардың ұлттық федерациялар немесе конфедерациялар құру құқығын және де соңғылардың халықаралық кәсіподақ ұйымдарын ашу немесе соларға қосылу құқығын; кәсіптік одақтардың өз жұмыстарын кедергісіз және заң бойынша көзделген және демократиялық қоғамдағы мемлекеттік қауіпсіздік немесе қоғамдық тәртіп мүдделерін немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажеттілерінен өзге қандай да бір болмасын шектеулерсіз жұмыс жүргізу құқығын; әр елдің заңдарына сәйкес жүзеге асырылған жағдайдағы ереуілдерге шығу құқығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Пактіге қатысушы мемлекеттер әркімнің өзі және отбасының жеткілікті тамақтануын, киімі мен баспанасын қамтитын, жеткілікті тұрмыс деңгейінде өмір сүру және тұрмыс жағдайын үнемі жақсарту құқығын таниды. Қатысушы мемлекеттер, бұл ретте еркін келісімге негізделген халықаралық ынтымақтастықтың маңызы зор екенін тани отырып, осы құқықтың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдайды. Пактіге қатысушы мемлекеттер әрбір адамның аштықтан бостандығы негізгі құқығын тани отырып, жекелей өзі және нақты бағдарламалардың жүргізілуін көздейтін халықаралық ынтымақтастық тәртібінде:

- техникалық және ғылыми білімді кеңінен қолдану жолымен азық-түлікті өндіру, сақтау және тарату әдістерін жақсарту, табиғи ресурстарды неғұрлым тиімді игеріп, пайдалану үшін тамақтану принциптері мен аграрлық жүйені жетілдіру немесе реформалау туралы білімді тарату үшін;

- азық-түлік өнімдерін экспорттаушы, сонымен қатар импорттаушы елдердің қажеттіліктеріне сәйкес және олардың проблемаларын ескере отырып, дүниежүзілік азық-түлік қорының әділ бөлінуін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

Пактіге қатысушы мемлекеттер әрбір адамның білім алуға құқығын таниды. Олар білім - адамның жеке басының толық кемелденуіне және өзінің қадір-қасиетін сезінуіне бағытталып, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарына деген құрметті нығайтуы тиіс екендігімен келіседі. Бұдан әрі, олар білім баршаға еркін қоғамның пайдалы қатысушылары болуына мүмкіндік туғызып, барлық ұлттар мен нәсілдік, этникалық және діни топтар арасындағы өзара түсіністік, төзімділік пен достыққа ықпал етіп, Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті қолдау жолындағы жұмысына жәрдемдесетінін құптайды.

Пактіге қатысушы мемлекеттер осы құқықты толық жүзеге асыру үшін:

- бастауыш білім баршаға бірдей міндетті және тегін болуы тиіс екендігін;
- әр түрлі нысанда орта білім алу, бұған кәсіптік-техникалық орта білімді қоса алғанда, барлық қажетті шараларды қабылдау жолымен, атап айтқанда, біртіндеп тегін білім беру жүйесін енгізу сияқты ашық және бәрі үшін қолжетімді болып жасалуы тиіс екендігін;

- жоғары білім алу әркімнің қабілетіне қарай барлық қажетті шараларды қабылдау жолымен, атап айтқанда, біртіндеп тегін білім беру жүйесі сияқты, бәрі үшін бірдей қолжетімді болып жасалуы тиіс екендігін;

- бастауыш білім алмаған немесе бастауыш білімнің толық курсы аяқтамағандар үшін қарапайым білім алу, мүмкіндігінше көтермеленіп, немесе үдетіліп оқытылу керек екендігін;

- барлық сатыдағы мектеп жүйелерін дамытудың белсенді түрде жүргізілуі, стипендияның қанағаттанарлықтай жүйесінің орнатылуы, оқытушылар құрамының материалдық жағдайының үнемі жақсартылып отырылуы тиіс екендігін таниды.

Пактіге қатысушы мемлекеттер ата-аналардың және тиісті жағдайларда, қамқоршылардың өз балаларын оқыту үшін мемлекет билігі құрған мектептерді ғана емес, сонымен қатар мемлекет белгілеуі немесе бекітуі мүмкін білім беру

талаптарына жауап беретін және өз балаларының наным-сенімдеріне сәйкес діни және имандылық тәрбие беруді қамтамасыз ететін басқа да мектептерді таңдау еркіндігін құрметтеуге міндеттенеді.

Пактіге қатысушы мемлекеттер әрбір адамның мәдени өмірге қатысу; ғылыми прогресс пен оларды іс жүзінде қолдану нәтижелерін пайдалану; өзі авторы болып табылатын кез-келген ғылыми жұмыстарға, әдеби немесе көркем туындыларға байланысты туындаған моральдық және материалдық мүдделерін қорғауды пайдалану құқығын таниды [2, 12 б.].

Осы құқықты толық жүзеге асыру үшін пактіге қатысушы мемлекеттер қабылдауға тиіс шараларға ғылым мен мәдениет жетістіктерін қорғау, дамыту және тарату үшін қажетті шаралар да кіреді.

Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы бойынша адам құқықтары мен негізгі бостандықтары саласындағы өз міндеттерін орындау мақсатында мамандандырылған мекемелермен пактінің олардың қызметі саласына жататын қаулыларын сақтауға қол жеткізу жолындағы ілгерілеу туралы баяндамаларын өзіне тапсыру жөнінде келісім жасай алады. Бұл баяндамаларға мұндай жүзеге асырулар туралы олардың құзыретті органдары қабылдаған шешімдер мен ұсынымдар енгізілуі мүмкін.

Қазіргі кезде адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың мемлекеттердің ішкі ғана емес, сонымен бірге бүкіл халықаралық қауымдастықтың ортақ ісіне айналғандығы баршаға аян. «Халықаралық құқықтық принциптері мен нормаларын өзіне белгілі халықаралық-құқықтық міндеттемелер алған әрбір мемлекет ұлттық заңдардың көмегімен жүзеге асырады. Мемлекеттің ішкі құқығы бұл міндеттемелерді нақтылайды, халықаралық құқық нормаларының орындалуына жауапты органдар мен тұлғалардың шеңберін анықтайды» [3,396.]. БҰҰ-ның жарғысы қабылданғаннан кейін адам құқықтарын қорғауды бақылаудың мемлекеттік механизмдерімен бірге халықаралық бақылау механизмін құру үрдісі көрініс тапты. Бұл механизмдерді мемлекеттер үстінен қарайтындар деп атауға болады. Бақылау келісілген халықаралық принциптер мен нормаларды қолданудың әсерлілігіне едәуір ықпал жасауда.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қабылданған ең негізгі адам құқықтарына байланысты құжат 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы болып табылады. Жоғарыда біз бұл құжатқа белгілі дәрежеде тоқталып өткен болатынбыз. Жалпы бұл құжат адам құқықтарын қорғауды халықаралық деңгейге көтере білген, оны халықаралық мәселеге айналдырған болатын. Бұл құжатқа қарай отыра, жалпы адам құқықтары мен бостадықтары локальді, яғни жергілікті аумақтық сипаттағы құбылыс емес екендігін аңғарамыз. Былайша айтқанда бұл құжат адам құқықтары мен бостадықтарының жалпы қағидалық эталондарын белгілеген. Көптеген ұлттық мемлекеттердің Конституциясында көрініс тапқан демократиялық, құқықтық мемлекетке тән қағидалар осы құжатқа негізделді. Мысалы, адамның жеке басына қол сұғылмау қағидасы, оның 3-бабында көрініс тапқан.

Еліміздің қолданыстағы Конституциясында бұл қағида осы негізде бекітілгенін білеміз. Адамның ар-ожданы мен қадір-қасиеті, заң алдындағы теңдік мәселелерінің барлығы да осы құжаттан өрбиді. Қазіргі кезеңде бұл декларацияның тарихи-құқықтық маңызымен қатар, тәжірибелікте қасиеті жойыла қойған жоқ. Дамушы елдер үшін бұл өте өзекті болып табылады.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі тағы да бір маңызды құжаттың қатарына, Панамада 1984 жылы өткен төртінші Бас Ассамблея отырысында қабылданған жергілікті халықтар құқығы принциптерінің Декларациясын жатқызуға болады.

Бұл Декларацияның бірінші қағидасы барлық жергілікті ұлыстардың өзін-өзі билеуге құқығы бар, осы құқықтың пәрмені негізінде олар өздерінің саяси мәртебесін ерікті түрде анықтайды. Сондай-ақ, өздерінің саяси әлеуметтік, діни және мәдени дамуын емін-еркін жүзеге асырады деп белгіленген. Бұл құқықтық құжат негізінен ұлттық негіздегі халықтардың мүдделерін қорғауға бағытталған.

Резюме

В этой статье автор рассмотрел Всеобщую декларацию прав человека и гражданина в Казахстане и систему прав и свобод человека и гражданина.

Summary

In this article, the author considered the Universal Declaration of Human Rights and Citizen in Kazakhstan and the system of human and citizen rights and freedoms.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Горшкова С.А. Европейские нормы по правам человека и усилия России по их соблюдению // Журнал российского права. - 2001. - №11. -С. 11.
- 2 Глашев А.А. Европейский суд по правам человека: порядок подачи и рассмотрения жалоб // Юрист. - 2003. - № 4. - С. 12.
- 3 Карташкин В.А. Права человека. Международная защита в условиях глобализации. – Москва: Международные отношения, 2009. – 235 с.

ОӘЖ:343.57(091)(51+581)

Егенов А.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң
академиясының магистранты
ғылыми жетекшісі;
з.ғ.к., доцент
Ахметова С.А.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АЙМАҒЫНДАҒЫ ЕСІРТКІ БИЗНЕСІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ТАРАЛУЫНЫҢ АУҒАНДЫҚ ФАКТОРЫ

Орталық Азиядағы есірткі бизнесі таралуының шешуші факторы бұрынғыша Ауғанстан болып отыр. Мұнда НАТО мен оның одақтастарының, тұтастай алғанда, әлемдік қауымдастықтың қабылдап жатқан шараларына қарамастан, әскери-саяси жанжалдың шешім таппауы өзекті мәселе ретінде қалып отыр.

Кілт сөздер: Ауғанстан, есірткібизнес, қылмыс, Пәкістан.

Ауғанстандағы ахуалды, сонымен қатар, Пәкістанның солтүстік-батыс шекаралық провинцияларындағы пәкістандық талибтер позициясының нығаю фактісі де қиындата түседі. Ауғанстан мен Пәкістан жеріне Ирак, Шыңжаң, Орталық Азия, басқа да араб және африкалық елдердегі исламдық радикалдық ұйымдар мен қозғалыстардың бірнеше мыңдаған содырларының ауысу белгілері пайда болды[1].

Коалиция күштерімен болған қақтығыстардан кейін өз қатарларын толтыру мен күш жинау мақсатында Талибан қозғалысының жауынгерлері пәкістан территориясынан материалдық-техникалық қолдау алатындығы кездейсоқтық емес.

Операция барысында талибтер күші пәрменді түрде партизандық күрестің әдістерін сәтті қолдануда. Иракта өзінің нәтижелілігін көрсеткен террорист-жанкештілерді пайдалану кеңінен жолға қойылған. Қозғалыстың жауынгерлерін екі категорияға бөлуге болады: талибтер және ел мен провинциялардағы жағдайға көңілі толмайтын, наразы азаматтар. Талибтер «әл-Кайда» террористік ұйымының тәжірибесін назарға ала отырып бұқаралық ақпарат құралдарын ұтымды пайдалануда[2].

Бүгінгі таңда НАТО елдерімен қатар, бүкіл әлемдік қауымдастықты Ауғанстан мен Пәкістандағы күрделі жағдайдың даму барысы қатты алаңдатуда. Ауғанстан-Пәкістан аймағындағы ахуалдың шиеленісе түсуі, американдық саясаткерлер мен жоғары шенді әскерилердің алғаш рет стратегияны қайтадан қарастыру мен Ауғанстандағы өздерінің контингенттерінің санын қомақты түрде көбейту қажеттігі туралы мәлімдеме жасауларына алып келді. АҚШ Президенті Барак Обаманың сайлау алдындағы бағдарламасында 16 ай шеңберінде Ирактағы американдық жауынгерлерді шығарып, Ауғанстандағы әскери күштерді нығайтатындығы туралы уәде беруі негізсіз емес. Осыған байланысты, ол, АҚШ Ауғанстандағы әскерлер санын көбейту мақсатында қосымша 20 мың адам жіберетіндігін мәлімдеді[3].

Ауғанстандық есірткі экономикасының макро көрсеткіштері дабыл қағарлық күйге жетті. Қазіргі таңда бұл мемлекеттің территориясында әлемдік апиын көлемінің 94%-ы, ал абсолютті есеп бойынша, жыл сайын мұнда 150 млрд. бір мәртелік героин дозасы өндіріледі, бұл ғаламшардың әр тұрғынына 25 дозадан келеді. Бұл 10 жыл бұрын бүкіл әлем өндірген көлемнен 2 есе көп.

Осы жылдың тамыз айында жарияланған БҰҰ-ның соңғы есебі көрсеткендей, есірткі өсірілетін егістік алаңдары ұлттық ауқымдылық тарихында рекордтық көрсеткіштерге жеткен, ал ауған апиыны халықаралық есірткі нарығында іс жүзінде монополиялық жағдайға ие болды.

«Мызғымас бостандық» операциясын жүзеге асырғаннан кейін ауған есірткілерін өндіру 10 есе өсті, нақты келтірсек, 2001 жылы Ауғанстанда 180 тонна, ал 2008 жылы 8200 тоннадан астам есірткі заттары өндірілген»[4]. Әр түрлі мәліметтер бойынша, есірткі өндіру елдің ЖІӨ-нің шамамен 60%-ын құрайды. Жылдық айналымы 30 млрд. АҚШ долларына бағаланады.

«Ауғанстан соңғы бірнеше жыл ішінде каннабиоидтық топтағы есірткілерді өндіруден жетекші орынға шығып, бұл көрсеткіш бойынша дәстүрлі көшбасшы Мароккоға жетті. Орталық Евразияның бірқатар мемлекеттерінің ЖІӨ-нің 50%-дан астам көлемі ауған героинін сатумен байланысты ақшалардан құралады» [5].

Ауыр есірткі түрлерін, әсіресе, героинді ішкі тұтынудың өсуі тұрғысынан есірткі бизнесі мәселесі ауған қоғамын да қатты толғандырып отыр. Бүгінгі таңда Ауғанстандағы тұрақты түрде есірткіні тұтынатын нашакорлар саны шамамен 200 000 адамға жеткен.

Ауғанстан іс жүзінде «есірткі мемлекетіне» айналды, тұтас ауған экономикасы кешіп отырған есірткі қақпанынан шығу жолын, шындығында ешкім де білмейді, дөп басып айту қиын.

Есірткі мемлекетіне айналып отырған Ауғанстанда есірткі бизнесінің қарқынды және бұрын болмаған көлемде дамуы мен гүлденуінің себептеріне талдау жасау маңызды.

Ең алдымен, айта кетерлік мәселе, есірткі бизнесі тәрізді құбылыс Ауғанстан, сол сияқты Орталық Азия елдері үшін де абсолютті жаңа нәрсе емес. Мұнда есірткі заттары ежелгі заманнан бері өсіріліп, өңделіп келеді. Табиғи-климаттық жағдайлар Ауғанстанда қиындықсыз және жыл бойы жоғары сапалы апиын өсіруге мүмкіндік береді. Осыған дейін Ауғанстанда есірткі өндіру көлемі салыстырмалы түрде үлкен емес еді. 1984 жылы Ауғанстанда бар болғаны шамамен 40-45 тонна апиын шикізаты

өндірілді.

Сондай-ақ сарапшылардың сөзіне жүгінсек, «XX ғасырдың 60 жылдарына дейін апиын Ауғанстанда мал азығы ретінде қолданылды, оның дәнінен сабын қайнатып, сабағынан бояу дайындаған. Оны еліткіш зат есебінде қолдану тек қауымның шеңберінде ғана жүзеге асты. Транспорт желісінің және сыртқы экономикалық байланыстардың дамуымен апиынның, әсіресе, Иран мен Түркияға ашық экспорты (әзірге, салыстырмалы алғанда үлкен емес көлемде, жылына 200-400 тонна) сияқты құбылыс пайда бола бастады. 1979 жылға дейін Пәкістан мен Ираннан кейін жатқан алыс рыноктарға ауған апиыны мен героині жетпеді» [1].

Ресей ғалымы Е.Степанова Ауғанстандағы есірткі бизнесі мен қарулы қақтығыстарды талдай отырып, олардың өзара байланысы мен ықпалын тарихи тұрғыда үш кезеңге бөледі:

1. 1970 жылдардың аяғындағы Ауғанстандағы азаматтық соғыстың басталуы кезеңінен бастап 1990 жылдың ортасына дейінгі кезең, бұл кезеңге сонымен бірге кеңестік (1979-1989ж.ж) және «моджахедтік кезең» (1990 жылдың бірінші жартысы) жатады;

2. Талибан қозғалысының билік еткен кезеңі (1990 ж. ортасы-2001 жыл);

3. постталибтік кезең (2001 жылдың соңынан бастап қазірге дейін).

Ауғанстандағы есірткі өндірісінің пайда болуы мен таралу себептерін сараптай отырып, автор, ең алдымен, осы аймақтағы геосаяси себептерге екпін түсіреді. Ал Ауғанстанның әлеуметтік, саяси, экономикалық, этникалық тарихының фундаменталды ерекшеліктері бұл себептің фоны ғана болды деп есептейді Е. Степанова.

Ресей зерттеушілерінің пайымдауынша «жалпы АХДП-ның ел басқарған кезеңі мен кеңестік әскерлер тұсында Ауғанстанда түпкілікті түрде қос экономика қалыптасты. Бір жағынан, КСРО-ға бет бұрған және кеңестік экономикалық, гуманитарлық, сонымен бірге азық-түліктік көмекке негізделген «қалалық экономиканың» қалыптасуы жеделдетілсе. Екінші жағынан, Пәкістан мен Иранға бағытталған көлік жолдарының бойында, әсіресе, шекара маңындағы өңірлерде аймақтық көлеңкелі экономикаға интеграцияланған көлеңкелі транзиттік экономика қарқынды түрде дамып жатты. Егер де бірінші экономикалық үлгіні мемлекет бақыласа («қалалық экономика»), екіншісі («көлеңкелі транзиттік экономика») ислам оппозициясы қадағалайтын өңірлерде таралды» [12, с. 42].

Есірткілерді өндіру мен сатудың өсуіне септігін тигізген факторлардың бірі ретінде Е. Степанова Ауғанстанда қалыптасқан климаттық жағдайдың ерекшеліктерін атайды. «Апиын мағын өсіру көптеген ауыл шаруашылық дақылдармен салыстырғанда суды аз талап етті, және Ауғанстан территориясының басым бөлігінде макты өсіру мүмкін болатын. Көптеген ауыл шаруашылық өнімдері, әсіресе жеміс-жидек пен көкөністерге қарағанда, апиын шикізаты бұзылмайтын тауар ретінде сақтау мен тасымалдаудың ерекше талаптарын қажет етпеді, сол себепті ол соғыс нәтижесінде инфрақұрылымы бұзылған ауыл шаруашылығына анағұрлым икемді дақылға айналды. Апиын мағының күй таңдамайтындығы, оның үлкен табыстылығымен ұйқасып жатты: Ауғанстанның кейбір аудандарындағы апиын мағын өсіру бидай өсірумен салыстырғанда 30 есе, ал мақтаға қарағанда 40 есе көп пайда әкелді» [6].

Есірткі өндірісіндегі тағы да бір үлкен секіріс кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылуы мен кабул режимінің құлауымен тұспа-тұс келді. Бұл кезеңде әр түрлі күштер арасындағы қарулы қақтығыстар белең алып, саяси, әлеуметтік, экономикалық салаларда дағдарыс басталып, ауған мемлекеттілігінің негіздері шайқалды. Осының негізінде «соғыс экономикасы» орнықты.

Сонымен бірге, Ауғанстанды есірткі бизнесі дәстүрлері тарихи қалыптасқан мемлекет деп санау дұрыс емес.

«90-шы жылдардың соңында апиын өндірісі мен саудасына қандай да болмасын деңгейде Ауғанстан халқының 30 дан 50%-на дейін тартылды» [152]. «Оның үстіне апиын өндірісі мен саудасынан ауғандықтардың өздерінің алатын пайдасы үлкен болмады: 1994 пен 2000 жылдар аралығында ел халқының апиыннан түсетін жалпы орта жылдық табысы шамамен 150 млн. долларды (немесе 6-7 адамнан тұратын жанұяға жылына шамамен 750 доллар) құрады, ал бұл соманың бір бөлігі талибтерге төленетін салыққа жұмсалды» [3].

Жалпы, Х. Карзай үкіметі тұрғысынан алғанда, есірткі бизнесі – *саяси, қаржылық және әлеуметтік* қызметтерді атқарып отыр.

Бірінші жағдайда, саяси деңгейде, билік элитасының, құқық қорғау органдарының және ықпалды дала командирлерінің лояльдігі туралы мәселе көтеріліп отыр.

Ресей Федерациясының сыртқы барлау қызметінің деректері бойынша, ауған шенеуніктер элитасы өкілдерінің бірқатары – губернаторлар мен тіпті үкімет мүшелерінің есірткі бизнесіне тікелей қатысы бар. Олардың арасында бұл заңсыз бизнеспен 40 жылдан астам уақыттан бері айналысатын белгілі есірткі саудагері Аджи Нурзайдың ұлы – өнеркәсіп министрі Ариф Нурзай, Тахар провинциясының губернаторы Башир Чейаб, Джелалабад губернаторы Хаджи Дин Мохаммад, Талибан Жоғарғы Кеңесінің бұрынғы мүшесі Хаджи Башар және т.б. бар. Есірткі саудасымен, сонымен қатар, Кандагарда ықпалы зор қазіргі ауған президентінің ағасы Ахмед Вали Карзайдың есімі байланыстырылады [8]. Көріп отырғанымыздай Ауғанстанның саяси элитасының өзі есірткі бизнесіне белшесінен батқан.

Қырғыз сарапшысы А. Князев атап көрсеткендей, «Ауғанстандағы барлық ішкі саяси күрес – бұл бәсекелес есірткі топтарының күресі. Қазіргі кезеңдегі ауқымды көлемдегі есірткі өндірісі – бұл 1980 жылдары АҚШ-тың ОББ резидентурасының қолдауымен моджахедтер негізін салған процестің нәтижесі. Бұл кеңес әскерлеріне қарсы соғысты қаржыландыру арналарының бірі болды. Тек ішкі күштерге сүйеніп, оны жою ешқандай ауған үкіметінің қолынан келмес еді» [6].

Ауғанстанның қазіргі есірткі экономикасы – бұл исламдық содырлар мен АҚШ-тың арнаулы қызметінің арасындағы астыртын келісімнің нәтижесі деген тезис даулы көрінгенімен, Ауғанстандағы есірткі бизнесі – елдің ішкі саясатының шешуші элементі деген көзқараспен келісу орынды. Х. Карзай үкіметі өзін-өзі сақтау ұстанымы тұрғысынан қызмет ете отырып, есірткінің заңсыз айналымына қатысты мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлыққа көз жұмып қарауға мәжбүр болып отыр.

Сонымен қатар, ауған билігі есірткі бизнесімен күресте Х. Карзай жағына өткен дала командирлерінің лояльдігін жоғалтпау мақсатында белсенді әрекеттер жүргізбей отырғандығы анық.

Ресми биліктің есірткі бизнесіне қатысты саясатында оның қаржылық астары маңызды орын алады. Біздің пайымдауымызша, АҚШ пен Кабулдағы ресми билік, есірткі доллары мен есірткілік евроның жергілікті валюта нарығына құйылуына мүдделі болып отыр. Бұл Ауғанстанның Орталық банкінің ұлттық валюта – афғанның тұрақты курсына ұстап тұруына мүмкіндік береді. Олай болмаған жағдайда, Вашингтонның бұл мақсатта қосымша қаржы ағымдарын жүзеге асыруына тура келер еді.

Әлеуметтік салада – елдің ауыл тұрғындарының қалың бұқарасының билікке лояльдігі туралы мәселе жөнінде болып отыр.

Күрделі экономикалық жағдай апиын шикізаты өндірісінің сақталуына тікелей

ықпал етуде. Қазіргі таңда апиын өндірісіне елдің жер шаруашылығымен айналысатын барлық тұрғындардың шамамен 2/3 бөлігі, яғни 1,5 миллионнан астам адам тартылған. 2001 жылы басталған аграрлық реформалар сәтсіз аяқталды. Ауған шаруалары макты өсіру және сату, заңды агробизнеспен салыстырғанда, 4-5 есе көп пайда әкелетіндігін түсінеді.

Осы тұрғыдан келгенде Ауғанстан мәселесін реттеу саласында үлкен белсенділік танытып отырған Қазақстан Республикасының позициясы өзінің рационалдылығымен ерекшелінеді. 2009 жылы желтоқсанда Алматы қаласында есірткілік заттардың, психотропты өнімдер мен прекурсорлардың заңсыз өндірісі, айналымы, тұтынуды бақылау саласындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы Меморандумға қатысушы мемлекеттердің 8-ші кездесуінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Қ. Омаров: *«2010 жылдағы ЕҚЫҰ төрағасы ретінде Қазақстан Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыру мәселесін ұйымның маңызды басымдықтарының бірі ретінде айқындауды жоспарлауда. Сонымен бірге Қазақстан Ауғанстандағы көлік жолдарын қалпына келтіруге, мектептер мен ауруханалар құрылысына 2,4 млн. АҚШ доллары көлемінде қаржы бөліп, гуманитарлық көмек ретінде 2 мың тонна бидай жеткізді. Ағымдағы жылда «2009-2011 жылдардағы Ауғанстанға көмек беру бағдарламасына» сәйкес 1,5 млн. АҚШ доллары бөлінеді. Және де келесі бес жыл бойы Қазақстан 1000 ауған мамандарын отандық орта және жоғарғы оқу орындарында оқытуға 50 млн. АҚШ долларын жұмсамақ»* деп мәлімдеді[8].

Зерттеу тақырыбы аясында Ауғанстандағы есірткі бизнесінің жағдайын сараптай отырып келесідей концептуалды қорытындыға келдік:

Біріншіден, Ауғанстандағы есірткі өндірісі мен саудасы орта және ұзақ мерзімді болашақта бірқатар ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен күрделене түседі. Онымен қоса, басты ішкі фактор АҚШ пен халықаралық коалиция күштерінің қолдауымен ғана билік құрып отырған Х. Карзай үкіметінің әлсіздігі – яғни, Ауғанстанның қазіргі үкіметінің халық арасында легитимділікке қол жеткізе алмауы болып отыр. Х. Карзай әкімшілігі бір жағынан, басты сегменті апин шикізатын өндіру болып табылатын Ауғанстан экономикасына қажетті реформаларды өткізуге, екінші жағынан, ауған халқын жұмылдыруға шарасыз болып шықты.

Басты сыртқы фактор ретінде әлемдегі ауған героиніне деген сұраныстың толассыз өсуін атауға болады. Яғни, сұраныстың өсуі мен ауған героинін сатудан түсетін орасан зор миллиардтаған қаржы түптеп келгенде Ауғанстан тарапынан ұсынысты қалыптастыруда.

Екіншіден, ауған героинінің Орталық Азиялық экспорттық бағыты жылдан жылға халықаралық қылмыстық топтар үшін тартымды болып отыр. Мұның басты себептері Еуропалық Одақ пен Ресейге есірткілерді тасымалдаудың оңтайлы және тиімді жолдарын, және ТМД-ның ұлан ғайыр территориясындағы, сонымен бірге Орталық Азия елдерінің өз ішіндегі ауған героиніне деген тұтынушылар сұранымының өсуі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Дружиловский С. Итоги антитеррористической операции в Афганистане и интересы России // [http: www. afghanistan. ru](http://www.afghanistan.ru).
- 2 Мелентьев С., Царик Ю. Новые подходы к проблеме безопасности на примере планетарного феномена афганского наркопроизводства // Военно-промышленный курьер. – 2009. – № 27. – С. 23.
- 3 McCoy A. The Politics of Heroin. – Chicago: Lawrence Hill Books / Chicago Review Press, 2001. – P. 469-471.

-
- 4 Князев А. Геополитические основы наркоэкономики Афганистана и угрозы Центральной Азии // Эксперт Казахстан. – 2008. – № 18. – С.12.
- 5 Джалилова А. Казахстан выделил на борьбу с наркоманией и наркоторговлей \$ 260 млн. // Панорама. – 2009. – № 48. – С. 5.
- 6 Даниелян А.А. Международно-правовые основы сотрудничества в сфере противодействия незаконному обороту наркотиков и психотропных веществ: дис. ...канд. юрид. наук. – М, 2006. – С. 97.
- 7 Гасанов Э. Наркобизнес – национальная опасность для генофонда народов // Прокурорская и следственная практика. – 1999. – № 2. – С. 74.
- 8 Уразов Н. Актуальные проблемы современной молодежи. Оценка специалистов // Будущее без наркотиков. – 2003. – № 2-3. – С. 18.

Резюме

В статье исследуются афганские факторы наркобизнеса в странах центральной Азии. На сегодняшний день наркобизнес является одним из общественных явлений влияющий на будущее любой страны. Именно поэтому исследования такого типа являются актуальными в юридической науке страны.

Summary

The article explores the Afghan factors of drug trafficking in Central Asian countries. To date, narcobusiness is one of the social phenomena affecting the future of any country. That is why research of this type is relevant in the legal science of the country.

УДК: 343.353(574)

Имбаев А.
Магистрант 1 курса
Евразийской юридической
академии имени Д.А.Кунаева
научный руководитель
д.ю.н., профессор
Умирбаева З.А.

УГОЛОВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ

В статье исследуются вопросы по правовым нормам, устанавливающие уголовную ответственность за экологическое правонарушение, судебная практика, правовая статистика экологических правонарушений, а также опубликованные научные труды отечественных и зарубежных ученых по вопросам, затрагивающим тему исследования.

Ключевые слова: экология, природопользования, атмосфера, недропользования, экоцид, суд, права, защита.

Актуальность темы заключается в том, что на сегодняшний день независимая и суверенная Республика Казахстан является государством с большими богатствами природных ресурсов и производственным потенциалом. Безопасность экологии Казахстана является одним из основных направлений нашего государства, о чем

свидетельствует 31 ст. Конституции Республики Казахстан, которая гласит: «Государство ставит целью охрану окружающей среды, благоприятной для жизни и здоровья человека». Право на здоровую и чистую окружающую среду является основным экологическим правом человека, сформулированным довольно давно [1].

Решение объективно направлено на выполнение Республикой Казахстан требований общепризнанных норм и принципов международного права, прежде всего, 1-ого принципа Стокгольмской декларации по окружающей среде, в соответствии с которым человек имеет основное экологическое право на благоприятные условия жизни. «Человек имеет основное право на свободу, равенство и благоприятные условия жизни в окружающей среде, качество которой позволяет вести достойную и процветающую жизнь, и несет главную ответственность за охрану и улучшение окружающей среды на благо нынешнего и будущих поколений. В связи с этим политика поощрения или увековечения апартеида, расовой сегрегации, дискриминации, колониального и других форм угнетения и иностранного господства осуждается и должна быть прекращена». И будет правильно, если назовем данный принцип краеугольным камнем прав человека в области экологии. И важно следующее: появляется понимание того, что экологические права человека - такие же жизненно важные и необходимые права, как право на жизнь. Ведь от нашей общей ответственности сегодня зависит судьба будущих наших поколений [2].

Экологические уголовные правонарушения посягают на окружающую природную среду, т.е. это одно из бесценных благ, которым человек должен благоразумно и бережно пользоваться, памятуя о том, что природная среда концентрирует в себе естественную основу для обеспечения нормальной жизнедеятельности людей. Кроме того, это источник благосостояния народа, дальнейшего укрепления и развития социально-экономического фундамента общества, государства [3, с. 34].

Под экологической безопасностью следует понимать состояние защищенности жизненно важных интересов и прав личности, общества и государства от угроз, возникающих в результате антропогенных и иных воздействий на окружающую среду».

Экологическая проблема номер один в РК - загрязнение окружающей среды. Последовательно ухудшается здоровье людей. Средний возраст мужчин за последние годы составил всего 68 лет. Каждый десятый ребенок рождается умственно или физически неполноценным вследствие нарушения на генном уровне. По отдельным регионам этот показатель выше в 3-6 раз. В большинстве промышленных районов страны одна треть жителей имеет различные формы иммунологической недостаточности. По стандартам ВОЗ при ООН народ РК находится на грани вырождения. Примерно 15% территории страны занимают зоны экологического бедствия и чрезвычайных экологических ситуаций. Только 15-20% жителей городов и поселков дышат воздухом, отвечающим установленным нормативам качества. Около 50% потребляемой населением питьевой воды не отвечает гигиеническим требованиям. Список подобных данных довольно обширен. Вышеизложенное свидетельствует, что нам всем - жителям необъятной и богатой ресурсами Казахстана - пора осознать, что время нерегулируемого безлимитного пользования средой безвозвратно ушло. За все нужно платить: деньгами, введением жестких ограничений, установлением ответственности. В противном случае человек расплачивается не только своим здоровьем, но и благополучием будущих поколений, ибо негативное воздействие на природную среду есть не что иное, как уничтожение биологической основы существования человека, современная форма каннибализма [4, с.18].

От административно-правовых правонарушений (проступков), экологические уголовные правонарушения отличаются более высокой степенью общественной опасности, что может проявляться в повторности нарушения закона, наличие прямого умысла, объема и степени тяжести причиненного вреда природной среде и здоровью человека.

Под экологическим уголовным правонарушением следует понимать вредительство, проявляющееся в совершении посягательства на установленный законодательством Республики Казахстан экологический правопорядок, экологическую безопасность общества и причиняющее существенный ущерб окружающей природной среде или здоровью человека.

В Уголовном кодексе Республики Казахстан в Главе 13 экологические правонарушения образуют самостоятельную главу. В ней изложена не просто консолидация имеющихся норм, но и включены нормы с описанием новых составов уголовных правонарушений.

Наряду с главой 13 составы общественно опасных деяний, связанных с охраной окружающей среды, находятся и в других главах Уголовного кодекса Республики Казахстан.

В главе 4 «Преступления против мира и безопасности человечества» предусматривается новая для уголовного права Казахстана статья 169 «Экоцид», согласно которой массовое уничтожение растительного или животного мира, отравление атмосферы, земельных или водных ресурсов, а также совершенных действий, вызвавших или способных вызвать экологическую катастрофу, - наказываются лишением свободы на срок от 10 до 15 лет [5].

В главе 6 Уголовные правонарушения против собственности, предусматривается ответственность за Нарушение вещных прав на землю.

В главе 10 Уголовные правонарушения против общественной безопасности и общественного порядка предусматривается ответственность за нарушение правил безопасности на объектах атомной энергетики, при ведении горных или строительных работ, на взрывоопасных объектах, незаконное обращение с радиоактивными материалами, нарушение правил обращения с радиоактивными материалами [5].

В главе 11 Уголовные правонарушения против здоровья населения и нравственности предусматривается нарушение санитарных правил и гигиенических нормативов, сокрытие информации об обстоятельствах, создающих опасность для жизни или для здоровья людей [5].

Под экологической безопасностью (с точки зрения уголовного права) понимается состояние защиты жизненно важных интересов личности, населения, государства и международного сообщества в процессе взаимодействия общества и природы от угроз со стороны природных объектов, естественные свойства которых существенно изменены путем загрязнения, засорения или истощения в результате противоправной и виновной антропогенной деятельности

Подводя итог можно выделить основные уголовные ответственности за экологические правонарушения и выделить общие черты этих правонарушений:

1. Уголовная ответственность за экологические правонарушения является особой формой защиты общества от экологических преступлений. Так уголовные наказания применяются за умышленные экологические преступления; умышленное уничтожение, разрушение либо порчу природных комплексов и объектов, взятых под охрану государства, за причинение экологическим правонарушением значительного вреда охраняемым природным объектам.

2. Уголовная ответственность за экологические правонарушения наступает после предварительного проведения следствия или дознания специально

уполномоченными на то лицами в особом процессуальном порядке. Основанием для назначения уголовного наказания является приговор суда.

3. Уголовная ответственность за экологические правонарушения для нарушителей, совершивших уголовное правонарушения в области природопользования, предусматривает более суровые меры наказания. Например, лишение свободы, конфискацию имущества, штраф, лишение права занимать определенные должности и т.д.

4. Ответственность за уголовные преступления в области природопользования несут лишь физические лица, достигшие возраста привлечения к уголовной ответственности и вменяемые. Не привлекаются к уголовной ответственности организации и их структурные подразделения. Граждане иностранных государств так же несут уголовную ответственность за экологические преступления. Уголовная ответственность для иностранных граждан распространяется также на деяния, совершенные на континентальном шельфе и в исключительной экономической зоне Республики Казахстан.

5. Действующее законодательство предусматривает 20 составов экологических уголовных правонарушений, которые различаются в зависимости от объекта уголовного правонарушения [7 с. 70].

Из данной работы можно сделать следующие выводы: под понятием экологических уголовных правонарушений следует понимать, как предусмотренные главой 13 УК общественно опасные деяния, посягающие на общественные отношения по сохранению благоприятной среды, рациональному использованию ее ресурсов и обеспечения экологической безопасности населения. Что касается объективной и субъективной стороны то с объективной стороны экологические уголовные правонарушения, как правило, выражаются в нарушении путем действия или бездействия соответствующих правил природопользования и охраны окружающей среды. А субъективная сторона большинства экологических уголовных правонарушений характеризуется неосторожной виной по отношению к вредным последствиям, являющимся признаками как основных, так и квалифицированных составов. Экологические уголовные правонарушения подразделяются на экологические уголовные правонарушения общего характера и специальные экологические уголовные правонарушения.

Список литературы:

- 1 Республика Казахстан. Конституция РК от 30 августа 1995 г.
Исследования феномена организованной преступности у нас в стране ведется сравнительно недавно. На современном этапе развития общества мы имеем дело с новыми организационными преступными структурами, с существенной консолидацией преступной среды. «Мы дезорганизуем всю систему государственной и правовой защиты общественных интересов, прав и интересов граждан, в том числе правосудие, если под организованной преступностью будем понимать или относить к ней все преступления, совершенные организованными группами лиц» [8,с.173].

Организованная преступность невозможна без особой организации ее субъектов. Под организацией понимается:

1) устройство, сочетание, объединение чего-либо или кого-либо в одно целое, приведение в строгую систему;

2) группа лиц, объединенных общей программой, общей целью или задачей;

3) общественное объединение, государственное, партийное и т.п. учреждение.

Если обратиться к социальной психологии, то там под групповой деятельностью понимается «реально существующее образование, в котором люди собраны вместе, объединены каким-то общим признаком, разновидностью совместной деятельности или помещены в какие-то идентичные условия, обстоятельства, определенным образом осознают свою принадлежность к этому образованию» [9,с.129].

Цели и задачи организованной деятельности могут быть самыми различными, в том числе и общественно полезными. Применительно же к организованной преступности они носят противоправный характер.

Важнейшими обязательными признаками, характеризующими сущность организованной преступности, являются:

а) ориентация на систематическое совершение преступлений;

б) постоянное извлечение доходов;

в) наличие определенной сферы влияния, контроля или определенной территории, или производственно-отраслевого, управленческого участка.

Указанные признаки внутренне взаимосвязаны и взаимообусловлены. Противоправная цель постоянного извлечения доходов предполагает систематическое совершение преступлений, а для наиболее успешного их осуществления монополизирована какая-либо отрасль или сфера приложения преступных интересов.

Признаки, характеризующие организованную преступность:

- предумышленное, заранее планируемое преступное поведение;

- сплочение лиц, совершающих преступления, размежевание между ними преступных ролей, иерархическая система взаимоотношений;

- целенаправленная разработка мер защиты от разоблачения и привлечения виновных в совершении преступлений к установленной законом ответственности;

- наличие выраженных организационно-управленческих структур, их иерархия, выделение так называемого «высшего эшелона», представители которого выполняют руководящие функции, не имеющие отношения к конкретным преступлениям, что обеспечивает безнаказанность, т.к. их действия остаются за рамками уголовного закона;

- единые нормы поведения и ответственности, т.е. своеобразная «нормативно - ценностная система»;

- наличие общих денежных фондов, инвестируемых в различные сферы преступной деятельности (что обеспечивает сращивание обще уголовной и хозяйственно-корыстной преступности), используемых для подкупа «нужных» лиц, материальной поддержки членов преступного сообщества;

- монополизация и расширение сфер преступной и иной асоциальной деятельности, кооперация преступных сообществ в различных отраслях хозяйственной деятельности, внедрение на «черный» рынок товаров и услуг, эксплуатация наркобизнеса, порнобизнеса, проституции;

- создание и стабилизация условий, способствующих дефициту в экономике;

- использование легальных путей для "отмывания" преступно добытых средств;

- активное распространение преступной идеологии, в том числе и в местах лишения свободы;

- организация моральной и материальной поддержки членов преступного сообщества, оказавшихся в местах лишения свободы;

- отвлечение общества на решение второстепенных (по отношению к организованной преступности) проблем;

- установление нелегальных связей со сферами управления экономикой и охраны общественного порядка.

Данные признаки достаточно широко и разнообразно характеризуют феномен организованной преступности.

Организованная преступность появилась в обществе и существует вместе с ним, т.е. является социальным явлением. Ее можно рассматривать как систему социальных связей и отношений, установившихся по поводу незаконного извлечения прибыли. В их основе лежат экономические отношения.

Для организованной преступности характерна нелегальная экономическая деятельность, которая характеризуется планомерным, целенаправленным извлечением прибыли на основе присвоения прибавочной стоимости. Это, прежде всего экономические отношения производства. Именно в сфере производства, в основном, делаются деньги деятелями организованной преступности, причем не имеет значения, организовывается ли данное теневое производство в рамках официальных структур, полулегально или нелегально.

Конечная цель производства - реализация и получение прибыли. Поэтому нелегальная экономическая деятельность предполагает определенную систему реализации, как через легальные каналы сбыта, так и нелегальным путем. Возникающие при этом финансовые отношения определяют наличие некой финансовой системы, которая регулирует движение средств в системе организованной преступности и сама является формой нелегального извлечения прибыли[10,с.13].

Для экономической деятельности организованной преступности характерна способность быстро менять профиль деятельности с учетом изменения легального и нелегального рынков, спроса и т.д., что можно наблюдать в нашей действительности.

Не все члены преступного сообщества занимаются непосредственно производством или реализацией, а так же связанными с этим функциями. Часть из них может участвовать в нелегальной экономике своим капиталом, вкладывая свои деньги при условии получения определенного процента прибыли. Капитал приобретает своеобразную акционерную форму. Таких лиц можно разделить на две категории. Первая - это те, кто непосредственно занят организацией подпольного бизнеса на свои и предоставленные им средства, а вторая - лица, участвующие в подпольном бизнесе только своими деньгами, капиталом и получающие определенный процент.

К первой категории обычно относятся лица, профессионально знакомые со способами организации и управления производством, торговлей и т.п. Ко второй категории можно отнести коррумпированных должностных лиц государственного

аппарата, а так же дельцов, специализирующихся на других формах подпольного бизнеса и, что довольно важно, представителей уголовной среды, в том числе авторитетов преступного мира.

Таким образом, организованная преступность - «явление, прежде всего, социально-экономическое». На экономическую сущность организованной преступности обращают внимание и зарубежные ученые. Так, они характеризуют ее как «рискованное деловое предприятие или постоянно действующее преступное предприятие» [11,с.82].

Организованная преступность существует в форме преступных сообществ. Причем это неоднородное явление. В минимальном виде оно представляет из себя совокупный результат деятельности преступных сообществ расхитителей, воров, контрабандистов и т.д., каждое из которых действует независимо друг от друга. В максимальном виде - это деятельность преступных синдикатов, системы преступных сообществ. В такой системе могут действовать как равнозначные взаимосвязанные сообщества, так и структуры, в которых преступные сообщества управляют себе подобными, взаимодействуют по вертикали. Общий результат деятельности таких формирований (как независимых, так и системы) и будет являться проявлением феномена организованной преступности. Низовая основа, основная составная часть ее, несомненно, преступное сообщество.

В основе внутренней сплоченности преступных сообществ могут лежать различные идеи, убеждения и т.д. В этом отношении организованная преступность универсальна и охватывает множество различных видов преступлений. Доказательствами высокого уровня сплоченности служат сложные организационно-иерархические связи, наличие в обороте крупных денежных сумм, сращивание с административными и правоохранительными органами и т.д.

Преступное сообщество - это устойчивое сплоченное объединение лиц, характеризующееся следующими признаками, которые могут быть и в стадии формирования: иерархической структурой, четким распределением ролей, жесткой дисциплиной с подчинением по вертикали, наличием наказаний и особых норм поведения, финансовой базой.

Такое преступное сообщество может действовать путем сбора необходимой информации в выгодных направлениях деятельности; нейтрализации и постепенного коррумпирования административных, правоохранительных органов; использовании легальных форм и структур для создания внешне законной формы своих действий; организации такой структуры управления, при которой организаторы остаются вне пределов досягаемости уголовного закона, и, конечно, путем совершения различных преступлений - корыстных, насильственных, должностных и т.д., при доминирующей мотивации достижения корыстной цели и контроля какой-либо сферы или территории.

Итак, организованная преступность - это особое негативное социально-экономическое явление, представляющее собой противозаконную деятельность преступных сообществ (как отдельно взятых, так и их системы совместно), направленную на постоянное извлечение дохода путем систематического совершения преступлений на определенной контролируемой территории, или в отрасли, сфере какой-либо деятельности.

Список литературы:

- 1 Долгова А.И., Дьякова С.В. Организованная преступность.- М., 2001.-134 с.
- 2 Бурлаков В.Н., Кропачев Н.М. Криминология: Учебник для вузов. - СПб.: Санкт-Петербургский государственный университет, 2013. - 47с.

-
- 3 Алауханов Е.О. Криминология. Юридический центр-Пресс, 2013.- 91с.
 - 4 Иншаков С. М. Зарубежная криминология. - М., 2013. – 196 с.
 - 5 Самонов А. И. Психология преступных групп. - Пермь, 1999. - 113 с.
 - 6 Кузнецова Н. Ф., Миньковский Г. М. Криминология. - М., 2004. - 374 с.
 - 7 Вайсберг Л.М. Криминологическая характеристика преступных групп (к вопросу о преступной субкультуре) // Борьба с правонарушениями. - Алматы, 2001. - С. 119.
 - 8 Кудрявцев В.Н., Эминов В.Е. Криминология. - М.:Юрист, 2000. - 173 с.
 - 9 Андреева Г. М. Социальная психология. - М.: Юрист, 1999. - 129 с.
 - 10 Иванов Н. Г. Организованная преступность: содержание и вопросы законодательного регулирования // Государство и право. - 2005. -№ 8. - 10-13.
 - 11 Джекебаев У.С. О социально-психологических аспектах преступного поведения. - Алматы: Наука, 2003. - 105 с.

Түйіндеме

Мақала саяси, ұлттық, класстық, діни және нәсілдік күрес жүргізу мақсатында құрылған қылмыстық қауымдастықтың ең жоғары деңгейі болып табылатын ұйымдасқан қылмысқа арналады.

Summary

This statue is devoted to organized crime, representing high level of criminal union, created, usually, for political, national, class, religious and racial struggle.

ОӘЖ: 343.7 (574)

Мұхат Н.К.
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының
магистранты
Ғылыми жетекші:
з.ғ.д., доцент Балашов Т.Т.

МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Мақалада меншіктік қатынастардың қылмыстық-құқықтық жағынан қорғалуы жөнінде және меншікке қарсы қылмыстардың жіктелінуі жайлы қарастырылған.

Кілт сөздер: меншікке қарсы, мемлекет, меншік иесі, жеке меншік құқығы, пайдакүнемдік.

Меншік құқығы меншіктің өзі сияқты қоғамдық өмірде негізгі орынның бірін алады. Меншік қатынасын нормативтік реттеу Қазақстан Республикасында мемлекеттің қалыптасуының барлық кезеңінде жүрді. Тарихи тұрғыда Қазақстан біршама уақыт Ресей империясының, одан кейін КСРО құрамында болып, тек 1991 жылы ғана тәуелсіз мемлекет болды. Республикада меншік құқығы туралы нормативтік ережелер айтылған мемлекеттердегі қалыптасқан ағымға бағынышты еді.

Меншік иесі құқығы күшінің шектелген саны белгілі бір ауқымнан шықпауға әрі бақыланбауға тиіс болды, ал меншік иесінің меншікке қатысты құқығы болса, тар

ауқымда қатаң түрде шектеліп отырды. Меншік жеке бастың еркіндігі ұғымынан туындайтын табиғи құқықты “байланыстырғыш” ретінде байқалды. Жеке адамның меншікке егемендігі мемлекеттің өктемдігіне қарсы неғұрлым тиімді тосқауыл ретінде қарастырылды. Мемлекеттің шексіз билігін шектеуді, ағарту, рационалдық және саяси ойдың жаратылыстану - құқықтық мектептері өркениетті қоғамның институттық негізі ретінде қабылдады.

Қазақстан Республикасында меншік құқығы жөніндегі нормативтік ережелердің азаматтық-құқықтық дәстүр аясында туындағаны сөзсіз. Әйтсе де сыртқы сипаттағы белгілі бір тарихи себептерге қатысты өзіндік ерекшелігі де болды. Ол негізінен мына кезеңдерге бөлінген:

1. Революцияға дейінгі кезең –XIX ғасырдың екінші жартысынан 1917 жылды қоса;

2. Кеңестік кезең- 1917 жылдан басталып, 20 ғасырдың 80 жылдарының соңы;

3. Кеңестен кейінгі кезең- 80 жылдардың соңынан қазірге дейінгі мезгіл.

Бүгінгі күнде қылмыстылықтың ерекше бір түрі қоғамның экономикалық саласы болып отыр, өйткені нақ осы сала нарық өмірінің ең маңызды құралы болып табылады. Сондықтан да, 1997 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде және 2011 жылғы 25 қаңтардағы қылмыстық заңнамадағы жазаларды декриминалдауға қатысты меншікке қарсы қылмыстардың біршамасына , оның ішінде алаяқтыққа ерекше көңіл бөлінді [1, 2 б.].

И.А. Архипованың ойынша меншік иесі өзіне тиесілі мүлікке қатысты өз қалауы бойынша кез – келген әрекеттер жасауға, соның ішінде бұл мүлікті басқа адамдардың меншігіне беріп, иелігінен шығаруға, өзі меншік иесі болып қала отырып, оларға мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өз өкілеттігін тапсыруға, мүлікті кепілге беруге және оған басқа да әдістермен ауыртпалықтар түсіруге, оларға өзгеше түрде билік етуге құқылы [2, 112 б.].

Сондықтан да, меншік иелерінің заңды құқықтары азаматтық құқық нормаларымен және меншік құқығына қоғамға қауіпті қол сұғушылық жасалғанда қылмыстық құқық нормаларымен де қорғалынады.

Қылмыстық құқықта меншік иесінің құқықтары меншік нысандарына қарамастан тең дәрежеде қорғалынады. Меншік нысандарының барлық түрлерінің тең түрде қылмыстық құқықтық қорғалуы үшін қылмыстық заң қылмыстық жауаптылықтың негізін, шегін, қолданылатын санкция түрлерін бірдей етіп белгілеген. Меншік нысандарының тең қорғалуы үшін: қылмыстық заң біріншіден, әртүрлі меншік нысандарына қол сұғатын ұқсас іс - әрекеттерді бірыңғай саралауды белгілеген; екіншіден, меншікке, оның нысандарына қарамастан қол сұғушылық үшін қылмыстың ауырлататын немесе аса ауырлатын белгілерін де бірдей белгілеген; үшіншіден, меншік нысандарына қарамастан оған қылмысты қол сұғушылық үшін заңда жазаның бірдей түрлері және шегі белгіленген.

Әлеуметтік құндылықтар жүйесінде меншікке құқық адамның әлеуметтік игіліктерінің ішіндегі ең маңыздысы ретінде саналады. Сондықтан кең мағынада алғанда бұл игілікке қол сұғушылық адамның өз басына қол сұғушылықпен парапар. Меншікке қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

С.В. Каширский меншікке қарсы қылмыстарды кейде мүліктік қылмыстар деп аталады деген пікірде. 1922 және 1926- жылдардағы Қылмыстық кодекстердің тиісті тарауларының тақырыптары осылай деп аталған. Бұл екі түсінік бірдей, себебі меншікке қарсы жасалған қылмыстардың көпшілігінің заты мүлік болып табылады [3, 87 б.].

Е.О. Алаухановтың пікірінше: меншікке қарсы қылмыстар деп - мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып немесе залал қауіпін тудырумен байланысты ҚК-те көзделген нысандар арқылы жасалатын қасақаналық немесе абайсыздық іс-әрекеттерді айтамыз [4, 140 б].

Меншікке қарсы қылмыстар:

- 1) Ұрлау нысандарымен ұштасқан бөтенен меншікке қарсы пайдакүнемдік қылмыстар (187 – 193 баптар);
- 2) Ұрлау нысандарымен ұштаспаған, бөтеннің меншігіне қарсы пайдакүнемдік қылмыстар (194-201 баптар);
- 3) Пайдакүнемдікпен ұштаспаған, бөтеннің меншігіне қарсы қылмыстар (202-204 баптар).

Меншікке қарсы қылмыстардың топтық объектісін меншік иесінің иелену, пайдалану немесе оған билік ету құқығын құрайтын меншікке байланысты қоғамдық қатынастар құрайды.

Меншікке қарсы қылмыстардың тікелей объектісі болып меншіктің кез – келген нысаны табылады. Меншіктің нақты нысаны қылмыстық жауаптылыққа және адамның мінез – құлқын саралауға әсерін тигізбесе де, қылмыстық іс бойынша анықталынуы міндетті болып табылады, себебі: біріншіден, қылмыстық іс бойынша дәлелдеу затының міндетті элементі; екіншіден, кейбір ауырлататын белгілерді тануға әсерін тигізеді.

Қол сұғушылық объектісін дұрыс анықтау осы топтағы қылмыстың мән-мағынасын ашуға мүмкіндік береді, соңғысының қоғамдық қауіптілік сипатын көрсетеді және ең маңыздысы осы қылмыстарды дұрыс саралау үшін алғышарттар тудырады.

Меншікке қарсы қылмыстардың тектік объектісі меншік қатынастары, яғни жеке немесе ұжымдық пайдалану үшін не өндірістік қарекет жүргізуге арналған матреиалдық игіліктерді бөлу саласындағы қоғамдық қатынастар болып табылады. Демек, меншікке қарсы қылмыстардың тектік объектісі меншік құқығы болып табылады деп атап өту керек. Қылмыс объектісін қоғамдық қатынастар аясында емес құндылықтар тұрғысында түсінсек, онда меншікке қарсы қылмыстардың объектісі құндылық ретіндегі меншік болып табылады.

Қылмыстық заңның Ерекше бөлімін талдап қарасақ, қылмыстың тікелей объектісі бөтеннің мүлкі екендігі туралы қорытынды жасауымызға болады. Меншікке қарсы қылмыстардың қылмыстық қорғау объектісі ретінде өз мүлкі бола алмайды. Өз мүлкіне қатысты әрекеттер, егер де олар басқа азаматтардың заңмен қорғалынатын құқықтары мен мүдделерін бұзған жағдайда ғана заңсыз деп танылады. Бірақ та, бұл жағдайда қылмыстық құқықтық қорғаудың объектісі меншік қатынастары емес, басқа игіліктер – қоғамдық тәртіп, қоғамдық қауіпсіздік, азаматтардың өмірі мен денсаулығы қарастырылады.

Біз талдайын деп отырған қылмыс құрамдарында меншік қатынастары негізгі тікелей объект ретінде қарастырылған. Меншікке қарсы кейбір қылмыстар көп объектілі болып есептелінеді, яғни, оларды жасау барысында өмірге, денсаулыққа зиян келтіріледі. Оларға: тонауды, қарақшылықты, қорқытып алушылықты, автокөлікті заңсыз иеленуді жатқызамыз.

Отандық ғалым А.Н. Ағыбаевтың ойынша меншікке қарсы қылмыстардың заты – Азаматтық кодексте көрсетілген меншік құқығының кез – келген объектісі бола алады. Осыған байланысты интеллектуалдық қызметтің нәтижелері де меншікке қарсы қылмыстардың заты ретінде қарастырылады. Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексіне сәйкес интеллектуалдық меншіктің өнімдері азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар тарауында

қарастырылған [5, 191 б.]. Бұл мәселеге байланысты отандық заң шығарушының позициясы өте орынды деп есептейміз.

Осылайша, меншікке қарсы қылмыстардың заты ретінде – заттар, яғни, ақша, бағалы қағаздар, кейбір кезде мүліктік құқықтар, интеллектуалдық қызметтің нәтижелері, яғни азаматтық айналымнан алынбаған басқа да жылжитын немесе жылжымайтын мүліктер қарастырылады.

Меншікке қарсы қылмыстардың объективтік жағы материалдық қылмыс құрамдарының көмегімен құрылған. Олардың объективтік жағы үш міндетті белгіден тұрады: іс – қимыл, нәтиже және іс – қимыл мен нәтиженің арасындағы себепті байланыс. Тек қарақшылық құрамының аяқталу кезеңі алғашқы қылмыстық қызмет сатысына көшірілгендіктен келте қылмыс құрамы ретінде берілген. Ал қорқытып алушылық формальдық құрам ретінде сипатталған. Яғни, қылмыстың объективтік жағының міндетті белгісі ретінде қылмыстық іс – қимыл қарастырылған.

Меншікке қарсы қылмыстарда іс – қимыл көбінесе белсенді әрекет сипатында болады. Тек қана алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік зиян келтіру әрекетсіздік арқылы жасалына алады. Мүлікті абайсыздықта жою немесе бүлдіру барысында да әрекетсіздік болуы мүмкін. Қылмыстық нәтиже әруақытта да материалдық сипатта болады да, мүліктік зиян келтіруден көрінеді. Көп жағдайда қылмыстық нәтижені меншік иесіне немесе өзге де адамдарға келтірілген тікелей нақты залал құрайды. Тек қана, алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік зиян келтіру кезінде залал жіберіліп алынған табыс нысанында болуы мүмкін.

Меншікке қарсы қылмыстардың көпшілігінің объективтік жағының міндетті белгісі – қылмысты жасау әдісі (күш қолданып, күш қолданбай, жасырын немесе ашық) болып табылады.

Меншікке қарсы қылмыстардың ішіндегі тек біреуі ғана абайсыздық нысанындағы кінәмен жасалынады – ол бөтеннің мүлкін абайсыздықта жою немесе бүлдіру арқылы жасалған қылмыс, ал қалған қылмыстар тек қасақаналықпен жасалынады. Осыған байланысты тек бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру тікелей немесе жанама қасақаналықпен жасалынады да, қалғандары тек тікелей қасақаналықпен жасалынады.

Жалпы ережелерге сәйкес меншікке қарсы қылмыстардың субъектісі – жалпы субъект болып табылады. Тек бір ғана қылмыста – бөтеннің мүлкін иелену немесе ысырап етуде ғана арнайы субъектісі болып табылады. Кейбір қылмыс құрамдарында арнайы субъект ауырлататын белгі ретінде берілген. Мысалы: адамның қызмет бабын пайдаланып алаяқтық жасауы.

Қылмыстық жауаптылық туындайтын жас мөлшеріне қатысты меншікке қарсы барлық қылмыстарды екі топқа бөліп қарастыруымызға болады. Келесі қылмыстар үшін 16 жастан жауаптылық туындайды: алаяқтық, бөтеннің мүлкін иелену және ысырап ету, алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік зиян келтіру, көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті сатып алу немесе сату, интеллектуалдық меншік құқықтарын бұзу, жерге заттай құқықтарды бұзу, бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру, бөтен адамның мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру. Ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алушылық, автокөлікті ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену, ауырлататын жағдайда бөтеннің мүлкін қасақан жою немесе бүлдіру үшін жауаптылық 14 жастан бастап туындайды.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі // Параграф. - 2015.

2 Архипова И.А., Милин А.Е. Приобретение или сбыт имущества, заведомо добытого преступным путем. Учебное пособие. М.: Издательство «Юрлитинформ», 2009.-168 с.

3 Каширский С.В. Квартирные кражи и их предупреждение - М.: Юрлитинформ, 2009. -216 с.

4 Алауханов Е.О. Қылмыстық құқық (жалпы бөлім). Оқулық. Алматы: ҚР Құқықтық сараптама және халықаралық ғылыми зерттеулер орталығы, 2009. -456 б.

5 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық.Ерекше бөлім.Алматы: Жеті Жарғы, 2003. - 560 б.

Резюме

Статья посвящена уголовно-правовой защите отношений собственности и рассматривается уголовно-правовая классификация преступлений против собственности.

Summary

The article is devoted to criminal-legal protection of property relations and examines the criminal-legal classification of crimes against property

УДК:34(574)16(095).

**Нұқсынбек М.
Д. А Қонаев атындағы Еуразиялық заң
академиясының магистранты
Ғылыми жетекші:
з.ғ.к, доцент
Терликбаев К.Т.**

ЗАҢДАРДЫ САЛЫСТЫРЫП ЗЕРТТЕУДІҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢДАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Бұл ғылыми мақалада заңдарды салыстырып зерттеудің ежелгі тарихы мен кезеңдері, Қазақстан мен Қытайдың құқықтық жүйесіндегі қылмыстық кодекстерді салыстырып зерттеудің қысқаша тарихы және даму жағдайы баяндалады.

Кілт сөздер: Тарих; заң; салыстырмалы зерттеу; қылмыстық кодекс; жаза.

Заңдарды салыстырып зерттеу құқықтану ғылымының дербес саласы болып қана қалмастан, ғылыми зерттеудің бір әдісі болып та саналады, салыстырудың мақсаты заңдардың мәнін тауып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтап, осы арқылы қоғам дамуы және заң шығарудың кемелденуі үшін қызмет ету. Енді бір жағынан алып айтқанда, бір мемлекеттің заңдарды салыстырып зерттеуінің даму өрісі, осы мемлекеттің құқықтану ғылымы өрісінің сондай-ақ, оның құқықтану ғылымы жөніндегі мәдениет ауыс-түйісіндегі әлемдік орны мен деңгейінің маңызды белгісі саналады.

Заңдарды салыстырып зерттеудің тарихы біршама ұзақ болып, ол мемлекеттің даму барысында және мемлекет функциясының қалыптасуында елеулі рөлдер

атқарған. Мұнда заңдарды салыстырып зерттеудің даму тарихын үш кезеңге бөліп айтуға болады:

1). XIX-ғасырға дейінгі мезгілдегі заңдарды салыстырып зерттеу.

Хаттаулы заң тарихына үнілер болсақ, б.з.б VI-ғасырда байырғы Грециядағы әйгілі реформашыл, саясаттанушы, заңтанушы Солон салыстыру әдісін қолданып Афина заңын жарыққа шығарған, ал Римның 10 адамнан құрам тапқан елшілер тобы түрлі заң-түзімдерді зерттеп мысқа басылған 12 кестелі заңды жасап шығады. Платонның «заң жөнінде» кітабында жекелік заңдарға салыстыру жүргізген. Аристотелдің «саясаткер» және «афинаның саяси түзімі» атты кітаптарында да үнемі салыстыру тәсілдерін қолданған. Аристотелдің «саясаткер» деген кітабының өзі сол кездегі грециядағы 153 одақтас Бектіктердің саяси түзіміне зерттеу жүргізудің негізінде жазып шыққан, бұл белгілі Заңдарды салыстыру негізінде құрылған философиялық идеяның жиынтығы саналады. XII-ғасырда Исландия елі Норвегияға арнаулы елші жіберіп, сол мемлекеттің әрқайсы жерлерінің салт-дәстүрлік заңдарын зерттеген. Орта ғасырдағы еуропада заңдарды салыстырып зерттеу қолданылып отырған, мысалы Рим заңы мен шіркеу заңын салыстырып зерттеу, сондай ақ Британиядағы Рим заңы мен Британияның жай заңдарын салыстырып зерттеу қатарлылар оның дәлелі. Ал Наполеон кодексі болса көптеген капиталистік мемлекеттердің азаматтық кодексінің жиынтығы болып саналады.

XVII-XVIII ғасырдағы бұржуазиялық төңкеріс кезінде заңдарды салыстырып зерттеу біршама тез дамыды, ол кездегі Батыс Еуропа елдеріндегі басты мемлекеттердің барлығында заңдарды салыстырып зерттеудегі уақылдық Қайраткерлері бар болды. Мысалы: кезінде Британияның аға судиясы міндетін атқарған философ, құқықтанушы Бакон батыс заң тарихында заңдарды салыстыру ұғымын тұңғыш болып ортаға қойған. Ол Англия мен Скотланд екі елдің заң мамандарын заңдарды бірігіп жинақтауға ұсыныс етіп, екі елдің заңдарын тексеріп-салыстыру арқылы олардың парқы мен ұқсастығын айқындауға мүмкіндік берген. Германия философы, құқықтанушысы Лейбнистің 1687-жылы баспадан шыққан «Құқықтану педагогикасының жаңа міндеті» деген кітабында әр қайсы дамыған мемлекеттердің заң ережелеріне қарата салыстырып зерттеу жүргізуді ортаға қойған. Италияның құқықтанушы маманы Вико да өзінің кітаптарында құқықтану ғылымын зерттеу көлеміне әр елдің заңдарын, түзімдерін, заңдық принциптерін салыстырып зерттеуді кіргізу керектігін ортаға қойған. Әрине бұл арада тағы бір адамның атын атамауға болмайды, ол болса көпшілік бірдей заңдарды салыстырып зерттеу ғылымының негізін салушы деп қарайтын франциялық Монтеско, ол өзінің «Заңның рухы» деген кітабында әр елдің заң, дәстүр жөніндегі материалдарын жинақтап, заңның дамуы барысындағы жалпылық қағидаларына анализ жүргізген [1].

Бірақ бұл дәуір заңдарды салыстырып зерттеудің алғашқы теориялық және практикалық негіздері қаланған кезең болып, өзіндік олқылықтар сақталған, бұл олқылықтар бастысы XIX-ғасырдың алғашқы кезеңдерінде бұржуазия толық қалыптасқан болса да үстемдік орынға шықпаған, әрі жалпы беттің заң шығару кезеңі басталмағандықтан, заңдарды салыстырып зерттеудің қоғамға қызмет ету деңгейі көрнектіленбеген болатын.

2) XIX-ғасырдан дүниежүзілік 2-ші соғысқа дейінгі мезгілдегі заңдарды салыстырып зерттеудің даму барысы.

1831-жылы Франция институты «Салыстырмалы түрде заң шығаруды зерттеу лекциясы» құрады. 1869-жылы Парижде салыстырмалы түрде заң шығаруды зерттеу ұйымы құрылады, бұл ұйым заң-түзім және құқықтану зерттеу саласында реформа жасау және жаңалық жаратуды өзек ете отырып, ұйым мүшелерінен шетелдің заң шығару жазбаларын кең көлемде жинауды талап етіп, осы жазбаларды салыстырып

зерттеп анализ жүргізіп, Францияның заң шығару негіздерін кемелдендірген. 1900-жылы Парижде тұңғыш рет халықаралық салыстырмалы заң мәжілісі өтеді, мамандар салыстырмалы заңның мәні мен зерттеу әдістері жөнінде өз пікірлерін ортаға қойып, қызу талқылау жүргізеді. 1924-жылы наурыздың 14-күні халықаралық салыстырмалы заң қоғамы Парижде құрылады, бұл ұйым салыстырып зерттеу әдісі арқылы әрқайсы елдердің заң-түзімін кемелдендіруде өзіне мақсат етеді. Бұл ұйым әр 4 жыл сайын бір рет уәкілдер құрылтайын ұйымдастырып, сол кездегі заңдардың даму жағдайын салыстырып зерттеп, анализ жасап және жинақтап отырған. Осыдан кейін көптеген мемлекеттер арнаулы салыстырмалы заң зерттеу академияларын, зерттеу ұйымдарын құрып, заңдарды салыстырып зерттеу қызметін күшейткен.

3) Дүниежүзілік 2-соғыс аяқталғаннан кейін заңдарды салыстырып зерттеудің даму жағдайы.

1945-жылы дүниежүзілік 2-соғыс аяқталғаннан қазірге дейін 70 жылдан астам уақыт болды, заңдарды салыстырып зерттеу-соғыс өрті кезіндегі солғындау, тоқырау басқыштарынан даму, өркендеу және қайта гүлдену кезеңдеріне қадам тастады, әсіресе халықаралық барыс-келіс, істестіктердің күшеюіне байланысты, ғылым-техниканың дамуын өзек ете отырып, заңдарды салыстырып зерттеу жаһандандудың жаңа беталысын бастады. 1900-жылғы тұңғыш рет халықаралық заңдарды салыстырып зерттеу мәжілісіндегі ортаға қойылған түпкі мақсат бір тұлғаланған әлемдік заң орнату деп жар салғанымен, бұл әлемдегі елдердің даму қарқыны, жағрапиялық, тарихи, саяси парықтары себебінен жүзеге асуының мүмкін еместігі көп өтпей-ақ дәлелденді, сонымен әр елдегі заң ғылымы мамандары заңдарды салыстырып зерттеудің жаңа мақсаты жөнінде ізденістер жасады. Дүние жүзілік 2-соғыстан бұрын заңдарды салыстырып зерттеудің көлемі шамалы ғана болып, бастысы Англияның саксондық заң жүйесі мен құрлықтық заң жүйесін салыстырып зерттеуді түйін еткен, ал соғыстан кейін заңдарды салыстырып зерттеудің көлемі кеңейіп, жоғарыдағы айтылған екі үлкен заң жүйесінен сырт, социалистік заң, исламдық заң, буддалық заң, қиыр шығыс заңдары, африка заңдары қатарлы түрлі құрлықтағы көп елдердің барлығының заңдарын салыстырып зерттеудің ішіне енгізіп, заңдарды салыстырып зерттеуді әлемдік мінбеге көтерді. Сонымен бірге салыстырып зерттеудің түрі жағынан алып айтқанда, әуелгі жекелік заңдарды зерттеуден, яғни азаматтық заң, сауда заңдарын зерттеуден, қылмыстық заң, ата заң қатарлы жалпылық заңдарды зерттеудің салмағын да арттырды. Мұнда қол жеткізген табыстарды атап өтетін болсақ, алдымен заңдарды салыстырып зерттеу жөніндегі көптеген туындылар баспадан шықты, әсіресе Біріккен Ұлттар ұйымының Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы қаржы шығарып көмектесіп құрған халықаралық заң ғылымы ұйымы ХХ-ғасырдың 60-жылдарынан бастап дайындаған үлкен типтегі қолданылмалы құралдық кітап «Халықаралық заңдарды салыстыру энциклопедиясы» 1971-жылдан бастап баспадан шықты, бұл энциклопедияны құрастыруға дүниедегі әрқайсы елдерден неше жүздеген мамандар қатысқан болып, жалпы 17 томнан құрам тауып, әр томының бет саны 1200 беттен тұрды. Бұл энциклопедияда әлемдегі басты заң жүйелерінің барлық түрін қамтумен қатар, халықаралық жекелік заң, азамат және отбасы, мұрагерлік, мал-мүлік, тоқтам, сауда істері, құқыққа қол сұғу әрекеті, Еңбек кодексы, азаматтық арыз-шағым, мемлекет және экономика қатарлы мазмұндардың барлығын өз ішіне қамтып, заңдарды салыстырып зерттеудің ғасырлық зерттеуінің жемісін жинақтау мен қатар, бұдан кейінгі салыстырып зерттеу жұмыстарын сүбелі негіздермен қамдады. Екіншіден, заңдарды салыстырып зерттеу жөніндегі назариялық кітаптар баспадан шықты, бастысы, америкалық Счыласңырдың 1959-жылы ағылшын тілінде баспадан шыққан «Заңдарды салыстырып зерттеу ғылымының үкім-кесім негіздері» кітабы, 1964-

жылы ағылшын тілінде баспадан шыққан франциялық Давид пен канадалық Бұлайырдың «Әлемдегі басты заң түзімдер» кітабы, германиялық Суйгерт пен Сетстің 1977-жылы ағылшын тілінде баспадан шыққан «Заңдарды салыстырудың жалпы назариясы», америкалық Гелинтин қатарлылардың 1985-жылы баспадан шыққан «Заңдарды салыстырып зерттеудің дәстүрлік ережесі» кітабы, Декустің 1993-жылы баспадан шыққан «Заңдарды салыстырып зерттеудің замана бағдары», Наркеннің 2003-жылы баспадан шыққан «Заңдарды салыстырып зерттеудің мәдениеті» қатарлы кітаптар. Бұл сүбелі еңбектер заң мамандарының заңдарды салыстырып зерттеу жөніндегі елеулі ізденістерінің нәтижесі болып ғана қалмастан, заңдарды салыстырып зерттеудің терең әрі мол назариялық негіздері саналып, заңдарды салыстырып зерттеудің тың белесін дәлелдеп берді.

Үшіншіден, дүние жүзілік 2-ші соғыстан кейін, көптеген мемлекеттер заңдарды салыстырып зерттеу жөніндегі журналдар шығара бастады, мысалға Австрияның Сэртсбург қаласында орналасқан халықаралық заңдарды зерттеу орталығы шығарған «Заңдарды салыстырып зерттеудің жылдық қорытындысы», Америкадан шығарылатын «Американың заңдарды салыстыру журналы», Англиядан шығатын «Халықаралық заң және заңдарды салыстыру маусымдық журналы», Франциядан шығатын «Халықаралық заңдарды салыстыру журналы», Германиядан шығатын «Ләбер шетел жекелік заңдары мен халықаралық жекелік заңдар журналы», Қытайдан шығатын «Заңдарды салыстырып зерттеу журналы» қатарлылар.

Төртіншіден, соғыстан кейін салыстырмалы заңдарды зерттеу ұйымдары көптеп құрылды және ғылыми зерттеу мәжілістері жиі өткізіліп отырды, 1950-жылғы Лондонда өткізілген заңдарды салыстырып зерттеу ғылыми талқы мәжілісінен кейін тұрақты түрде 4 жылда бір рет ұйымдастырылатын болып, қатысатын адам саны жылдан жылға молайып, ең көп болғанда жүзге жақын елден 800-ге жақын маман қатысып, заң ғылымының назариясы, заң тарихы қатарлыларды негіз ете отырып, заңдарды салыстырып зерттеудің халықаралық атмосферасын қалыптастырды. 2000-жылы шілденің 26-күнінен 30-күніне дейін 15 мемлекеттен келген заңдарды салыстырып зерттеу мамандары Англияның Кэмбридж университетінде ғылыми талқы мәжілісін ұйымдастырып, заңдарды салыстырып зерттеудің дәстүрлі, зерттеу көлемі, назариясы және болашағы қатарлы мазмұндарды өзек ете отырып, талқы және зерттеу жүргізді. Дүниежүзілік 2-ші соғыстан кейін жалпы беттік даму басқышына қадам тастаған заңдарды салыстырып зерттеу ғылымы Бейбітшілік және даму сынды екі үлкен тақырыпты өзіне түйін ете отырып, әр қайсы елдердің заң шығару, заңды кемелдендіру, қоғамдық басқару істеріне белсене ықпал етіп, дүние құқықтану саласындағы ірі сала ретінде қалыптасты.

Қылмыстық кодексты салыстырып зерттеу жақынғы жылдарда біршама жақсы дамыған заң ғылымын салыстырып зерттеу түрінің саласы, ол қылмыстық заң шығару және сот әділдігінің маңызды қажеті болып қана қалмастан, заң қолдану, әділдікті дәріптеу және халықаралық қатынастарды реттеу барысында да айтарлықтай рөл атқарады. Яғни, қылмыстық заңдарды салыстыру дегеніміз салыстырып зерттеу әдісі арқылы әр елдің қылмыстық назариясы мен сот практикасына зерттеу жүргізу болып табылады.

Қылмыстық кодекстері салыстырмалы зерттеу ғылымының даму барысы алдыңғы мазмұнда баяндалған заң ғылымын салыстырмалы зерттеумен негізінен бірдей болған. Заң ғылымын салыстырмалы зерттеу көзқарасын ХІХ-ғасырдың орта шенінде ең алдымен Франциялық Рене Давид ортаға қойды әрі қылмыстық кодексті зерттеуге қолданды. 1846-жылы Париж университеті «Салыстырмалы қылмыстық кодексі» лекциясын өткізді. Елдер арасында тұңғыш рет құрылған әлемдік қылмыстық заңды салыстырмалы зерттеу ұйымы халықаралық қылмыстық ғылым

бірлестігі болып саналады. Бұл бірлестікті 1889-жылы Германиялық маман Француз Вон Лист қатарлылар құрған болып, бірлестіктің басты мақсаты әлемдегі қылмыстық ғылымы мамандарының басын қосып, идея алмастыру және материалдарды зерттеу, сондай-ақ әр елдің қылмыстық заң назариясы мен амалытарын салыстыру.

Осыдан кейін, халықаралық қылмыстық заң бірлестігі қатарлы ұйымдар арт-артынан құрылды. Бұдан сырт, бірлескен мемлекеттер ұйымының қоғамды дамыту және адамгершілік қызмет өтеу Орталығы мерзімді түрде халықаралық қылмыстық заң және қылмыскерлерге жасалатын мәмілелер жөніндегі мәжілісін өткізді. 1956-жылы Франция заң ғылымын салыстырып зерттеу қоғамы «Қылмыс ғылымы және қылмыстық заңды салыстырып зерттеу назариясы» қатарлы журналдарды баспадан шығарды. Германияда Дүниежүзілік 2-ші соғыстың алдында Макс Плэнк атындағы шетел қылмыстық заңдары мен халықаралық қылмыстық заңдарды зерттеу орталығы құрылып, қылмыстық заңдарды салыстырып зерттеуге қол сала кірісті. Қылмыс мәселесі жөнінде де халықаралық істестік мәжілістері жиі ашылып, ел аралық істестік күннен күнге күшейіп келе жатыр. Арғысын айтсақ 1986-жылы тамызда Австралияның Сидней қаласында халықаралық заң ғылымын салыстырып зерттеу ұйымының 12-ші кезекті мәжілісі ашылып, қылмыстық әрекеттегі адамдардың қылмыстың жүзеге аспауы және қылмыстың үзіліс жасауы мәселесі талқыланды. Бертінгі жылдарға келгенде, қылмыстық заңдарды салыстыру халықаралық қылмыстық заң жүйесінің маңызды бір тарауына айналып, халықаралық қылмыстарға соққы беру және қылмыстардың алдын алу, қылмыстардың бір жүйелілігі, сондай-ақ қылмыстық ақпараттарды ортақ игіліктену және қылмыстарға халықаралық қуғын салу қатарлы қылмыстық кодекс көлеміндегі халықаралық істестіктердің негізіне айналды.

Қазақ даласында салыстырып зерттеу дәстүрлі үлгімен өте ерте қолданылған, ең алғашқы ғұн-сақ мемлекеттері өз дәуіріндегі күші мығым, экономикасы дамыған мемлекеттер қатарында, маңайындағы көршілес, өңірлес және тайпалас елдердің өз икемдеріне сәйкес келетін жаза түрлері мен ел басқару жолдарын қолданған, әрі кемелді заң жүйесі арқылы өз дәуіріндегі басқа елдерге де ықпал етіп отырған. Бұл жөнінде Қытай еліндегі тарихи жазба «Ханнаманың» 94-бумасы «Ғұндар жөніндегі баян» бөлімінде ғұндардың әділ түзімінің ерекшелігі жайлы былай жазылған: «халыққа маза бермесен қаруланып қарсы шабар, кеңірек ұстасаң, сабасына түсер. Кең тұсау жайлы болар, патша мен уәзір берекелессе, бейбітшілік баянды болар». «Олардың әдет заңында біреуге семсер жұмсап зақымдаған жері екі қарыстай болса, оған өлім жазасы беріледі, ұрлық істегендердің бала-шағасы мен мал-мүлкі тәркіленеді, жеңіл қылмыстыларға толарсағын шағу жазасы, ауыр қылмыстыларға өлім жазасы кесіледі». Абақтыға жабу мерзімі 10 күннен аспайды. Бұдан сырт «Тарихнама» қатарлы кітаптарда да ғұн елінің жасақтануы, атты әскерлері және соғыс арбалары жөнінде жазбаша мәліметтер болып, хан және Таң Патшалықтарының үкімет құрылымы, саясаты, әскери, заң шығару салаларына үлкен әсер көрсеткен [2].

Бұл жөнінде Қытай халық республикасындағы беделді тарихшы Сұң Шинчау мырза өзінің «Ғұн мәдениетінің шығыс, батыс хан патшалықтарына болған әсері» деген мақаласында көптеген тарихи мысалдармен дәлелдерді көрсете отырып баяндап кеткен. Қазақ сахарасында ел құрып билік жасаған түркілер және кейінгі Алтын Орда, Ақ Орда хандықтары да өздерінің ықпал күші арқылы төңерегіндегі елдердің заң-түзімдеріне ықпал етіп отырған [3]. XV-ғасырда Қазақ хандығы құрылғаннан кейін, Қасымханның қасқа жолы мен Есімханның ескі жолы, Өз тәуке ханның Жеті жарғысы сол дәуірдегі сахара ұлттарының ортақ дәстүрлі заңына айналып, неке-отбасы қатарлы азаматтық қатынастар мен кісі өлімі, барымта және

дене зақымы қатарлы қылмыстық кодексте реттелетін заңдық қатынастарды бір жайлы етудегі сахара дағдысына айналды [4].

Тіпті бұл дағдылар бертіңгі советтік республика дәуіріне дейін жалғасқан. Советтік республика дәуірінде, заңдарды салыстырып зерттеу жалпы мемлекет тұрғысынан тереңінен зерттеліп, халықаралық сахнада үлкен дүмпу қозғап, өзіндік ықпал күші болды, мұнда атын атап кетуге тиісті мамандар: Зивс.С., Л.Тилле, А. Тұманов.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы құрылғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін бекіту барысында дамыған елдердің озық тәжірибелері мен қол жеткізген нақты жетістіктерін мемлекеттің іс жүзіндегі жағдайына және сол кездегі тарихи ортаға негізделе отырып Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіні жарыққа шығарып, Қылмыстық кодекстің тәуелсіз Қазақстанның демократиялы, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде халықарлық сахнаға бой көтеруіне үлкен рөл атқарды. Сонымен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық заң көлеміндегі халықарлық істестіктерді күшейтті. Мұнда бастысы, 1996-жылы іргесі қаланып, 2001-жылы маусымның 15-күні ресімі құрылған Шанхай ынтымақтастық ұйымы жиырмашақты жылдан бері қарай халықарада және ынтымақтастық ұйымы көлемі ішіндегі елдерді өзінің ықпалын көрсетіп, лаңкестікке қарсы тұру және өңірлік стратегиялық әскери мануер қатарлы жақтарда айтарлықтай рөлін сәулелендірді. Іргелес мемлекеттермен қылмыстық әдіяда селбесу турасындағы келісім шарттарға қол қойып, қылмыстық кодекстің қолдану аясындағы істестік көлемін кеңейтіп, ел аттаған қылмыстарға соққы беру және шетелдегі Қазақстан азаматтығындағы қылмыскерлердің елге алып келіну жағдайларын жеделдетті. «Балалардың құқық шарты», «Азаматтардың хабар-ошарсыз кетуінің алдын алу шарты» қатарлы қылмыс көлеміне саятын бір қатар халықаралық шарттарға қол қойып, ел іші және сыртындағы қылмыстарға соққы беруге белсенділік танытты.

Қытайдың сонау ертедегі заң тарихында жазылуынша заманымызға дейінгі жыл санауы бойынша 407-жылы Вей мемлекетінің уәзыры Ли Куи «Заң тәпсірі» деген кітапты жазып шыққан, бұл кітап сол кездегі әр қайсы бектіктердің заң тәжірибесінің негізінде құрастырылған болып, басқа елдердің артықшылықтарын қабылдап, мазмұны және белгіленген тармақтары жағынан кемеліне келіп, сол кездегі және қытай заң тарихына ерекше ықпал көрсеткен. Баршамызға белгілі, қытай заң тарихы жөнінен Таң патшалығы дәуірының орны бөлек, Дамыған экономика, өркендеген өндіргіш күш және шетелдермен жасалған шығыс кіріс салдарынан өз дәуіріндегі Таң патшалығы заңы дәуір легінің алдында келді. Әрі Шығыс Азиядағы көптеген мемлекеттердің заң шығару істеріне көрнекті әсерін көрсетті.

Қытай елі жөнінен алып айтқанда, заңдарды салыстырып зерттеудің нақты аяқалысы Чиң патшалығының соңғы кездерінде басталған, мұнда Чиң патшалығының (1644-1912) заң түзімдерді Бекіту уазыры шын жябынның жетекшілігімен 1902-жылдан 1905-жылға дейінгі 3 жыл ішінде құрлықтық заң жүйесіндегі Германия, Франция, Ресей, Жапония қатарлы мемлекеттердің қылмыстық кодекстерін сондай-ақ нақты қылмыстық кодексі жазылмаған Англия саксон заң жүйесіндегі Англия, Америка қатарлы мемлекеттердің қатысты қылмыстық заң жазбаларын қытай тіліне аударып, заң ғылымын салыстырып зерттеудің жүйесін қытай елінде салып берді. Қытай республикасы кезінде (1912-1949) көптеген арнаулы заң институттары құрылып, заңдарды салыстырып зерттеу туралы сабақтар өтіле бастады, 1927-жылы Ваң Шіжиенің «Конститутцияларді салыстырып зерттеу» деген кітабы, 1936-жылы Чян Дуаншыңның «Конститутцияларды салыстырып зерттеу» деген кітабы баспадан шықты. Бұл

мезгілдерде заңдарды салыстырып зерттеу алғашқы дамуларға ие болғанымен, дәуірлік шектеме, қоғамдық негіз және зерттеушілердің өзіндік көзқарасы себебінен кең көлемдегі дамуға қол жеткізе алмады. Заңдарды салыстырып зерттеудің нақты жүлгесі Қытай халық республикасы құрылғаннан кейін (1949-қазірге дейін) қалыптаса бастады, осы мезгілдегі дамушылықтарды төмендегідей үш кезеңге бөлуге болады:

1-кезең: 1949 жылдан XX-ғасырдың 60 жылдарына дейін. Бұл кезеңде қытай зерттеушілерінің шетел заңдары жөніндегі зерттеуі бастысы Советтік Одақтың заңдары мен заң назарияларын зерттеу мен үйренуді түйін ете отырып, Советтік мамандардың көптеген оқулық кітаптары мен теориялық шығармаларын аударды, осы оқулықтар сол мезгілден-ақ Қытай халық республикасының заң мектептерінің оқулық құралдаына айналды. 1950-жылдардан бастап аударылып баспадан шыққан кітаптар мен ғылыми еңбектер: А Аршибовтың «Советтік мемлекеттердің заңдары», А.Н.Евгенскийдің «Советтік мемлекет заңы», С.А Глонскийдің «Заң мен мемлекет жөніндегі теория», М.Н. Гэлиеванның «Советтік одақтың конституция құқық негіздері» қатарлы 30 түрден артық кітаптар баспадан шықты. Бұл мезгілде, қытайдың құқықтанушы мамандары бастысы Советтік одақтық құқықтану теориясын қабылдап, әлемдік басқа да мемлекеттердің құқықтану жөніндегі теория идеяларына қарсы болды және оларды шектеді.

2-кезең: XX-ғасырдың 60-жылдарынан бастап 1978-жылға дейін. 1966-жылы Қытайда 10 жылдық мәдениет зор төңкерісі басталып, ел ішіндегі былықпалық себебінен құқықтануды өз ішіне алған барлық ғылым-білім түрлері үлкен кесірге және тоқыруға бет бұрды. Алдыңғы жолға қойылған Советтік құқықтану теориялық жүйесіне түгелдей терістеу және шектеу қойылып, қытай мәдениетін жойылу қауіпіне кіріптар етті, бұл мезгіл тоқырау мезгілі деп аталып, заңдарды салыстырып зерттеу қана емес, тіпті тұтас құқықтану ғылымы өзінің даму заңдылығын жойып алды.

3-кезең: 1978-жылдан қазірге дейін. 1978-жылы Қытай халық республикасында коммунистік партияның 11-кезекті 3-жалпы мәжілісі ашылып, мемлекеттің даму стратегиясы белгіленіп, 10 жылдық мәдениет төңкерісі теріске шығарылып, ғылым саласы жаңа дамудың қарқынды беталысын ашты. Қытай құқықтану мамандары заңдарды салыстырып зерттеудің назариялық теориялар мен амалыттық практикалары жөнінен тың зерттеулер жүргізді, мамандар қытайдың реформа жасап есікті ашық ұстау, нарық экономикасын жолға қою, заң түзімді кемелдендіру, социалистік заңмен басқарылатын мемлекет құру сынды мемлекет саясатын түйін ете отырып, құрлықтық заң жүйесі мен Англо саксон заң жүйесіндегі елдердің кодекстерін және түзімдерін салыстырып зерттеп, заң шығару, заң атқару, адыла, заңдық бақылау қатарлы жақтардығы озық тәжірибелерін қабылдауға құлшына атсалсты. Шетелдердің байырғы және осы заманғы көптеген құқықтану жөніндегі кітаптарын қытай тіліне аударып баспадан шығарды, заңдарды салыстырып зерттейтін арнаулы үкіметтік және үкіметтік емес ғылыми ұйымдар құрылып, заңдарды салыстырып зерттеу жөніндегі журналдар мен басылымдар жарық көрді. Заңдарды салыстырып зерттеу институттары құрылып, арнаулы теориялық курстар ашылды. Шетелдермен болған ауыс-түйісті күшейтіп, заңдарды салыстырып зерттеу жөніндегі халықаралық жиналыстарды көптеп ұйымдастырды. Осы негізде қылмыстық кодексті салыстырып зерттеуде жаппай дамуға ие болып, көптеген халықаралық шарттарға қол қойылып, шетелге қашып кеткен мансаптылар мен басқада қылмыстыларды елге алып келіп жазалау және шетел азаматтығындағы қылмыстыларды ел ішінде жазалау сынды қылмыстық жаза көлемін жолға қойып, ел

іші экономикасының дамуы мен халықарлық беделді жоғарылатуда тың белестерден көрінді [5].

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Zhaoxing LIU, Comparative LAW, September 2013, Beijing.
- 2 Ғұндар және оның заңы жәйлі, Бәби Тоқтарұлы, Шинжяң университеті ғылыми журналы, 2011 жыл 2-сан.
- 3 Түркілердің заң-түзімдері турасында, еркін тоқты, шинжяң университеті ғылыми журналы, 2014 жыл 6-сан.
- 4 Ғұндардың мәдениеті және оның қытай мәдениетіне әсері, XINCHAO SONG, January 1994, Beijing .
- 5 Problems of the comparative criminal law, SHOUMING NI, 1987, Beijing.

Резюме

В этой статье обсуждается сравнительная история права и краткая история уголовного права с обзором событий в Казахстане и Китае.

Summary

This article discusses the a comparative history of law and a brief history of criminal law, with an overview of developments in Kazakhstan and China.

УДК: 005.96

**Нұрланқызы А.
Казахский национальный педагогический
университет им.Абая**

НАПРАВЛЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В УПРАВЛЕНИИ ЧЕЛОВЕЧЕСКИМИ РЕСУРСАМИ

Управление человеческими ресурсами приобретает в настоящее время важное значение для повышения конкурентных преимуществ компаний, а также для обеспечения условия для гибкого реагирования на происходящие внешние изменения.

Ключевые слова: человеческие ресурсы, конкурентоспособность, мотивация персонала, развитие персонала

В современных условиях реализации стратегических программ модернизации экономики одним из важных ресурсов предприятий и организаций становятся человеческие ресурсы, то есть персонал предприятий и совокупность их знаний, навыков и отношений, которые позволяют оперативно реагировать на внешние вызовы. В развитии управления человеческими ресурсами происходят изменения, отражающие происходящие изменения во внешней среде и отражающие будущие возможности организаций в эффективной организации управления человеческими ресурсами.

Управление развитием организации играет жизненно важную роль в подготовке организации к лидерству следующего поколения. Хотя некоторые

сотрудники могут казаться потенциальными кандидатами на руководящие должности, их знания и навыки должны быть тщательно оценены. Успех в одной области управления не обязательно означает успех в качестве менеджера, который требует обучения и руководства. Однако хороший план развития управления выявит все недостатки и даст конкретные возможности для улучшения менеджера. Общий успех компаний тесно связан с эффективностью управления. Затраты времени и инвестиции в развитие хорошего управления может увеличивать выгоду для организации. Полезным является исследовать и сравнивать программы развития управления в разных странах (как выбирать и обучать менеджеров и т.д.), Делиться опытом и больше узнать о передовой практике, реализованной в других офисах.

Привлечение и удержание людей является ключевым фактором успеха. Привлечение и сохранение лучших кандидатов является одной из основных целей управления человеческими ресурсами. Чтобы достичь этого, необходимо создать «привлекательный пакет», в том числе положительную атмосферу рабочего места, гибкое рабочее время, качественную подготовку, разнообразие и т. д. Организации необходимо в полной мере выполнить это: поддержка высшего руководства, открытое общение и включение в политики и систем оценки. Наиболее важным барьером является конкуренция с другими государственными учреждениями и частным сектором. Конкретная проблема заключается в привлечении хороших кандидатов нового поколения, иногда называемых поколениями Y или Digital [1]. Из-за демографических сдвигов во многих странах в ближайшие годы на рынок труда войдут молодые люди, что приведет к увеличению конкуренции между работодателями за привлечение лучших кандидатов. Молодое поколение более совершенно в использовании социальных сетей и новых технологий. Компаниям следует рассмотреть вопрос о том, как использовать такие компетенции. У молодого поколения также могут быть разные ожидания в отношении работы и карьеры, чем в прошлом. Поэтому необходимо создать стимулирующую, гибкую и инновационную рабочую среду для привлечения нового поколения. Компаниям также необходимо будет рассмотреть их имидж в обществе, поскольку это влияет на возможность привлечения кандидатов.

Мотивация - многогранное явление в управлении человеческими ресурсами. В течение прошедших лет были разработаны многие теории мотивации. Мотивация сотрудников – представляется сложной задачей. Это требует понимания динамики развития деятельности людей и способности создавать среду, которая стимулирует мотивацию. Мотивация и компетентность имеют решающее значение для управления людьми: компетенции и навыки гарантируют, что люди могут взять на себя ответственность за организацию, а также способы мотивации, которые они хотят получать. Мотивация также рассматривается как «двигатель изменений». Необходимо взглянуть на новые способы мотивации персонала - в основном благодаря поддержке руководства, гибкости и другим преимуществам. Менеджеры могут создавать мотивирующие условия для своих сотрудников. Чтобы это произошло, необходимо использовать целый ряд инструментов - главным образом общение, анкетирования и тимбилдинга. В качестве мотивирующих инструментов могут также использоваться обзоры эффективности или собеседования с персоналом. Отсутствие возможности предоставления стимулов может стать серьезной проблемой в управлении человеческими ресурсами.

Управление изменениями связано с вопросом о том, как люди и организации могут измениться или могут быть изменены [2]. Хотя может быть невозможно или трудно изменить отношение или готовность к смене персонала, важно создать среду, которая поддерживает изменения и инновации. Создание такой культуры для

поощрения перемен приобретает серьезное значение. Охват требуемых усилий достаточно широк - от фокусирования и лидерства до эффективности и участия. Это требует времени и внимания, а также действий управления человеческих ресурсов как партнера для бизнеса. Превосходные управленческие обязательства и оценки являются положительными факторами, в то время как отсутствие навыков или отсутствие доступа управления человеческих ресурсов к высшему руководству представляет собой возможный барьер. Внедрение управления изменениями будет иметь важное значение для успешной модернизации производства товаров и услуг. Для поддержки модернизации управления человеческих ресурсов следует интегрировать в стратегию и планирование софинансирования и играть активную роль в этом процессе. Важные шаги в процессе изменения связаны с необходимостью изменения; работа над общим видением; обеспечивая ресурсы и потенциал для процесса изменений и предпринимая первые шаги в направлении общего видения.

Управление знаниями необходимо для обеспечения сохранения и поддержания важных знаний в рамках управления человеческими ресурсами. Цель состоит в том, чтобы обеспечить распространение и доступность знаний в нужном месте, в нужное время, к нужным людям (например, когда люди переезжают на новые направления работы или вводят вновь набранных сотрудников). Это требует обмена знаниями, обучения и тщательного управления. Деятельность, направленная на достижение этой цели, - это гибкое и недорогое сопоставление и мониторинг компетенций, сотрудничества и обмена знаниями. Отсутствие мотивации, общения и ресурсов являются возможными барьерами.

Рабочая среда включает физическую и социальную среду на рабочем месте. Новые технологические разработки расширяют возможности организации гибких механизмов работы, менее ограниченных по времени и месту. Удаленная работа, работа на дому и работа по гибким графикам становится возможной и более распространенной. Больше не нужно каждый день приходить на работу, и работать из дома или где-то еще. Хорошая и здоровая рабочая среда - это важный компонент «удовлетворенности работой». Это означает также, что это важный фактор привлечения и удержания персонала. Эти изменения в рабочей среде также вызывают новые проблемы, например, для менеджера, а также в отношении условий труда и внедрения надлежащих технологий. Мобильность сотрудников имеет ряд преимуществ. Во-первых, это хороший мотивационный фактор для людей, чтобы представить возможность карьерного роста. Во-вторых, мобильность помогает обеспечить гибкость персонала - сотрудники будут лучше подготовлены к тому, чтобы занимать разные должности. Это важная предпосылка для реагирования на меняющуюся среду и более эффективное решение проблем. Это особенно важно, когда меняются методы производства или если организации вынуждены сокращать персонал. Мобильность также может помочь создать сети в подразделениях компаний и дать сотрудникам лучшее понимание общих проблем их компаний. Чтобы повысить мобильность, требуется приверженность высшего руководства и меньшая бюрократия, а также делегирование задач и обязанностей. Для повышения мобильности требуется четкая стратегия и вознаграждение. При этом повышенная рабочая нагрузка и культурная оппозиция являются возможными препятствиями.

Обучение и повышение квалификации включают в себя широкий спектр средств и мероприятий, включая официальное и неформальное обучение, ротацию рабочих мест, традиционные курсы и тренинги, внутреннюю и внешнюю подготовку, сотрудничество с университетами, составление карт компетенций (личные) планы обучения (планы развития), специальное (вводное) обучение для вновь принятых на работу людей, наставничество и использование новых организаций или технологий в

обучении, таких как дистанционное обучение. Еще одна важная проблема заключается в вопросе о стоимости и преимуществах обучения и методах оценки результатов учебных мероприятий. Важность обучения подчеркивается растущим разрывом между существующими компетенциями и навыками, а также теми компетенциями и навыками, которые необходимы для решения будущих задач и обеспечения успешной модернизации бизнес процессов. Структура навыков и возможностей начинается с анализа пробелов и описания того, как преодолеть разрыв. Недостаток ресурсов является серьезным препятствием. Чтобы постоянно обновлять компетенции сотрудников, необходимо регулярно их оценивать и обучать. Это иногда называют управлением компетенциями, а также планами развития. Ключевой вопрос заключается в том, что руководство регулярно систематически оценивает навыки и знания сотрудников и отслеживает это. E-Learning предлагает возможности обучения, которые менее ограничены пространством и временем и которые могут использоваться как для общего обучения, так и для более конкретных целей или для конкретных групп персонала для обучения в организации.

Рассмотренные изменения в развитии управления человеческими ресурсами, а также положительные практики из деятельности зарубежных компаний должны анализироваться и учитываться в управлении и организации стратегического менеджмента человеческих ресурсов на отечественных предприятиях.

Список литературы:

- 1 Vosburgh, R.M. The Evolution of HR: Developing HR as an Internal 2007 Consulting organisation. Human Resource Planning Vol. 30 Nbr. 3, July 2007, pp 11-23.
- 2 Caluwé, L., H. Vermaak, *Leren veranderen een handbook voor de veranderkundige (Learning how to change, a handbook for the change agent)*, 2006

Түйіндеме

Қазіргі кезде компаниялардың бәсекеге қабілеттіліктерін арттыруда басқарудың адамдық ресурстары негізгі басты мақсат ретінде қарастырылады және орын алған ішкі өзгерістердің реттеуге үлесін тигізеді.

Summary

Human resources management is now becoming important for enhancing the competitive advantages of companies, as well as for providing the conditions for a flexible response to the ongoing external changes.

Оразалин О.Н.
Д.А. Қонаев атындағы
Еуразиялық Заң Академиясының
магистранты
Ғылыми жетекші:
з.ғ.к., доцент Ильясова Б.К

ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ: ТҮСІНГІ ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Құқықтың қайнар көзі – заң нормаларын бекітудің сыртқы көрінісі. Заң нормаларының қалыптасуы мемлекет тарапынан қамтамасыз етіледі, нормативтік құқықтық актілерді қабылдау арқылы және басқа жағдайларда, мемлекет құқықтық норма сипатын санкциялау арқылы түсіндіреді.

Кілт сөздер: Құқықтың қайнар көздері, нормативті құқықтық акт, құқықтық әдет-ғұрып, сот прецеденті т.б.

«Құқықтың қайнар көзі» туралы сөз болғанда, оның пайда болуы мен әрекеті туралы факторларға көңіл аударылады. Сол арқылы нормативтік белгілердің өмірге келудегі негізгі процестерін және мемлекет белгілеген бәріне бірдей тәртіп жолын түсіндіруге болады. Қысқаша айтқанда «құқықтың қайнар көздері» заңды істерді шешудегі тәжірибеден нені басшылыққа алатынымызды анықтауға қажет. Бұл заң нормаларын бекітудің сыртқы көрінісі, нысаны әдісі.

Қазақ халқының әдет-ғұрып құқығы, басқа халықтардың құқығы секілді, үстем таптың еркін білдіретін, мемлекеттік билік рұқсат еткен және қоғамдық қатынастар мен тәртіпті қолдау үшін мәжбүрлі түрде іске асырылатын үстем таптың мүддесіне тиімді заңнамалық ғұрыптардың жиынтығы ретінде саналады. Қазақ әдет-ғұрып құқықтарын патриархальдық-феодалдық қатынастарды сақтау үшін, хандар, сұлтандар, билер және феодалдық-рулық ақсүйектердің басқа да өкілдері бекіткен және қолдануға рұқсат берілген [1].

Қазақ құқығында қылмыстық құқық пен басқа да (азаматтық) құқықтарды айырып қарауға болмайды, себебі, қазақтың әдет-ғұрып құқығы, басқа барлық халықтардағы сияқты, ежелден келе жатқан құқық бастауының барлық салаларының бірегей негізі – қайнар көзі болып есептеледі.

Қазақтың әдет-ғұрып нормаларының қайнар көздерінің біріне, шариғат заңдарын жатқызғанды дұрыс деп есептеймін. Себебі, XV ғасырдың орта шенінде, қазақтың рулары мен тайпаларында ислам діні тарай бастады және сол дінге сенетіндерге табиғи ықпал етті, яғни, қазақтың әдет-ғұрып нормалары оның кейбір мазмұндарын қабылдауға тура келді. Сондықтан, құранда: (Ей момындар! Кісі өлтіргендерден қан қарызын алу сендерге парыз етіледі: азамат үшін азамат, құл үшін құл, әйел үшін әйел өлтіріп қан қарызы алынады) делінген және ислам діні заңының ықпалы, неке жағынан да бейнеленеді. Сондықтан, біздің ойымызша, Тәуке ханның «Жеті жарғысында» «Бір еркектің төрт әйел алуына болады» деген және ондағы кісінің өкімі туралы қанға-қан, жанға-жан қағидалары да ислам дінінің ықпалы деп тұжырымдауға болады [2, 192 б.].

Қазақтың әдет-ғұрып құқығының жиынтығы – қондырманың идеологиялық бөлімінің бір нысаны ретінде патриархальдық-рулық қатынастардың біршама қалдықтарын сақтай отырып, қазақтың феодалдық қоғамының базисінің өз болмысына сәйкес құқықтық көзқарастар мен құқықтық мекемелерді туғызды. Феодалдық мемлекетке байланысты әдет-ғұрып құқығы да

мәні жағынан, соған байланысты дамыды. Мысалы, патриархальдық-рулық қатынастарға тән әдет-ғұрып: қанды кек, құн төлеу, барымта, қалың мал беру, көп әйел алу, қызды алып қашу т.б. әдет-ғұрып құқығының нормасына кіргенін айтсақ жеткілікті сияқты.

Біздің елімізде қолданылып жүрген заңдардың ең қажеттілігі және құқықтың қайнар көздерінің бірі ретінде қарастыратын болсақ, нормативтік-құқықтық акт-қазіргі мемлекеттердің негізгі деректердің бірі. Онда көптеген жеке адам туралы маңызды көзқарастар оның мүдделері, қоғамдық қатынастардың қажеттіліктері көрсетіледі. Басқа құқық жүйелері (құқықтық дәстүрлер, соттық және әкімшілік прецеденттер) жалпы реттеушілік маңыздылыққа ие емес. Олар жекеленген, көмекші, не қоғамдық қатынастарды реттеудегі толықтырушы рөлдерінде болды.

Нормативтік-құқықтық актілерде көпшіліктің және жеке адамның мүдделерін қорғайтын құқық нормалары бекітіледі және оларды нақтылы экономикалық, әлеументтік, ұлттық және осы тарихи кезеңдердегі халықаралық жағдайларда байланысты үйлестіреді.

Дүние жүзілік заң ғалымдары құқық нормаларының мазмұндарынан бөлмей қарайды. Заңды нормалардың әдет-ғұрыпта, прецеденте, сот ісінде көрінуі, казуальдық, не барлық уақытта белгілі сипатта болмайды. Сондықтан, заңды нормалар көрсетілген нысанда, жалпы және жеткілікті түрдегі белгілі көрінуді іске асыра алмайды.

Жалпылама нормативті реттеуге эволюциялық жолмен іске асырылуда. Алғашқыда нормативтік реттеу, қоғам өміріндегі тек қана, тікелей мемлекеттік биліктің мүддесіне тиісті болды. Жекеше мүліктік және отбасылық қатынастар, көп уақыт бойында әдет-ғұрып құқығымен сот жұмысының ықпалдарында болды. Уақыт өткен сайын нормативтік-құқықтық реттеу өзіне қоғам өмірінің басқа аяларын бағындыра отырып, кеңейе түсті және қоғамдық қатынастарды реттеудегі ең алдыңғы құқықтық нысанға айналады [3, 12-14 б.].

Нормативтік - құқықтық актілер құзыреті бар мемлекеттік органдардың құқықтық-шығармашылық жұмыстарының нәтижесінде ие болмаса, бүкілхалықтық ерік білдіру арқылы (референдуммен) құралады. Құқықтық шығармашылық жұмыс дегеніміз, құқық нормаларын шығаратын, сонымен бірге оларды жетілдіріп, ескірген құқық нормаларының пайдалануын тоқтатып мемлекеттік органдардың қызметі.

Құқықтық шығармашылық - нормативтік-құқықтық актілерді дайындауға және жетілдіруге арналған қызмет. Оның негізгі екі түрі бар: тікелей құқықтық шығармашылық және жанама түрдегі (мемлекеттік) құқықтық шығармашылық.

Тікелей құқықтық шығармашылық - референдумды өткізу кезінде іске асырылады, яғни конституция негізінде мемлекеттік билікпен ұсынылған нормативтік-құқықтық актілер қабылданады не қабылданбайды.

Мемлекеттік құқықтық шығармашылық заң мен белгіленген тәртіпке сай, құқық нормаларын өзгерту не жоюмен көрінеді. Оған мемлекет санкция берген қоғамдық ұйымдардың нормаларды шығару туралы шығармашылық жұмыстары жатады. Мұнда, қоғамдық ұйымдардың шығаратын құқықтық нормалары, мемлекет қорғайтын қасиеті бар нормаларға айналады.

Нормативтік - құқықтық актілерде тек құқық нормалары болады, яғни жалпы сипаттағы мемлекеттік міндеттілікке не тәртіптер. Сондықтан, нормативтік - құқықтық актілерді жекелеген құқықтық актілерден айыра білу қажет. Жеке құқықтық актілер өз әрекеттін құқықтық реттеу аясындағы белгілі құқық субъектілеріне бағыттайды. Ол бірақ рет пайдалануға арналған яғни жекеленген адамдарға арналып, белгілі құқықты не міндетті іске асырғаннан кейін, өз әрекетін тоқтатады.

Жекеленген құқықтық актілер, жалпы құқықтық нормалардың ұйғарымын іске асыруға маңызды және қажетті құрал. Олар міндетті мемлекеттік сипатта болады, оларды қамтамасыз ету, құзыретті бар, мемлекеттік органдар арқылы жүргізіледі (сотпен, арбитражбен, мэрлермен).

Нормативтік - құқықтық актіні, құқықтану нысанымен не болмаса, біздің құқықтық біліміміздің деректерінен айыра біліуіміз қажет. Бұл құқық нормалары туралы мәлімдемелерді әр түрлі заңдар жинағынан, тарихи құқықтық ескерткіштерден, кәсіби заңгерлердің еңбегінен аламыз.

Нормативтік - құқықтық актілер, ресми түрде мемлекеттік құжат ретінде дайындалады, олардың міндетті түрдегі ерекше белгілері бар: актінің аты (заң, жарлық, қаулы), қабылдаған органның аты (Парламент, Президент, Үкімет, Жергілікті билік органдар).

Нормативтік актілерде құқық нормалары белгілі құрылымдарына байланысты бірігеді: тарау, бөлім, боп (мысалы, азаматтық кодексте: бөлім Міндеттілік құқығы, тарау Міндетті органдау, боп міндеттілікті жедел түрде орындау (атқару)).

Қазақстан Республикасында жаңа заң қабылданды, оның аты «Нормативтік-құқықтық актілері туралы». Осы заңның қолдану саласы өте кең.

Заң актілері мен өзге де нормативтік - құқықтық актілерді әзірлеу мен қабылдау, күшіне енгізу, өзгерту, толықтыру, олардың қолданылуын тоқтату немесе тоқтата тұру, оларды жариялау ерекшеліктері олардың деңгейіне сәйкес, нормативтік - құқықтық актілер қабылдайтын мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін заң актілерімен, соның ішінде олар туралы ережелерімен және олардың регламенттерімен, басқа да нормативтік-құқықтық актілерімен айқындалады.

Қазақстан Республикасында нормативтік құқықтық актілердің негізгі түрлеріне мыналар жатады:

1. Конституция, конституциялық заңдар, кодекстер, заңдар;
2. Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар жарлықтары, Қазақстан Республикасы Президентінің өзге де нормативтік құқықтық жарлықтары ;
3. Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның палаталарының нормативтік қаулылары;
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулылары болады;
5. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Сотының және Қазақстан Республикасы орталық сайлау комиссиясының нормативтік қаулылары;
6. Қазақстан Республикасының министрлері мен өзге де орталық мемлекеттік органдар басшыларының нормативтік бұйрықтары;
7. Мемлекеттік комитеттердің нормативтік қаулылары, өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік қаулылары;
8. Мәслихаттардың, әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері [4, 258 б.].

Заң - мемлекеттің ең басты және айрықша нормативтік-құқықтық актісі. Ол қоғамның ең маңызды жақтарын және мемлекет өмірін реттейтін құқықтардың жиынтығы. Заңның түсінігін ерекше заң жолымен мемлекеттің жоғары өкілеттік органымен қабылдайтын нормативтік - құқықтық актіден бастайық. Ол ең жоғары заңдылық күшке не және еліміздегі халықтардың мүделеріне, қажеттіліктеріне сай, маңызды, қоғамдық қатынастарды реттейді.

Әдебиеттер тізімі

1 Зиманов С.З. Древний мир права казахов и его истоки // Древний мир права казахов. В 10 т. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – Т. 1.

2 Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 192 б.

3 Мамедсупиев Т. Правовая природа нормативных постановлений Верховного суда Республики Казахстан // Фемида. - 2006. - №4. - С. 12. -14

4 Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. - Алматы, Жеті Жарғы, 1998. – 258 б.

Резюме

Источник права - внешняя форма выражения и закрепления норм права. Формирование норм права (правотворчество) может осуществляться государством путём принятия нормативных правовых актов, в других случаях государство придаёт правилу характер правовой нормы путём санкционирования.

Summary

Source of law - an external form of expression and fixing of rules of law. Formation of rules of law (law-making) can be carried out by the state by adoption of regulations, in other cases the state gives to the rule the nature of precept of law by authorization.

ОӘЖ:340.141(574)

Орманбеков Е.С.
Д.А Қонаев атындағы Еуразиялық Заң
академиясының 2 курс магистранты
з.ғ.д., профессор, Ж.С. Әлдибеков

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ РУХАНИ – ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дәстүрлі қоғамда қазақ даласын жайлаған мыңғыраған мал отарлары мен табындары көшпелі өркениеттің негізгі материалдық байлығы, өндіріс пен соғыстың құралы, күнделікті көшіп – қонудың және азық – түлік өндірісінің басты қайнар көзі болумен қатар, көшпелі мал шаруашылығының жүйесі қазақтардың рухани – моральдық өмірінің мәнін, маңызын әрі сипатын да анықтады.

Кілт сөздер: Көші – қон, Қасым хан, Есім хан, Мүлік заңы, Қылмыс заңы, Әскери заң, Елшілік жоралары, Жұртшылық заңы, Ислам, Шариат, Қазақ ұқығы, Жарлық, Шешім, Кесім, Бітім, Ережелер.

Мәселен, ежелден қалыптасқан дәстүр бойынша қазақ ауылдарының азаматтары бір – бірімен кездескен кезде: «Мал – жан аманба?»- деп сәлемдесетін болған. Бұл дәстүр осы уақытқа дейін сақталып, дәстүр сабақтастығы сақталып келеді. Қазақ халқының аса бай ауыз әдебиетінде зерделенген бата беру, лағнет айту, мақал – мәтелдер, халық әндері, эпостық жырлар халымыздың рухани – құқықтық мәдениетінің негізгі мазмұнын құрады, яғни өткен кезеңдегі оның қоғамдық және құқықтық санасының айнасы іспеттес болды. Мәселен, қазақтардың алғыс сезімге байланысты тілек – пікірлері мынандай қанатты сөздермен өрнектелді: «Бай бол, төрт

түлікке сай бол», А, құдайым оңдасын, оңдағанның белгісі мың саулығың қоздасын, сексен інген боталап, сегіз келін қомдасын». Көші – қон керуені алыс жолға қозғалып, бір – бірімен кездескен кезде: «Көш көлікті болсын», мал сауыны кезінде: «Сауар көбейсін», қойды басқа да түлік малдарды қырқу науқаны кезінде: «Қырқар көбейсін», бақпашылар өрісте кездескен уақытта: «Бағар көбейсін», суат басында: «Суарар көбейсін», - деген сияқты т.б. игі – тілектерді айтатын болған.

Қазақ қоғамының саяси жүйесін біріктіретін басты тұлға – мемлекеттің негізгі белгісі – билік пен бағыныштылыққа негізделген заңдық жүйенің болуы және сол заңды орындайтын мемлекеттік тұтас жүйесінің жасалуы. Әр елдің өзіне лайық заңы мен басқару үрдісі бар. Мұндай заң мен өзіне тән басқару жүйесі біздің халқымызда да ертеден қалыптасқан. Қазақ заңының бір ерекшелігі – тек әділдік пен дін жолын ұстанумен бірге сөз өнерін: шешендік, тапқырлық, айтқыштық өнерді де жоғары бағалап, оған жүгінетін болған. Соған лайық әділ билердің өзін де сөзін де қадір тұтып, олардың есімін аузынан тастамаған.

Қазақ мемлекетінің және оның әділет, әдет – ғұрып заңдарының тарихында «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын заң ережелерінің орны ерекше. Өзінің мазмұны бойынша бұл заңның түбегейлі идеясы ежелгі әскери демократия арнасына барып тіреледі [1,542б.]) Қазақ хандығы заңдарының түп – төркіні қазақ халқында ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келген әдет – ғұрыптық ережелерден шықты. Бұл ғұрыптық – әдеттік ережелер ел салтына сіңген, халық бұхарасына түсінікті заң болды. Осы тұрғыдан «Қасым ханның қасқа жолы» бес тараудан тұрады. Олар мыналар:

1. Мүлік заңы (мұнда жер, мал – мүлік, дауының ережелері қамтылған);
2. Қылмыс заңы (кісі өлтіру, ел шабу, мал талау, ұрлық – қарлық);
3. Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат);
4. Елшілік жоралары (майталмандық, шешендік, халықаралық қатынастарда сыпайылық, әдептілік, мәмілегерлік жұмыстар);
5. Жұртшылық заңы (ас, той, ел басқару, әдет – салт дәстүрлерді, дін тағы да басқа елішіндегі түрлі жағдайларды шешуші осы заң арқылы тексеріледі [1,542 б.]. Қысқаша түйіндейтін болсақ, «Қасым ханның қасқа жолын» жарғы деп атау алған қазақ халқының алғашқы ата заңы болды. Бұл заңды қазақтың үш жүзі – үш хандығы арасындағы (ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз) дипломатиялық сыртқы, ішкі, әскери, әлеуметтік қарым – қатынастарды құқықтық негізде анықтап берген аса маңызды ережелердің жиынтығы ретінде қарастыра отырып, оны қазақ мемлекетінің іргесін бекітіп, оның нығайып, қалыптасуына зор үлес қосқан заңдар жинағы деп қарауымыз керек.

«Есім ханның ескі жолы» аталатын заңдар жинағын – жаңа жарғы ретінде шығарған Есім ханның көздеген мақсаты негізінен идеологиялық мақсат- Ислам (мұсылман) дінін орнықтыру үшін қабылданған деп түйіндеуге болады. Бұған дейін қазақ арасында аралас – кұралас өмір сүріп келген мұсылмандық пен тәңір сенімінің ара – жігін айырып, оны басты саясат құралына айналдырмақшы болды. Есім ханның заңының бір ерекшелігі – бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолында» жоқ құн туралы заңды тұңғыш рет енгізуі болса, екіншіден қазақ халқының өз ішінде қан тазалығын сақтау принципі алғаш рет құқықтық тұрғыдан негіздеп, жеті атаға дейінгі деңгейде қыз беріп, қыз алыспау туралы қатаң ереже – дәстүрді қалыптастырғанын айтуға болады. Ел аузында сақталған деректерге қарағанда, Есім хан тұсында «Қасқа жолға» қосылған жаңалық: «хан болсын, ханға лайық заң болсын», «батыр болсын, жорық жолы мақұл болсын», «абыз болсын, абыз сайлау парыз болсын», «би болсын, би түсетін үй болсын» деген ережелер екен [2,319б.]. Бұл тұжырымдар сол дәуірдегі

қазақ мемлекеті құрылысының саяси – әкімшілік, әскери, рухани және сот сипатындағы төрт тұғыры екендігін байқатады.

Сонымен қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ заңдарының өзіне тән басты ерекшелігі – оның тілі тұжырымды, есте сақтауға ыңғайлы, ұйқасты, өрнекті шешен сөздермен құрастырылуында. Мысалы, «Әділ билік – алтын таразы», «қара қылды қақ жару», «тура биде туған жоқ», «жетпеген билік жеті ұлықтың есігін ашады», «батыр – айғақ, балуан – куә», «сорғалаған қан, сойдақтаған із», «ер өлтіріп, өріс бұзу», «ел шауып, мал талау», «табандап тұрып, тап шығу», «бата тимесе қате тию», «қысасқа қан, оқысқа құн», «жазыққа жаза, айыпқа әнжі», «ханға хандық, биге билік», «мойнына қосақ, көтіне тіркеу», «семсер астында серт жүрмейді», «иілген басты қылыш кеспейді», «алдыңа келсе атаңның ұнын кеш» т.б. Бұлар қазіргі кезде де мақал – мәтелдер түрінде ел арасында сақталып келеді.

Бастапқы кезеңде ұзақ уақыт бойы ауыздан – ауызға, ұрпақтан – ұрпаққа сөз күдіреті арқылы беріліп келген әдет – ғұрып ережелері мен қағидалары мемлекет тарапынан ресімделіп, бекітіліп, толықтырылып әрі жетілдіріліп дәстүрлі қазақ қоғамына ортақ, жалпыға міндетті заң ретінде қалыптасты. Сондықтан кеңес дәуіріндегі біратар зерттеушілердің қазақтың әдет – ғұрып құқығын ерекше таптық тұрғыдан сипаттап, оны тек үстем таптардың мүддесін көздеп, басқа әлеуметтік таптарды қанаудың құралы болды деген кереғар пікірлерімен келісуге болмайды.

Қазіргі дүниеде өзінің ұлттық заңы болмаған, ұлттық құқығының тарихы болмаған бірде – бір мемлекет жоқ. Ұзақ әрі бай тарихы бар қазақ мемлекеттігі де өзінің ұлттық құқығы бар, заңы бар мемлекет. Қазақ халқы құқығының тарихы ұзақ әрі күрделі. Біріншіден, жазба әдебиеттер шамалы, бытыраңқы болғандықтан, оның үстіне ол деректердің дені басқа тілдерде жазылғаны және басқа елдердің мұрағаттарында сақталғандығы. Екіншіден, қазақ құқығының шығу, жетілу және даму тарихы өзгерістерге толы болды.

Бірінші: қазақ құқығының (заңының) шығуы. Қазақ құқығының даму тарихын қозғағанда, ең алдымен қазақ халқының құрамына кіретін, қазақ даласында өмір кешкен байырғы этностарды (тайпаларды) анықтау қажеттігі туындайды. Осы тұрғыдан қазақ халқының негізгі құрамын төмендегі ежелгі әрі іргелі тайпалардың болғанын тарихи фактілер растайды, атап айтқанда олар: сақтар, сарматтар, ғұндар, тохарлар, қыпшақтар болды. Қазіргі қазақ халқы солардың заңды мұпагері, сондықтан сол этностардың өздері жасаған төл тарихының кезеңдері мен географиялық аймақтарында дүниеге әкелген мол мазмұнды заңдарынан, туын желбіреткен мемлекеттерінен, өзіндік мол мәдениеттерінен қазақ халқы өз еншісі алуға хақылы.

Екінші: қазақ құқығының (заңының) бастауы. Егер де бабалар тарихына тереңдеп үңілсек Үйсін, Ғұн тайпалары тарих сахнасына шыққанда мемлекеттіліктің барлық белгі – нышандарын бойына топтастырған құрылым болғанын пайымдаймыз. Өйткені, оларда мемлекеттің негізгі нышаны болып саналатын өзіндік ерекшелігі – құқық жүйесі қалыптасқан. Өкінішке орай, бұл жөнінде қазақ тарихнамасында ашық мәліметтер аз. Осы тұрғыдан Қытай деректеріне сүйенсек, ол былай деп сыр шертеді: «Сиунның заңы бойынша (ғұндарды айтады – Е.О.) қанжар немесе пышақ алып адамды өлімші етіп жаралағандар өлім жазасына кесіледі, ұрлық жасаушының мал – мүлігі түгел тәркіленеді, жеңіл қылмыс жасағандардың беті тілініп, ауыр қылмыс жасағандарды жазалау он күннен әріге созылмайды. Жалпы алғанда мемлекетте мұндай қылмыспен қамауға алынатын күнәлілер онша көп болмайды [3,25 б.]. Түркі дәуірінде, Бумын қаған тұсында түркі жұртының іргесін берік ұстау үшін өзіне өзіне дейінгі заңдар електен өткізіліп, жарамдысы қалдырылып, қоғам дамуына жауап бермейтіндері ысырылып тасталып, белгілі реформалауды бастан кешкен. Мәселен,

Қытайдың Жыу кітабында олардың заңы сараланып көрсетіледі. Қылмыстық заңдар бойынша бүлікшілік, опасыздық, кісі өлтіру, біреудің әйелін зорлау, сәйгүлік ат ұрлау – өлім жазасымен жазаланады. Ал денеің басқа бір мүшесін зақымдаса, онда жылқы төлененді, ат немесе басқа да зат ұрлаушы сол ұрлығының құнын он есе етіп қайтарады [4,31 -35 бб.]. Байыптап қарасақ, жоғарыдағы Ғұндар мен Түркілердің заңдары бір – бірінен онша алшақ кетпейтін сияқты. Бұдан шығатын түйін – бұл заңдардың түп төркінінің бірлігін аңғартады.

Одан әрі Қазақ Елінде заң түзу қызметі Қасым ханның, Есім ханның және Тәуке ханның тұсында өз жалғасын табады. Олардың қазақ мемлекетінің іргесін нығайтуда ерекше рөл атқарған ірі мемлекет қайраткерлері екендігі белгілі. Соның айғағы, олардың өзіне дейінгі заң – жарғыны бір жүйеге түсіріп, уақыт талабына сай бейімдеп, жаңа серпін, бағыт беруінде еді.

Қазақ құқығының тарихи нұсқалары мен үлгілеріне байыппен үңілетін болсақ, оның мынандай басым нысандарын кездестіруге болады.

1. Жарлық. Жарлық саяси – әлеуметтік жоғарғы буынында отырған немесе мемлекет билігін өз қолына ұстаған билеушінің қоғамды басқаруды іске асыру үшін шығарған бұйрығы. Өткен тарихымызда Үйсін мемлекетінің билеушісі Сеңгіле Күнбидің: «өріске оймақ қосылмасын, табынға тұяқ қосылмасын» [5,992 б.]. деп бүкіл елге жарлық шығарды. Жарлықты жұрт орындайды.

2. Шешім. Шешім қазақ тарихында елдің бірлігі мен жердің тұтастығына байланысты болған маңызды, келелі істерді, хандық кеңестің, билер кеңесінің талқысына салып шешіп келген. Мәселен, Түрік қағандығы кезінде қаған билігінде отырған Алып қаған ел билеудің үрдісінен шыға алмағанда, ел ақылмандары кеңесе келіп, төрт қағанның ішіндегі сұңғыласы Ирүк қаған, билікке соның отырғаны мақұл [6, 1026.]. деп шешім шығарғаны дәлел. Шешімді жұрт мойындайды.

3. Кесім. Кесім дәстүрлі қазақ қоғамының көшпелі өмірінде, қазақ даласын ғасырлар бойына толғандырып келген іргелі әрі көкейкесті мәселелердің жетерлік болғандығынан хабардар етеді. Сондай – ақ, олардың туындау себебі де, шешілу жолдары да жауапты болған. Оған қатаң кесім шығарылған.

4. Бітім. Бітім қазақ қоғамының саяси – әлеуметтік өміріндегі дені басым саласы, яғни азаматтық істер. Мұндай істер жарастыру, татуластыру (салауат – Е.О.) тұрғысынан қарастырылады да, оған бидің бітімі шығарылады. Бітімге жұрт жүгінеді. Демек, қазақ құқығының басым нысандары болған жарлық, шешім, кесім және бітімдердің қазақ әдет – ғұрып құқығының тарихы мен теориясынан алатын орны ерекше деп тұжырымдауға болады.

5. Қазақ құқығының ұғымы жөнінде. Қолда бар деректерді сараптай қарағанда, тарихта кездесетін қазақ заңдарының қай – қайсы да этностардың, ұлыстардың саяси билігімен әрі бірлігімен тығыз байланысты болған. Әдет – ғұрыптар мен әдеттік – құқықтық нормалар үшін ортақ ұғымдар мен терминдер: «ескі әдет», «ата – баба салты» т.б. ұғымдар қолданылады. Сонымен қатар нормалардың маңызын, мазмұнын айқындау қажет болғанда да "«жора», «жарғы», «жол», «бітім» сияқты терминдер қолданылды. Бірақ, «жарғы» термині ғана өзге ұғымдармен байланыстырылмайтын. Өйткені, «жарғы» ұғымы мемлекеттегі билік органдары мақұлдаған немесе бекіткен нормалардың жоғарыдағы нысандары есебінде болғандықтан деп тұжырым жасауға болады.

Қазақ – әдет ғұрып құқығының кейінгі ұғымдарының бірі – «Ережелер» болды. Ережелер қазақ қоғамында халқымыздың Ресей империясының қол астына бодандық жағдайда толық өтуімен байланысты ХІХ ғасырдың ортасында пайда болды.

Қарастырылып отырған кезеңдегі ислам дінінің жол – жосығы бойынша қалыптасқан, дәстүрлі қазақ қоғамындағы құқықтық бастаулардың бірі – шариат болды. Бірақ, қазақ қоғамының көшпенді шаруашылығының ерекшелігіне байланысты мұнда шариат түгелдей қолданылған жоқ. Негізінен шариат (мұсылмандық заңдар) Қазақ Елінің отырықшы аудандарында кеңінен қолданылды., ал көшпелі елді мекендерде (Дешті Қыпшақ даласында) шариаттың қолдану аясы шағын болды.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Марғұлан Ә. Қасым ханның қасқа жолы. //Қазақстан Энциклопедиясы, - 6 т. – 542 б.
- 2 Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1994, - 319 б.
- 3 Гаузун патшаның тағлыматтары. – Пекин, - 1986. – 269 т. – 25 б.
- 4 Жоңғарды тыныштандырудың жалпы жобасы. – Пекин, 1987.- 9т. 31-356 б.
- 5 Бон Гу. Ханнама. Қытай кітап департаменті баспасы.–Пекин, 1997. 992б.
- 6 Чай Хон Син. Тан дәуіріндегі тоғыз сан қаңлылар және түркі мәдениеті. – Пекин: Қытай кітап департаменті баспасы, 1998, - 102 б.

Резюме

В статье анализируются роль и значение законов Касым хана и Есим хана в духовно – правовом развитии традиционного казахского общества.

Summary

In the article a role and value of laws are analysed Касым of khan and Есим of khan in spiritually - legal development of traditional Kazakh society.

УДК: 347.734(574)

Өмірзақ С.Қ.
магистрант группы ЮМ-16 РО-2
Евразийской Юридической
Академии имени Д.А.Кунаева
Научный руководитель:
к.ю.н., доцент
Мауленова Б.Н.

ПРАВОВОЙ СТАТУС НАЦИОНАЛЬНОГО БАНКА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В настоящее время банковская система одна из важнейших неотъемлемых структур рыночной экономики. Она не только регулирует денежное обращение в стране, но и является механизмом межотраслевого и межрегионального перераспределения денежного капитала, также является ключевым элементом расчетного и платежного механизмов хозяйственной системы страны.

Ключевые слова: Национальный банк; банковская система; юридические лица; правовой статус; история развития.

Республика Казахстан имеет двухуровневую банковскую систему. Первый уровень банковской системы принадлежит Национальному Банку Республики Казахстан являющимся центральным банком, главное звено банковской системы государство. Второй уровень банковской системы принадлежит универсальным коммерческим банкам, которые имеют право и обладают лицензией на совершение каких-либо банковских операций.

Нельзя не отметить историю банковской системы Республики Казахстан. Во времена советской власти Казахстан не имел своей банковской системы, так как на территории республики функционировали филиалы и отделения централизованной кредитной системы СССР и дореволюционной России. Однако, в дальнейшем появилось новая система банков, которая породила выпуск несогласованных нормативных документов, чрезмерно большую нагрузку на отделения, рост управленческого аппарата. Это потребовало принятия дополнительных мер по устранению негативных сторон, получившего название – второй этап банковской реформы.

В результате этого Верховным Советом Республики Казахстан впервые были приняты два важнейших документа – Закона «О банках и банковской деятельности в Казахской ССР» от 7 декабря 1990г. и постановление Верховного Совета Казахской ССР от 20 июня 1991г. «Об Уставе Национального Государственного банка Казахской ССР». Национальный Государственный банк перешел в собственность республики и стал Центральным банком[1].

Законом Республики Казахстан от 13 апреля 1993г. «О Национальном Банке Республики Казахстан» Национальный Банк Казахской ССР переименован в Национальный Банк Республики Казахстан[1]. Таким образом, в соответствии с Конституцией Республики Казахстан впервые в истории создана самостоятельная банковская система. В законе заострено внимание на независимости Национального Банка от распорядительных и исполнительных органов власти, его подотчетности только Президенту Республики Казахстан.

История свидетельствует, что Республика Казахстан является молодым независимым государством, поэтому присутствуют различные проблемы в этапе развития банковской системы государства, одной из главных проблем представляет собой правовое положение Национального банка Республики Казахстан.

Проблема совершенствование правового статуса Национального Банка исследуется авторами-юристами Ажихановым С.О. «Правовые основы функционирования банковской системы Республики Казахстан», Азимбаевой М.А. «Конституционно – правовые основы банковской деятельности в Республике Казахстан», Жусуповым А.Д. «Конституционное и финансово-правовое регулирование банковской деятельности в Казахстане», Етекбаевой Б.Н. «Организационно-правовые основы банковской системы Республики Казахстан», Жайляубаевой Р.Т. «Конституционно-правовые основы деятельности Национального Банка Республики Казахстан в условиях рынка».

Характерной чертой правового положения Национального Банка РК является то, что он представляет Правительство, и в то же время формально независим от него. В связи с этим мы анализируем действующее законодательство по вопросам взаимодействия его с другими органами государственной власти в целях подтверждения и дополнительного аргументирования вывода о роли и месте Национального Банка в государственной системе.

Ключом к успеху для решения проблемы, касающейся правового положения, является заимствование зарубежного опыта. В Конституции Российской Федерации от 12.12.1993 г., в п.2 ст.75, закреплено правило о том, что функцию по защите и обеспечению устойчивости рубля Центральный Банк Российской Федерации осуществляет независимо от других органов государственной власти. Также конкретизирует в иных федеральных законах, включающем отраслевые статусы (конституционный, гражданско-правовой и банковский). Особенности правового статуса Центрального Банка Российской Федерации связаны с тем, что, с одной стороны, он выступает в качестве органа государственной власти, осуществляющего экономическую политику от лица государства, а с другой является простым субъектом коммерческой деятельности.

В Конституция Республике Казахстан не нашло своего закрепления правовое положение Национального Банка и это является большим пробелом, который нуждается в решении. Нужно включить статус Национального банка в Конституцию Республики Казахстан и сделать его независимым от других государственных органов.

Сегодня не случайна тенденция к все более полному регулированию в конституциях финансовых отношений. Оно все чаще содержится в специальных главах и разделах конституций, куда включаются, прежде всего, основы статуса центральных банков.

Показательно, что в современных конституциях зарубежных стран уделяется достаточно внимания основам экономического строя. Так, своеобразной выглядит систематизация норм в новой Конституции Швейцарии 1999 года. Оно содержит раздел 7 «Экономика» в котором ст.94 названа «Принципы экономического строя» [2, с.72].

Большинство конституции стран мира отводят финансам специальные главы, разделы, части. Такие главы есть в Конституциях: Албании «Государственные финансы», Бельгии – «О финансах», Германии – «Финансы», Греции – «Налогообложение и управление финансами», Испании – «Экономика и финансы», Польши – «Публичные финансы», Португалии – «Финансы и финансовая система». Аналогичные главы имеют Конституции Люксембурга, Монако, Молдовы, Турции, Финляндии. В конституции Швеции соответствующая глава названа «Финансовая власть», что весьма показательно. Конституции, регулирующие финансовые отношения, включают в свой текст принципиально важные нормы о бюджете и бюджетном процессе, о принципах налогообложения, статусе банков, национальной денежной политике и эмиссии денег. [2, с.81-82].

Проведенный анализ конституций зарубежных стран показывает что в некоторых странах уделяется значительное место именно банковской деятельности, а не только статусу высших финансовых институтов. Для казахстанского конституционного строя это показательно, поскольку государство с богатой историей рыночной экономики, по всей видимости, определила для себя наиболее важные сферы, исходя из закономерных кризисных последствий нормативного либерализма.

Определенное внимание уделяется банковской деятельности в Конституции Республики Казахстан. Точнее в Основном законе Казахстана предусмотрены основные положения для банковской деятельности. Например, в статье Конституции Республики Казахстан одним из четырех основополагающих принципов деятельности Республики утверждено экономическое развитие на благо всего народа. Этот принцип в полной мере относится ко всем экономическим сферам государства, в том числе банковской деятельности [3].

Также затронут статус Председателя Национального Банка. Согласно статье 44 Конституции Республики Казахстан Президент Республики Казахстан с согласия Сената Парламента назначает на должность председателя Национального Банка и освобождает его от должности. Согласно статье 59 Конституции Казахстана Председатель Национального Банка имеет право присутствовать на любых заседаниях палат Парламента и быть заслушанным [3].

Таким образом, Казахстан, ориентируясь на международный опыт, предусматривает не все основы банковской деятельности, которые должны быть регламентированы Конституцией. Сегодня как никогда актуальны споры о том, какие положения банковской деятельности должны быть конституционными, а какие законодательными и подзаконными. Кризисные явления в социально экономическом состоянии Казахстана показали высокую степень уязвимости конституционного статуса человека в сфере банковской деятельности. Банки, пользуясь недостаточной регламентацией банковской деятельности в Конституции, ссылаясь на гражданское законодательство, с легкостью идут на нарушение конституционных прав граждан, поскольку в преимущественном положении находится экономическая целесообразность и корпоративный интерес.

Совершенствование финансового центра в Дубаях проходило, в том числе, путем изменения Конституции страны. Теперь у них и администрация и суд будут независимыми, и укомплектованы они иностранцами. Плюс к этому не будет налогов. Если все пойдет как сейчас то через три года вопрос будет не в том, как привлечь деньги из других стран сюда, а в том, как отсюда предотвратить отток капитала в тот же Дубаи. Мы же к этому времени проведем либерализацию капитального счета. А капитал – он во всем мире мобильный и пойдет туда, где условия, инфраструктура лучше, налогов нет, а есть только комиссионные сборы [4].

Банковская (в том числе валютная), денежно-кредитная системы любой страны являются важными элементами жизнеспособности государства, которые оказывают существенное влияние на экономические, политические и иные процессы, происходящие в обществе считает Азимбаева М.А.[5]. Поэтому совершенствование деятельности Национального Банка как «банка банков» государства является одной из основ, на которых зиждется экономическая безопасность Республики Казахстан. Роль Национального Банка в переходной экономике остается значительной и неизменной. Как эмиссионный центр он выполняет работу, которую не делает ни один экономический субъект. Его назначение следует воспринимать как данность. Его роль нельзя ни преуменьшить, ни преувеличить.

Во всяком случае, регулирование банковских отношений по усмотрению только лишь Национального Банка без понятие правового положение и действенных механизмов подотчетности является опасным и требует разработки для развития банковской системы.

Необходимо перенимать опыт зарубежных стран, но брать все самое лучшее и прогрессивное, чтобы с достоинством выйти на новый уровень. Как это сделать? Прежде всего, с государственной помощью и более мощным регулированием банковской деятельности.

На основании вышеизложенного, можно сделать вывод о том, что от уровня реализации конституционно правовых норм банковской деятельности напрямую зависит развитие, совершенствование банковской системы не только отдельно взятой страны, но и целых конгломератов. При этом необходимо учесть, что любые изменения в правовой регламентации банковской деятельности должны служить высшим ценностям Казахстана – человеку, его жизни, правам и свободам.

Список литературы:

1 Официальный сайт Национального Банка Республики Казахстан “историческая справка о Национальном Банке Республики Казахстан” <http://www.nationalbank.kz/?docid=661&switch=russian>

2 Конституционное право зарубежных стран: Учебник / Под общ. Ред. Г.А. Василевича. Мн.: Книжный Дом, 2006. -480с.

3 Конституция Республики Казахстан. Принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 г. (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.03.2017 г.)

4 Марченко Г. Вкладчики банков должны знать их реальных владельцев /Справочная правовая система ЮРИСТ, 2008.

5 Азимбаева М.А. Конституционно-правовые основы банковской деятельности в Республике Казахстан. Диссертация, 2010г.

Түйіндеме

Қазіргі уақытта банк жүйесі нарықтық экономиканың маңызды интегралды құрылымдарының бірі болып табылады. Бұл елдегі ақша айналымын реттеп қана қоймай, ақшалай капиталдың салааралық және өңіраралық қайта бөліну механизмі болып табылады, сондай-ақ еліміздің экономикалық жүйесінің реттеу және төлем механизмдерінің басты элементі болып табылады.

Summary

At present, the banking system is one of the most important integral structures of a market economy. It not only regulates monetary circulation in the country, but also is a mechanism for inter-branch and interregional redistribution of money-capital, is also a key element of the settlement and payment mechanisms of the country's economic system.

УДК: 349.4(094)574

Сабилов А.Г.
Магистрант Евразийская юридическая
академия имени Д.А. Кунаева
научный руководитель:
д.ю.н., доцент
Омурчиева Э.М.

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ НЕДРОПОЛЬЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

В связи с принятием Кодекса Республики Казахстан от 27 декабря 2017 года № 125-VI «О недрах и недропользовании», предусмотрен совершенно иной порядок правового регулирования недропользования в Республике Казахстан. В научной статье рассмотрены ключевые особенности нового законодательства о недрах, отмечены его достоинства и недостатки, определены основные направления для дальнейшего развития теории и практики недропользования в Казахстане.

Жоғарыда аталған зерттеушілердің көзқарастарымен келісе келе, біз мынадай қорытындыға келеміз, яғни, әкімшілік іс жүргізу құқықтық қатынастарының мазмұны субъективті құқық пен міндеттердің аталған құқықтық қатынастар субъектілерінің жиынтығымен ескеріледі. Сонымен, құқықтық қатынастардың заңдылық мазмұнына, ең алдымен, субъективті құқық кіреді. С.С. Алексеевтың ескертпесі бойынша субъективті құқық – «бұл басқа тұлғалардың заңдылық міндеттемелерімен қамтамасыз ететін, құқыққа уәкілеттіге жататынының мүдделерін қанағаттандыру мақсатында рұқсат етілген тәртібінің шарасы». Субъективті құқық, осы аталған тұлғаның қатаң анықталған мүмкіндіктерімен белгіленген, онда белгілі «заңдылық мүмкіндік- онды заң» бар, «Шара» сөзі субъективті құқықты анықтау кезінде тұлғаға бекітілген заңдылық мүмкіндіктердің шексіз емес екендігін, олар мазмұны бойынша анық айқындалғанын, осы шекаралықта тұлға өзінің тәртібін көтере алатындығын көрсетеді. Құқыққа уәкілеттіге ұсынылған шараның рұқсат етілген тәртібін мемлекет қамтамасыз етеді, ол құқықтық тараптан заңдылық міндеттерді басқа тұлғаға жүктелмен қол жеткізіледі. Соңғыларын орындамау (құқықбұзушылық) мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін, атап айтқанда заңдылық жауапкершілік шарасын қолдану үшін негіз болып қалады». С.С. Алексеев бойынша, «құқықтық жүйеде субъективті құқықтың ерекше қызметтері олардың тікелей көрінетін жеке құқығының толығымен әлеуметтік құндылығын анықтайды. Субъективті құқыққа тән қасиет, оған тәртіптілікті және жинақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік жасау, олар активтіліктің, жекеліктің, солнақты таптық

көріністегі бастамашылықпен еркіндіктің дамуымен байланысты, ал бұл оның дамуындағы осы кезеңіне, қоғамдағы әлеуметтік-таптық қатынастар жүйесіне тән. Оның ішінде, азаматтарға қолданылатын жиынтық субъективті құқық азаматына жататын оның жеке автономиясының, еркіндігінің шеңберін(аумағын) белгілейді. Құқық субъективті түрде мүдделермен терең бірлікте болады».

Айтылған оймен сәйкескелетін және берілген контекстте В.К. Бабаев өзінің көзқарасын айтады: «Субъективті құқық – ол құқықтық қарым-қатынас субъектісіне, яғни уәкілетті тұлғаға қатысты құқық. Субъективті құқықта үнемі құқыққа уәкілеттінің мүддесі бекітілген – материалдық, отбасылық, саяси және т.б. Субъективті құқық құндылығының мәні осында. Субъективті құқық – бұл мүмкін тәртіп, яғни оны іске асыру жалпы алғанда құқыққа уәкілеттінің қарауынан, оның еркі мен қалауына толығымен байланысты болып келеді. Алайда мүмкін болатын тәртіптің шегі, сонымен қоса, іске асырылатын мүдденің шегі, объективті құқықтың нормаларымен айқын сызып көрсетілген. Дәл осы себептен субъективті құқықты сипаттау үшін «шара» - мүмкін болатын тәртіп шарасы сөзі қолданылады.

Субъективті құқық еркіндікпен өте дұрыс байланысқан. Бұл еркіндік шарасы». Мемлекет үшін әртүрлі субъектілерге құқық берудің маңызы, онда келтірілген жағдаяттарда міндеттілік ретінде мемлекет белгілеген шекте міндеттелген тұлғаның тәртібін қамтамасыз етеді. Құқыққа уәкілетті үшін оны субъективті құқықпен қамтамасыз етудің маңызы сонда, ондаол осы жағдайдағы құқыққа уәкілеттіге қажетті басқа тұлғаның сондай тәртібін қамтамасыз етеді. Осыдан барып, ары қарай, яғни, субъективті құқық басқа тұлғаныңосындай тәртібін қамтамасыз ететін заңдылық құрал, және мемлекет міндетті деп танитын құқыққа уәкілетті қажет.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, мынадай қорытынды жасауға болады, яғни, субъективті құқық сәйкестенген принципте құрылған,олар негізін қалайтын идеялардың жетекші бастаулар болып табылады, ал олар әкімшілік іс жүргізу қатынастары субъектілерінің құқықтарын іске асыруға бағытталған. Принциптерде терең, мықты заңдық байланыстар көрініс тапқан, осылардың арқасында субъективті құқық институты құқықтың жеке дара компоненті болып табылады. Принциптерді зерттеу субъективті құқықтың тек қана әлеуметтік, құқықтық және адамгершілік жақтарын зерттеп қоймайды, сонымен қатар оның нақты мазмұнын түсіндіреді. Мұның барлығы тәжірибелік мәселелерді шешу үшін өте қажет.

Субъективті құқық принциптері ішінде, олардың мына төмендегілерін атап көрсету қажет:

- * субъективті тәртіп мүмкін тәртіптің(рұқсат етілген) мөлшері. Мүмкін тәртіп тәртіпті таңдауға құқық береді: әйтеуір бір әрекет ету немесе қандай да бір әрекеттен тартына тұру;
- * субъективті құқықтың мазмұны нормалармен және заңды фактілермен бекітіледі(белгіленеді);
- * бір жақтың субъективті құқығын басқа жақтың субъективті міндеттері хабарлап отырады;
- * құқыққа уәкілетті тұлғада субъективті құқық оның мүддесін қанағаттандыру үшін пайда болады.

Айтылған ойдан, субъективті құқық құрамына кіретін негізгі құқыққа уәкілеттілікті де атап көрсетуіміз керек. Әдеттегідей, олар негізгіүш түрде берілген:

- талап ету құқығы, мұның мағыналық мәні, басқа жақтан (екінші жақтан) міндетін уақыт өткізбей атқаруын талап ету мүмкіндігі;
- оң әрекетке құқық, яғни, қандай да бір болмасын игілік әкелетін жеке өзінің нақты әрекеті;

- талап ету, яғни, міндетті өз еркімен атқармаған жағдайда, және мемлекеттік механизмді пайдалана отырыпосы міндетті мәжбүрлі түрде атқару. Сонымен, субъективті құқық деп заңды қамтамасыз етілген белгілі бір тәртіптің мүмкіндігі, ал осы осы мүмкіндік заңмен қамтамасыз етілген және мемлекетпен кепілдендірілген. Әкімшілік іс жүргізу құқықтық қатынастардың келесі күзіреті заңды міндеттеме болып табылады. Ю.К.Толстойдың көзқарасы бойынша «бұл құқықтық қатынастардың заңды мазмұнының екінші бөлімі, ол міндетті тұлғаға қажетті тәртіп шарасын ұйғарған, онда тұлға құқыққа уәкілеттінің талабына сәйкес оның мүддесін қанағаттандыру мақсатында орындауға тиіс болады». Заңдылық міндет шартсыздығымен, категориялылығымен ерекшеленеді. Бұл тәртіп тұлғаға күшпен ұйғарылған. Заңдылық міндеттің мазмұнына қатаң бұйрықпен ендірілген – ұйғарылған тәртіпке сөзсіз бағыну, орындау. Осыдан барып – құқықтық қатынастарда мемлекеттік-мәжбүрлеу әсерлері(санкциялар) шараларымен тәртіптің қамтамасыз етілуі шығады, ал олар заңдылық міндеттің өте қажет қасиеті, атрибуты болып табылады. Заңды міндет түсінігін мұнан да басқа қызық және үлгілік болып табылатын ойды О.С.Иоффенің ұсынған еңбектерінен кездестіреміз. Ол азаматтық-құқықтық қатынастар бойынша орындалған еңбек: «Субъективті азаматтық құқыққа қарама-қарсылықты азаматтық-құқықтық міндет құрайды. Объективті құқықтың нормаларымен орындалатын, азаматтардың тәртібін реттеп отыратын, субъективті құқық сияқты бола тұрып, ол субъективті құқықтың тек қана қажетті корреляты ретінде шықпайды. Субъективті құқықтың шынайылығы ең алдымен, мынадан көрінеді, яғни, құқыққа уәкілетті тұлғаға қарсы болатын, басқаға жүктелген міндетімен сәйкес келеді. Себебі бұл тұлғалар, құқыққа уәкілеттінің өзінің неге құқылы екендігіне міндетті, өйткені міндеттің мазмұны субъективті құқықтың мазмұнына толық сәйкес келеді. Бірақ, дегенмен, бір жағынан, құқыққа уәкілетті нені талап ете алуы мүмкін болса, онда оны тұлғалар орындауға міндетті, себебі міндеттің мазмұны субъективті құқықтың мазмұнына диаметральді түрде қарама-қарсы. Сондықтан азаматтық-құқықтың міндеттері қарама-қарсылықтың көмегімен субъективті азаматтық құқықтың мәнінен шығарылып тасталған». Сонымен, субъективті құқық пен міндеттер өзара бөлінбестей байланысты. Егер, міндеттермен қамтамасыз етілген субъективті құқық болмаса, онда құқық болатын міндеттеме де жоқ болады. Осыдан барып, субъективті міндет деп заңды қамтамасыз етілген шара түсініледі, ол әкімшілік іс жүргізу заңнамасының және мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен кепілденген, әкімшілік іс жүргізу құқықтық қатынастағы құқыққа уәкілетті тұлғаның тәртібіне қажетті. Әкімшілік-құқықтық қатынастар жүйесінде, заңдылық міндеттің, субъективті құқық сияқты белгілі бір белгілері бар, оларды дифференциациялауға (саралауға) және біріктіруге жағдайлар жасайды. Осы көзқарастан заңдылық міндет:

- * міндетті әрекет немесе онан қалыс қалу түріндегі қажетті тәртіп шаралары;
- * ол заңды фактілер мен құқықтық нормаларды өкім етумен бекітіледі;
- * құқыққа уәкілетті жақтың мүддесіне орай бекітіледі;
- * міндетті тұлғаның, міндетті орындау мен орындамау арасында таңдауға құқығы жоқ. Міндетті дұрыс орындамаған жағдайда оған мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы қолдану қарастырылады.

Заңдылық міндеттердің өз көріністерінде үш түрлі формалары болады:

- * селқостық (енжарлық) тәртіп деп аталатын тыйым салныған әрекеттен қалыс қалу;
- * нақты әрекетті орындау белсендіру әрекетіне шақырады;
- * жеке бастағы, мүліктік немесе ұйымдастыру сипатындағы құқықтарда шектеулерді өткізу, мұнда заңды жау ӘҚБтКершілік шаралары алынып отыр. Кез-келген құқықтық қатынастардың заңдық мазмұны, оның ішінде әкімшілік іс жүргізудің

сөзсіз еріктілік табиғаттары бар. Ол, ең алдымен, мынадан көрінеді, яғни, қоғамдағы құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі және тоқтатылуы, біріншіден, құқықтық нормалардың әрекет етуінен, - еріктілік сипаттағы белгілі бір жалпы ережелер, және, екіншіден, құқықтық қатынастарға қатысушылардың тәртібінде пайда болатын еріктілік элементтің әрбір құқықтық қатынастарға бекітілуі. Мұнда еске алатын нәрсе, іс жүргізу құқықтық қатынастардың заңдылық мазмұны, оның ішінде әкімшілік іс жүргізудің де, келесі жағдайлардың әсерлері бойынша да қалыптасады:

* материалды мазмұннан, яғни, сол нақты қоғамдық, сондай-ақ осы іс жүргізу құқықтық қатынастар көмегімен іске асатын материалдық заңды қатынастардан;

* осы әкімшілік іс жүргізу құқықтық қатынастардың субъекті құрамынан.

Басқарушы сипаттағы қарым-қатынастар сияқты әкімшілік іс жүргізу құқықтық қатынастарға қатысты, айтуымызға болады, олардың материалдық мазмұны, өздері болатын мемлекеттік басқару саласының ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл жағдайда, қалай материалды болса, іс жүргізудегі әкімшілік-құқықтық қатынас та атқарушы билік ұйымдарының жұмыс жасайтын үш аймағы – экономикалық, мәдени-әлеуметтік немесе әкімшілік-саяси аймағының бірінде пайда болады. Сонымен бірге, осыған ұқсас, жалпы алғанда мемлекеттік басқару шегіндегі қатынастардың пайда болуы сияқты, қай жерде әкімшілік-құқықтық нормалар іске асатын болса, онда оларға әкімшілік-құқықтық реңк береді, сондай-ақ, атқарушы билік ұйымдарының осы немесе басқа шегінде жұмыс жасайтын әкімшілік іс жүргізу құқықтық қарым-қатынастарының пайда болуы, яғни, осы қатынастарға қатысушылардың құқыққа уәкілеттілігі мен заңдылық міндеттерінен белгілі бір бейнеде олардың материалдық мазмұнынан көрінеді [6, 58 б.].

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, атап өтуіміз қажет, яғни, әкімшілік іс жүргізу құқықтық қатынастардың мазмұны күрделі түсінік болып табылады, ол сөзсіз әкімшілік іс жүргізу құқығындағы заттың ерекшеліктерін құқықтық реттеумен байланысты. Сонымен қатар әкімшілік іс жүргізу құқықтық қатынастардың спецификасы тек қана олардың формасы мен мазмұнынан көрінбейді, сонымен қатар олардың субъектілері мен объектілерінен де көрінеді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 правовых норм // Фемида. – 2008. - №4(148). - С.9.
- 2 ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі – Астана, 2008. - 428 б.
- 3 Иоффе О.С. Избранные труды по гражданскому праву: Из истории цивилистической мысли. Гражданские правоотношения. Критика теории «хозяйственного права». – М.: «Статут», 2000. – 777 б.
- 4 Гражданское право. Том 1. Учебник. Издание четвертое, переработанное и дополненное /Под ред. А.П. Сергеева, Ю.К. Толстого. - М.: «Проспект», 1999. - С. 83.
- 5 Дуйсенов Э.Э., Ч.М. Токтоназарова Теория государства и права: Учебно-методическое пособие. – Ош, 2001. – 212 б.
- 6 Нугманова Э.А. Теоретические и практические проблемы совершенствования административно-юрисдикционной деятельности в Республике Казахстан //Дисс. З.ғ.д. – Алматы, 2010. – 332 б.

Резюме

В этой статье автор подробно рассмотрел правовое регулирование концепции административно-правовых отношений.

Summary

In this article, the author examined in detail the legal regulation of the concept of administrative and legal relations.

ОӘЖ: 340.15(574)

Теңгебаев А.К.
Д.А.Қонаев атындағы
Еуразиялық заң академиясының
магистранты
Ғылыми жетекші:
з.ғ.к доцент Тагаев А.У

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

XVII ғасырдың 80 жылдары жоңғар шапқыншылықтары қазақ жеріне күшейе түсті, олар Оңтүстік Қазақстан және Сырдарияның сауда саттық жерлерін иеленгісі келді. Сонымен қатар, маңызды керуен жолдарын басып алғылары келді. Хунтайши Галдан 1681-1685 жылдары Оңтүстік Қазақстан жеріне бірнеше шапқыншылықтар жасады, нәтижесінде Сайрам қаласы құлады.

Кілт сөздер: халық, мемлекет, билік, меншік, саясат т.б.

Қарастырылып отырған XVII ғасырдың соңы XVIII ғасырдың алғашқы жартысы қазақ халқының өміріндегі ең бір күрделі кезең болып табылады. Осы аралықта бір ру, яки бір тайпа емес, тұтас бір халықтың тағдыры таразыға салынып, талқыға түсті. Әсіресе, Қазақ мемлекеті сыртқы және ішкі саясатта, әлеуметтік-экономикалық қатынастарда да аса күрделі қиындықтарды бастан кешірді. Бытыраңқылық пен алауыздық жүздер арасындағы экономикалық және саяси билікке талас қазақ мемлекетін нығайтуға кедергі келтірді. Осындай ретсіздікті жоңғар жаугершілігі одан әрі күшейте түседі. Мыңғыраған мал мен жайылым жерлерден айырылу, көші-қон бағыттары мен дәстүрінің бұзылуы, қолөнер кәсібі мен сауданың құлдырауы Ұлы жүз бен Орта жүздерді шаруашылық күйзеліске ұшыратады. Қол астындағы халық пен территорияның азаюы хандардың билігін әлсіретіп, Қазақ елінің саяси-территориялық жағынан бытыраңқылығын тездетеді [1, 224 б.].

Ресей империясының күш-қуатының артуы, Қытайда Цинь әулеті билігінің нығаюы, осы екі үлкен мемлекеттің ықпал өрісінің кеңейіп, екі бүйірден қысуы қазақ жері мен Орта Азия аймағындағы халықаралық қатынастарға үлкен әсер етеді. Бұл азулы империялардың әрқайсысы қазақ хандығына қатысты өз бағытын күшейтетін нақты іс-әрекеттік жоспарларын жасай бастайды.

Осындай орасан зор объективтік қиындықтарға қарамастан аталған кезеңдегі көшпелі қазақ қоғамы әлеуметтік-экономикалық қатынастарда өзіндік ерекшелігін сақтап өмір сүрді. Бұл қатынастарды себептердің бар екенін тұжырымдауға болады. Өйткені, ірі және ұсақ әлеуметтік топтар қазақтардың өз түсінігінде бастапқыдағы бір отбасының бөлінуі (сегментация) нәтижесінде пайда болған.

Әлеуметтік қатынастардың бірте-бірте, жіктелуі барысында, әр түрлі туыстық топтардың бірігуі нәтижесінде кей кездері «жасанды» ата-тектік шежіренің жасалуына да жол берілді. Шындығында, тарихи тұрғыдан қалыптасқан бірқатар қазақ руларының бірлестіктері күрделі құрамдағы құрылымдар болды. Сондықтан әр түрлі деңгейдегі әлеуметтік топтар одағының пайда болу себебін олардың шаруашылық мүддесімен байланыстырып қарауға болады, мұның, өзі ата-тектік байланыстарды көршілік-қауымдық қатынастармен теңестіріп қарастыруға негіз бола алады. Өйткені, мал шаруашылығы өндірісі процесінің өзі - төрт түлік малды үй жағдайына үйретіп, оны жайылымға шығарып бағу, одан әрі шаруашылықтан алынған өнімдерді өндеп, пайдалану сияқты шараларды қамтиды. Мұнда мал мен жер қазақ қауымын негізгі асыраушы құралы ретінде бірдей деңгейде өндіріске қатынасып отырады. Әрбір көшпенді малға да жерге де бірдей қарап, қамқорлық жасайды, өйткені, түптеп келгенде тек жер ғана малшының әл-ауқатының көтерілуіне кепілдік бере алады [2, 192 б.].

Сонымен бірге, жерге қатысты әр түрлі фактілердің, пікірлердің болуы - қазақтар арасында жерге байланысты феодалдық меншік қалыптасты деп тұжырымдауға негіз бола алмайды. Көшпенділер арасында ежелгі заманда да, жаңа кезеңде де белгілі бір әлеуметтік топтың жерге қатысты монополиялық меншігінің орнығу құбылысы байқалған емес. Көшпенділіктің ыдырауына дейінгі кезеңде жайылымдық жерге жеке меншіктің болмауы - қазақ қоғамындағы өндірістік қатынастар мен өндіріс сипатының өзіндік ерекшелігімен анықталды. Қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ қоғамында жайылымдық жерге байланысты жеке меншік қатынастардың болмағандығы жөнінен дәлелді ғылыми тұжырымдар мен тиянақты пікірлерді әйгілі зерттеуші-ғалымдар М.Т. Вяткиннің, В.Ф. Шахматовтың, С.Л. Фукстың, С.З. Зимановтың еңбектерінен таба аламыз [3, 296 б.].

Қазақ қоғамының көшпелі өмір-салтының сақталуы халықтың басым көшпелілігі ешқандай кедергісіз экстенсивті көшпелі шаруашылықты жүргізуге мүмкіндігі бар, көшіп-қонуға қабілеті бар кезеңге дейін мүмкін болды. Қазақтың көшпелі қоғамындағы әлеуметтік қатынастардың өзіндік ерекшелігінің негізіне - малға жеке меншік пен жерге қатысты ұжымдық немесе қауымдық меншік арасындағы қарама-қайшылық құбылысын жатқызуға болады.

Осы кезеңдегі қазақ қоғамының бастапқы негізгі шаруашылық ұйымы-көшпелі қауым болды. Дегенмен, көшпелі өндірістің маусымдық сипаты болғандықтан, екі типтегі қауымдықтар - шағын және кеңейтілген қауымдықтардың пайда болуына негіз салды. Көшпелі шағын қауымдық қыс кезінде, ерте көктемгі және күз маусымдарына құрылып, құрамына орта есеппен 5-10 шаруашылықты қамтыды. Шағын қауымдықтың көлемінің аздығы мен көптігі малдың санына қыстау маңындағы жайылымдардың малды азықтандыру мүмкіндігіне байланысты болды. Сонымен, қыс кезінде бөлінген жайылымдық аймағының құнарлығы мен оттылығы шағын көшпелі қауымдықтың көлемін анықтады. Көп жағдайларда шағын көшпелі қауымдықтың құрамына негізінен жақын туыстар біріктірілетін болды, алайда кей кездері басқа да рулық топтың адамдары қосылатын жағдайлары болды. Сондықтан, бірігудің негізіне қандық-туыстық байланыстармен қатар экономикалық қатынастар да ерекше роль атқарды. Өйткені, көшпелі қауымның өмір сүру мүмкіндігі өндірістік процестің барлық салаларын жүзеге асыру үшін, қауымдағы барлық малшылардың еңбек кооперативін құруды күн тәртібіне қойып, көптеген адамдардың күш-жігерін бір арнаға, бір мақсатқа біріктірудің қажеттілігі туындады. Шағын көшпелі қауымдықтың ауқымында малды бағып-күту, оны суатпен қамтамасыз ету, жайылымды қардан тазарту, күйек алу, малды төлдету, малды қырку сияқты өндірістік процестер іске асырылды. Жазғы жайылым маусымы басталған кезде

бірнеше шағын қауымдықтар біріге отырып кеңейген қауымдықтарды құрады. Бұл қауымдықтар негізінен жыл мезгілінің жылы маусымдарында бірігіп, топтасып, өндірістік процестер кезінде пайда болатын барлық мәселелерді тиянақты шешіп отырды, оның ішінде, әсіресе, малды сумен қамтамасыз ету басты орында тұрды. Сондықтан кеңейтілген қауымдықтың көлемі су көздерінің аз-көптігіне, түрлеріне, сапасына байланысты икемделіп отырды. Табиғи су көздері жоқ аймақтарда көшпенділер құдықтар қазу арқылы су шығарып, жасанды су көздерін пайдаланып отырды. Мұндай жағдайларда кеңейген қауымдықтың құрамына 2-3 шағын қауымнан тұратын әлеуметтік топтар кірді. Сондай-ақ, таулы аудандардағы көшпелі қауымның көлемі де шағын болды, мұның негізгі себебі - жер жағдайымен, яғни биік таулы өңірде мал бағудың және оны сумен қамтамасыз ету ерекшелігімен байланысты болды. Ірі көшпелі қауымдастықтар үлкен, табиғи су көздерімен қамтамасыз етілген өзен, көл жағалауларында Қазақстанның Орталық, Солтүстік, Солтүстік-Шығыс аймақтарында топтасып орналасты.

Егер шағын қауымдықтың меншігіне өзі иеленген қысқы маусымдағы жайылымдық жер ғана қараған болса, кеңейген қауымдықтың меншігіне бәрінен бұрын барып қоныстанған жасанды су көздерімен қатар барлық табиғи су көздері қарады. Одан басқа меншіктің ортақ нысаны ретінде көшпелі қауымдықтарға су көздері айналасында орналасқан жайылымдықтар да қарады.

Сонымен аталған кезеңдегі көшпелі қауымдық дегеніміз тікелей өндірушілердің еңбек іс-әрекетінің, күш-жігерінің ортақтығымен сипатталатын, өндіріс процессі ұжымдық тұрғыда ұйымдасқан және қысқы жайылымдар мен су көздері жалпы меншікте болатын қазақ қоғамындағы шағын әлеуметтік топтардың бірлестігі деп тұжырымдауға болады.

Көшпелі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында қауымдардың өзара қарым-қатынастардағы жерді пайдалануға, жайылымдық жерлерді, су көздерін бөлуге және көші-қон бағыттарын анықтау жүйесіне қатысты мәселелерді реттейтін бұдан да жоғарғы деңгейдегі (рулық-тайпалық деңгейдегі) бірлестіктер болды. Бұл әлеуметтік жиынтықты қауымдардың қауымдастығы (ассоциация) немесе қауымдастықтар тобы деп атауға болады. Қауымдастық өз құрамына 20-дан 100-ге дейінгі шағын қауымды біріктіре отырып, оның көлемі ең алдымен мал жайылымының азықтандыру ауқымына, су көздерінің сапалық деңгейіне байланысты болды. Сондай-ақ, қауымдастықтар меншігіне жайылымдықтардың құнарлық-құнарсыздығына қарамай, сол қауымдастықтың тобын құрайтын барлық қауымның көшіп-қонып жүрген территориясы қамтылды [4, 99 б.].

Біздің пікірімізше, дәстүрлі қазақ қоғамында жерді жеке-дара пайдаланудың, иеленудің немесе қауымдық меншік ауқымындағы мәселеде халықтың ой-санасымен біте қайнасқан бір жақты көзқарас қалыптасқан деуге болады. Олай дейтініміз, қазақ ұғымында жер-бастапқы жаратылыстың бір бөлшегі ретінде саналғандықтан қасиетті деп есептелді. Сондықтан жерге байланысты аяқ-асты көзқарасқа, атап айтқанда, жердің қадір-қасиетін жете түсінбей, оны балағаттау, соққылау, таптап бүлдіру, себепсіз қазып, ластау әрекеттері халық тарапынан наразылыққа душар болып, тіпті оның ашу-ызасын туғызып отырған. Қазақтардың шамандық діни сезімі бойынша, олардың жерге деген көзқарасы ерекше болған. «Жер-Ана» деп, оны өмірдің, тіршіліктің алғашқы бастауы деп түсінген, оның құдіретіне бас иіп, табынып, тәубе етіп отырған. Ал, ислам дінінің қазақ арасында насихатталып, таралуы олардың жерге қатысты пікірін өзгерткен жоқ, осы кезден бастап жер - құдіреті күшті бір «Алланың» иелігінде, оны ол өз пенделеріне сыйға берген деген түсінік қалыптасты. Сондықтан, орныққан дәстүр негізінде көшпелі қауымның белгілі бір аймаққа қатысты құқықтық меншігі - сол территорияны иемдену қақындағы ежелден

қалыптасқан саналы іс-әрекет дағдысымен, құқығымен немесе бос жатқан жерді қайсысы бұрынырақ иемденіп, бұрынырақ қоныстанса, соның пайдалану иелігіне өтетін құқықтық ерекшелікпен анықталды. Сонымен, белгілі бір территорияны иелену жөніндегі ұжымдық сананың қазақ арасында тиянақты орныққаны соншалық, сол ру-тайпа қауымы ұрпақтарының ой-санасына мызғымыстай бекіп, орнығып, тіпті ауыз - екі әңгімелерге де арқау болған. Сондай-ақ, белгілі бір аймаққа бұрын барып қоныстанып, иемдену құқығы мен бұрынғы өткен ата-бабаларынан қалған мұра ретінде иелену үрдісі де, қазақ қоғамындағы тайпалық топтардың ұжымдық сана-сезімінде берік орныққанын байқауға болады. Мәселен, этнограф ғалымдар қазақтардың көшіп-қону жүйесінің маңыздылығын ерекше атап көрсетіп, олардың бей-берекет адасып көшіп жүретін алғашқы қауым тайпаларынан айырмашылығы жер мен көктей екенін баса көрсеткен.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Өзбекұлы С. Көшпелі қазақ өркениетіндегі құқық. - Алматы, Мектеп, 2002. – 224 б.
- 2 Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: (теориялық мәселелері, тарихи тағлымы). - Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 192 б.
- 3 Зиманов С.З. Общественный строй казахов в первой половине XIX века. - Алма-Ата. - 1958. - 296 с.
- 4 Өсерұлы Н. Қазақтың үкім-кесімдері. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 99 б.

Резюме

В 80-х годах XVII в. походы жонгаров на казахские земли возобновились, они стремились овладеть Южным Казахстаном и торговыми городами на Сырдарье, а также территорией, по которой проходили важные караванные пути. Хунтайши Галдан в 1681-1685 гг. совершил несколько набегов на Южный Казахстан, в результате которых был разрушен город Сайрам.

Summary

In the eighties 17th century campaigns of zhongar on the Kazakh lands have renewed, they sought to seize the Southern Kazakhstan and the trade cities on the Syrdarya and also the territory across which there passed important caravan tracks. Huntaysha Galdan in 1681-1685 has made several attacks to the Southern Kazakhstan as a result of which the city to Sairam has been destroyed.

Тұрсын Ә.
Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң
академиясының 1-курс магистранты
ғылыми жетекшісі:
з.ғ.к., доцент Терликбаев К.Т.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аталған мақалада кәмелетке толмағандар үшін қылмыстық жауаптылық ерекшеліктері кеңінен қарастырылған.

Кілт сөздер: кәмелетке толмағандар, жауаптылық, жаза, жауаптылық ерекшеліктері.

Қолданылып жүрген қылмыстық заңда кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы туралы арнайы бөлім көзделген. Ізгілік қағидасына негізделген осындай тәжірибе қазіргі заманда әлемде қолданылып БҰҰ мақұлдаған қылмыстық заңдылыққа сәйкес келеді.

Арнайы бөлімнің кіргізілуі қылмыстық құқық және қылмыстық-процестік құқығының нормаларын да сәйкестендіреді. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінде «Кәмелетке толмағандардың істері бойынша іс жүргізу» атты тараудың бар екендігі және бұл тарауға кәмелетке толмағандарға қатысты барлық іс жүргізу әрекеттері жинақталғандығы белгілі. 2015 жылы күшіне енген Қылмыстық Кодекстің кәмелетке толмағандардың тұлғасын айқындағаны да анық.

Қылмыстық кодекстің 84-бабының 1-бөліміне сәйкес кәмелетке толмағандар деп қылмыс жасаған кезге қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады. Ресейдің, Австрияның, Германияның, Жапонияның қылмыстық заңдарында да осылай көрсетілген. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы Францияның қылмыстық кодексінде – 13, Нидерланд, Португалия елдерінде – 12, Жаңа Зеландияда – 10, Ирландия құқығында – 7 жас деп көрсеткен. Он төрт жастан төменгілерді қалай атау керектігін қылмыстық заң көрсетпеген, тек сегіз жасқа толмаған балаларға ғана біз «жас балалар терминін қолданыла аламыз, бұл туралы заңда нақты сілтеме болмаса да жас балалар терминін біз ҚК (74 бап, 1 бөлім) сүйеніп нақты айта аламыз [4].

Қылмыстық кодекске кәмелетке толмағандар жайлы жаңа тарауды кіргізу, ересектер үшін қолданылатын нормаларды кәмелетке толмағандарға қолдануға кедергі жасамайды. Мысалы, жазаны қылмыстар мен үкімдер жиынтығы бойынша тағайындау, бас бостандығынан айырудың ең төменгі мерзімдері және т.б. Бұрын сонды біздің заңдылыққа белгісіз жаңалық ол сот және тергеу органдарына қылмыстық жауаптылық жасына жеткен, бірақ психикасының бұзылуына байланысты емес, психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысты жасау кезінде өзінің іс әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық көлемінде түсіне алмаған кәмелетке толмаған адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тартпау құқығы болып отыр (15 бап, 3 бөлім).

Заңға бұл маңызды ережені кіргізу арқылы, көп жылғы, шектелген есі дұрыстық жайлы теориялық даулар шешімін тапқан сияқты. Қабылданған заң кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының алдын алу жұмысындағы жаңа стратегиялық бағытты қайта жандандырып отыр, яғни алдымен тәрбиелеу, емдеу, әлеуметтік қамсыздандыру және содан кейін ғана қылмыстық жазалау.

Кәмелетке толмағандардың жауаптылығының ерекшеліктерін дербес тарауға бөліп шығару, осы тұлғаларға қатысты қылмыстық жауаптылық деп аталған баптың ерекшеліктеріне сәйкес тағайындалады деп түсінуге болады. ҚК осындай ерекше ережелерді кіргізу осы жас категориясындағы, тұлғалардың әлеуметтік психологиялық ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Он төрт, он алты жас аралығындағы кәмелетке толмағандарда бір жағынан ұстамдылық, дербестік пайда болып, өзін өзі игеруге әлеуметтенудің салыстырмалы түрде жоғары деңгейіне қол жеткізсе, екінші жағынан қоғамдағы өзінің орнын түсіну, оқу орындарда оқуын бітіру, ары қарай жалғастыру арқылы тұлғаның әлеуметтенуі жалғаса береді.

Осы жастағы адамдар үшін ойлаудың тым үзілді-кесілділігі, қызбалылық, ұшқалақтылық, жағдайды қажетті деңгейде барлығын ескеріп бағалауға дәрменсіздік тән. Бұл жастық ерекшеліктер кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығына, қылмыстық жауапкершіліктің жалпы ережелеріне қарағанда ерекшеліктер мен толықтыруларды кіргізуге себепші болды.

«Қылмыс үшін әрқашанда жаза» - бұл қағида әрқашанда сақталуы шарт. Әр қылмыстық әрекетке қарсы, қылмыстық кодексте көзделген шара бар. Кейде «қауіп қатер бар әрине, сонда да тәуекел»- деп ойлайтын жасөспірімдер заңға қайшы әрекет жасайды. Бірақ қылмыскер жазадан қанша жалтарып, қандай айла жасаса да қылмыс бәрібір де ашылады. Құқыққа қайшы ешқандай әрекет, ешбір қылмыскер жасырынып назардан тыс қалмауы керек – бұл біздің қоғамның, заманның талабы екендігі белгілі.

Жазаның болмай қоймайтындығы қағидасын, тек құқық бұзушылармен күресуде ғана емес, сондай ақ заңға құрметпен қарауды тәрбиелеу, заңдылықты сақтау және адамдарда құқықтық ережені сақтау әдетін тәрбиелеуде қолданудың маңызы зор.

Жасалған құқық бұзушылық үшін ең бірінші құқық бұзушының өзі жауап береді, ол ең бірінші болып жазаны, оның ауырлығын көтереді.

ҚК 15 бабының 2 тармағы қарастырған қылмыстар үшін қылмыстылық жауапкершілік 14 жастан басталады, ол толық және кәмелетке толмағандардың қылмыстылық жауапкершілігі туралы сұрақтарды шешкенде тергеу органдары және соттар үшін міндетті болып табылады. Сонымен қатар қылмыстық жауапкершілік он алты жастан басталатын қылмыстарда, қылмыстық жауапкершілік он төрт жастан басталатын қылмыстардың элементтерінің болуы ықтималдылығын ескермей кетпеуге болмайды. Мысалға: бандитизм үшін (268 бап) қылмыстық жауаптылық он алты жастан басталады. Бірақ бандитизм күрделі қылмыс бола тұрып, ұрлау, тонау, қарақшылық, адам өлтіру сияқты қылмыстарды да қамтуы мүмкін. Бандитизм шабуылға қатысқан он төрт жасқа толған жасөспірімдер сәйкесінше басқа аталған қылмыстар үшін жауаптылыққа тартылып, бірақ бандитизм үшін жауапкершілікке тартылмайды. Тап осындай жағдай жасөспірімдердің қылмыстылығы туралы мәселені басқа қылмыстар жөнінде қарастырғанда болуы мүмкін, мысалы жаппай тәртіпсіздіктерге қатысу (272 бап), тонауды (191 бап), бұзақылықты (293 бап), және тағылықты (294 бап) қамтуы мүмкін. Кәмелетке толмағандардың әрекеттері сәйкесінше тек ҚК 191, 293, 294 баптары бойынша ғана сараланады [4].

Қылмыстық жауаптылық он алты жастан басталатын және ҚК 15 б. 2 бөлімінде айтылған қылмыстардың элементтерін қамтымайтын қоғамға қауіпті әрекетер жасалғанда, он алты жасқа толмаған кәмелетке толмағандар қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Оларға он төрт жасқа толмаған жасөспірімдерге қолданылатын тәрбиелеу шаралары секілді, шаралар қолданады.

Кәмелетке толмағандар өкінішке орай, көптеген жағдайларда өздерінің қай жастан және қандай қылмыстар үшін тартылатындағын білмейді. Солай, мысалы, Алматы жасөспірімдердің істері жөніндегі инспекциясының Алматы қаласының мектептерінде жүргізген сұрауларының нәтижесінде мектеп оқушыларының 50 пайызы бұзақылықты жай тентектіктен ажырата алмайтындығы анықталды. «Сен

әкеңнің автокөлігін рұқсатсыз мініп кетіп жол бойында, жол жүру ережесін өрескел бұзудың, бұл қандай әрекетке жатады - деген сұраққа жауап берушілердің 70 пайызы тентектік деп жауап берген. Ресейдің статистикалық мәліметтеріне сүйенсек кәмелетке толмағандардың отыз пайызы қылмыстық жауаптылық тек он сегіз жастан басталады деп есептеген. Он алты- он жеті жастағы жасөспірімдер, өздерінің жасында ұрлау, бұзақылық, денеге жарақат салғандығы үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды деп ойлаған. Басқа зерттеулерге сәйкес орта білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары қылмыстық жауаптылық барлық қылмыстар үшін он алты жастан басталады деген сенімде болған [5,48б.].

Сонымен неге кәмелетке толмағандар қылмыстардың кейбіреуі үшін қылмыстық жауапкершілікке тек он алты жастан тартылып, кейбіреулері үшін он төрт жастан тартылады? Қылмыстық жауапкершіліктің жасының шектерін тағайындаған кезде заң шығарушы көптеген жағдайларға назар аударған, бірақ кәмелетке толмағандардың психологиялық ерекшеліктеріне, яғни нақты бір қылмыстың түрін құрайтын қоғамға қауіпті әрекеттерді түсініп, сезіну мүмкіншілігі мен қабілеттілігі деңгейіне шешуші мән беріліп отыр. Соған сәйкес кәмелетке толмағандардың басым көпшілігіне тән, ой өрісі мен ерік жігері назарға алынады. Кәмелетке толмағандардың сол немесе басқа жас топтарының күнделікті әрекеті мен жүріс тұрысында, олардың психикалық жетілмегендігі байқалып қалады. Бірақ бұл жағдай қылмыс секілді аса қатыгез әрекеттерді жасағанда қылмыстық жауаптылықты жоққа шығармайды.

Кәмелетке толмағандар қоғамдағы тәртіп нормаларын таңдауға, естияр түрде әрекет етуге сана сезімі толық жетеді. Осы жағдаймен қылмыстық жауапкершіліктің, мысалға он жастан емес, тек он алты жастан, ал кейбір қылмыстар үшін он төрт жастан басталатындығы түсіндіріледі.

Занда көрсетілген жасқа жету - кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігінің міндетті белгілерінің бірі болғандықтан, кәмелетке толмағанның қылмыс жасаған кездегі жасын дәл анықтау міндетті болып табылады. 1986 жыл 19 желтоқсанында шығарылған Қазақстан Республикасының Жоғары соты Пленумының «Кәмелетке толмағандардың қылмыстары және оларды қылмыстық және басқа да қоғамға қарсы іс-әрекеттерге тарту жайлы сот тәжірибесі туралы қаулысында, кәмелетке томағандар жасаған қылмыстар жайлы істерді қарастырған кезде, сот кәмелетке томағанның дәл жасын (күнін, айын, жылын) анықтауға шаралар қолдануы тиіс. Кәмелетке толмағанның тұлғасы яғни оның тәрбиеленуі, білім алуы жайлы анағұрлым толық мағлұмат алу үшін, соттарға сот отырысына кәмелетке толмағанның заңды өкілдерін, еңбек ұжымдарының мүшелерін, жұмыс, оқу, тұрғын орындарындағы қауымдастықтардың, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссия мен инспекциялар өкілдерін, ал қажет болған жағдайларда ата-анасының еңбек ұжымдарының, және жұмыс орындарындағы қауымдастық өкілдерін шақыру қажет. -делінген [6].

Қылмыстарды тергеу және қылмыстық істерді қарау кезінде қылмыстық жауапкершілікке тартылған немес тартылып жатқан кәмелетке томағанның жасын анықтау міндеті тергеу, прокуратура және соттарға жүктеледі. 1986 жыл 19 желтоқсанында шығарылған Қазақстан Республикасының Жоғары соты Пленумының «Кәмелетке толмағандардың қылмыстары және оларды қылмыстық және басқа да қоғамға қарсы іс-әрекеттерге тарту жайлы сот тәжірибесі туралы қаулысында, осы санаттағы істер бойынша алдын-ала тергеудің сапасына деген талаптарды көтеруге ұсыныс жасаған. Егер қылмыс үстірт тергеліп, істің дұрыс шешілуіне қажетті мән жайлар анықталмаса (кәмелетке толмағанның дәл жасы, өмір сүру және тәрбиелену ерекшеліктері, ересек азғырушылар мен ортақ қатысушылардың бар-жоқтығы, қылмыс жасалуының алдын алған жағдайлар мен себептер) және бұл кемшіліктерді сот талқысы кезінде жоюға мүмкіндік болмаса, осындай істер қайта тергеуге

жіберілуі тиіс, - деп атап көрсетілген Қазақстан Республикасының Жоғары соты Пленумының «Кәмелетке толмағандардың қылмыстары және оларды қылмыстық және басқа да қоғамға қарсы іс-әрекеттерге тарту жайлы сот тәжірибесі туралы қаулысы [6].

Кәмелетке толмаған адамның жасы көбінесе құжаттар бойынша анықталады. Мысалы: азматтық хал жағдай актілерінен көшірмелер, жеке күәлік, және т.б. Тұлға белгілі бір жасқа туған күнінен кейінгі күннің ноль сағатында толды деп есептеледі.

Кәмелетке толмағанның жасы жайлы ешқандай мәлімет, құжат жоқ болып шықса, тергеу органдары немесе сот, кәмелетке толмағанның жасын анықтау үшін сот-медициналық сараптама тағайындауға міндетті. Тұлға белгілі бір жасқа туған күнінде емес, келесі күні толды деп есептеледі. Егер кәмелетке толмағанның жасын сот медициналық сараптама тағайындаса, кәмелетке толмағанның туған күнін аталған жылдың ең соңғы күні деп есептеу керек (яғни 31 желтоқсан), ал жастың ең аз және ең көп мөлшерін анықтаған кезде, сараптама атаған жылдың ең аз мөлшерін алу керек.

Сонымен сот жазаны тағайындау кезінде кәмелетке толмағанның қылмыс жасау ниетін, қылмыс жасағаннан кейінгі тәртібін назарға алып, оған алдында тәрбиелік мәні бар мәжбүрлеу шараларының қолданған, қолданбағандығын ескеріп, кәмелетке толмағанға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын сот отырысы үстінде судья кәмелетке толмағанды қылмыстық жауапкершіліктен босату туралы қаулы шығарып, кәмелетке толмағанға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын қолданады.

Егер сот кәмелетке толмағанға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларының бірнешеуін, бір мезгілде қолдану, түзеу мақсатына жету үшін ең нәтижелі деп тапса, бір адамға бірнеше тәрбиелік ықпалы бар шаралар қолдануы мүмкін [7,52].

Тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларының барлығы да тәрбиелік әсер етумен, яғни кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыстарды жасаған кәмелетке толмағанға қылмыстық жауапкершілікті қолданбай, педагогикалық мәжбүрлеу шараларын қолданумен байланысты. Оларды қолдану кезінде, кәмелетке толмағанға өзі жасаған әрекеттерінің ерсілігін, қоғамға қауіптілігін түсіндіру, санасына жеткізу жолымен ықпал жасалады. Яғни, түзеу мақсатына қылмыстық жауапкершілікке тартпай-ақ қол жеткізіледі.

Сонымен, аталған шаралар мазмұны бойынша - тәрбиелік, ал орындалу сипаты бойынша – мәжбүрлі.

Е.И. Қайыржанов қылмыстық жауаптылықты екі негізге бөліп көрсетуді қолдайды: субъективті және объективті. Субъективті негіздің мәні, оның – адамның еркімен байланыстылығында, саналы түрде шешім қабылдауында және осы шешімдерге байланысты адамда белгілі бір жауаптылықтың болуында. Объективті негіздің мәні – адамның әрекетіне қылмыс құрамының барлық белгілері бар нақты бір әрекеттің (әрекетсіздіктің) жасалуында [8,85].

ҚК 15 бабында көрсетілген жасқа жетпеген кәмелетке толмағанмен бірігіп жасалған қылмыс, топпен жасалды деп саралануы тиіс емес, себебі бұл жағдайда кәмелетке толмаған адам қылмыс субъектісі болып табылмайды. Аталған жағдайда ересек адам қылмысқа қатысу нысанына қарамастан тікелей орнындаушы болып табылады және ҚК кәмелетке толмағанды қылмыстық әрекетке тарту бабы бойынша жауапқа тартылады. Кәмелетке толмағанды қылмыстық әрекетке тарту, кәмелетке толмаған адамның ересектің ықпалы бойынша қылмысқа дайындала бастаған кезден бастап аяқталады. Ересек адамның әрекеттері болса кәмелетке толмағанды қылмыстық әрекетке тартуға оқталу деп саралануы тиіс.

Ересектермен бірге жасалған қылмыстарды қарастырған кезде, кәмелетке толмағанның ересектер арасындағы қатынастарды мұқият тексеру қажет, бұл мәлімет ересектің әрекеттерін толық анықтауға мүмкіндік береді.

Егер кәмелетке толмаған адамның қылмысын ересектердің, солардың ішінде жәбірленуші болып танылған ересектердің, құқыққа қайшы, азғырушы әрекеттері алдын алса, сот осы мән жайларды кінәлінің жауапкершілігін жеңілдететін жағдай ретінде қарастыруға құқылы.

Қылмыстық кодексте кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігінің ерекшеліктері жеке бөлімге дараланғанымен, қылмыстық кодекстің жалпы бөлімінің нормаларының бірі кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігін арнайы реттесе, бірі кәмелетке толмағандардың жауапкершілігін қамтып кетеді. Оған дәлел ретінде қылмыстық кодекстің жалпы бөлімінің кейбір нормаларын келтіре аламыз. Мысалға: он сегіз жасқа толмаған адамның жасаған қылмысы үшін соттылығы, сондай ақ Қылмыстық кодексте белгіленген тәртіп бойынша алынып тасталған немесе жойылған соттылық қылмыстың қайталануы кезінде ескерілмейтіндігі, Қылмыстық жауапкершілік басталатын жас шамасы жалпы және арнайы кейбір қылмыстар үшін көзделген, кәмелетке толмағандық жаза тағайындау кезінде жеңілдететін жағдай ретінде ескеріледі. Яғни құқық қорғау органдарының кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы жайлы мәселелерді шешкенде, қылмыстық кодекстің жалпы бөлімінің тек алтыншы бөлімін емес, жалпы бөлімнің басқа да нормаларын қолдануы тиіс деген ой қорытындыға келеміз.

Аталып кеткен Қылмыстық кодекстің жалпы бөлімінің нормалары кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы атты бөлімінің нормаларымен, сәйкес келіп жатқан жағдайда, арнайы бөлімнің ережелері қолданылуы тиіс. Оның себебі бұл ережелер ересектерге қолданылатын нормаларға қарағанда, кәмелетке толмағандардың жағдайын жеңілдетіп, олардың қылмыстық жауаптылықтан, соттылықтан тез арылып күнделікті өмірге қайтып оралуына тікелей әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 03 шілде 2014жылғы № 226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 17.01.2016 г.), (Интернет-ресурс).

2 С.В.Полубинская. Цели уголовного наказания. М., Наука. 1990, с. 48.

3 Қазақстан Республикасының Жоғары соты Пленумының «Кәмелетке толмағандардың қылмыстары және оларды қылмыстық және басқа да қоғамға қарсы іс-әрекеттерге тарту жайлы сот тәжірибесі туралы» Қаулысы// 1986 жыл 19 желтоқсан

4 Познышев С.В. Основы начала науки уголовного права. М, 1999 с. 52.

5 Каиржанов Е.И Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. Алматы, 1998, с. 258.

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности уголовной ответственности несовершеннолетних.

Summary

This article examines the specifics of the criminal liability of minors.

**К 75 летию
Ректора Евразийской юридической Академии
им. Д.А.Кунаева, профессора Жалаури О.К.**

Родившись в веке двадцатом
Как верный сын страны своей
Служил ты верой и правдой ей.
Трудился везде с размахом,
Был солдатом и депутатом.
И к юбилею своему
С отличным пришел результатом.

В наступившем новом веке
Страна выбрала свой путь
Путь, ведущий к идеалам
Подлинной независимости,
Свободы и справедливости.

И ты умудренный юрист
Нашел достойное место
В жизни нового Казахстана.
Ты создал университет,
А теперь академию,
Известную в стране,
Как один из лучших вузов,
Как кузница специалистов
Юристов и финансистов,
Без которых нет в мире
Рыночной экономики
И уважения к законам.

Омрали! Тебя баловала судьба,
Ты не только успешный ректор,
Но и юриспруденции доктор.
Ты в составе президентского Совета,
Где зреет правовая политика.
В правовой жизни страны
Есть и твой заметный след.
Нет сомнения: твой вклад
В успехах её будущих
Будет весом и впредь.

Маяковский в свое время говорил:
«Юноше, думающему делать бы жизнь с кого
Я советую: делай ее с товарища Дзержинского».

Вот мой совет нашим студентам:
Чтоб стать гражданином достойным
И служить верно своей стране
Стройте жизнь и свою карьеру
Как наш ректор профессор Жалаири.
Следуйте прекрасному примеру.

Проф. Кудайбергенов У.Д.

*Посвящение
профессору Айтхожину Кабдулсамиху Кошековичу*

Как доктор наук юридических
Как педагог, наставник, лектор
Ты трудов благородных образцы дал
Достойно и ярко себя показал.

Нам известно немало «докторов»
Получивших такое звание
Не за терзания творческих мук
А за ловкость нечистых рук.

Ты не таков. Хорошо знаем мы
Вечным ценностям верен ты:
Порядочности и трудолюбию.
Потому стал ученым высшей пробы.

Как умудренный правовед
И авторитетный эксперт
По конституционным законам
Немало также у тебя побед.

Тобой может гордиться вся страна
А наша Академия – тем более.
Поскольку ты, ясно всем, по праву
Составляешь ее честь и славу.

Хотя внешне достаточно суров
В обхождении Кабдул очень мил.
Коллегам помочь он всегда готов
По зову высших душевных сил.

Я верю: недалек тот день
Когда поздравлять мы будем
Сердечно нашего Кабдула
Званием почетным «Академик».

*Проф. Кудайбергенов У.Д.
Март 2018 г.*

Ғылыми журнал

**ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОЙ ЮРИДИЧЕСКОЙ АКАДЕМИИ
ИМЕНИ Д.А. КУНАЕВА
№ 2(65), 2018г.**

Научный журнал



Подписано в печать 09.06.2018г. Формат 60x84 ^{1/8}.
Печать цифровая. Бумага офсетная. Усл. печ. л. 37. Тираж 500 экз. Заказ № 000238.



Адрес издательства:
г. Алматы, ул. Ади Шарипова 120
+7 (777) 214-02-50, +7 (707) 214-02-50
almaprintmaster@gmail.com